

ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

«Бірінді, қазақ,
бірін дос,
Көрмесен,
істің бәрі бос!»



№18 (3963), 9 мамыр, 2025 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebieti.kz

«БҮГІННІҢ ҚАСІРЕТІ ФИЛОСОФИЯДАН ҮСТЕМ»

Қазақ поэзиясына өзіндік өрнегімен түрен салған Мейірхан Ақдәулетұлының мерейлі жасқа толуына орай, ақынның «Жел өтіндегі тағдыр» кітабынан алынған мәдениет пен руханият хақындағы толғамды мақаласын, жыр топтамасын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

1. Жалпы мәдениеттің және қазіргі мәдениеттің сіздіңше анықтамасы?

2. Сіздіңше, классикалық мәдениеттің бүгінгі мәдениеттегі ықпалы мен үлесі қаншалықты дәрежеде? (Оның идеалдық деңгейі және дамыған елдердегі нақты ахуалы)

3. Қазақстанның қазіргі мәдениетінде қазақтың классикалық мәдениетінің нысыпысы бар ма? Бар болса, қандай кепте және оның перспективасы? Жоқ болса, неліктен және оның қатысуы, бар болуы шарт па?

1. «Мәдениет» деген ұғым жұмырбасты пенденің барлығына белгілі болғанымен мәдениет туралы түсінік бір арнада тоғыса алмайды. Себебі әлемдік философия бір-бір «сынығын» иемденіп алып, «шындық» деп дәлелдеп жүрген, «кіндігін Алла ғана» кескен ақиқаттың төрт құбыласы түгел пошымын ешкім де әспеттеп бере алмайды. Абайша айтсақ, «Алла деген сөз жеңіл». Сөз ғана. Ал Гегеге сүйенсек, ой-санасы қортық кісі Құдайды да қортық бейнеде ғана сезіне алады. Бұл — бір.

Екіншіден, мәдениет — адамның ұлттың, нәсілдің ішкі жан дүниесінің «үлі мен ыңылының», бояулар мен сұлбалар полифониясының «сыртқа шығуы», «көрініс беруі». Діл мен дүниетанымның, Асқар Сүлейменовше айтсақ, «құлыны». Бұл екеуін тарихи тағдыр, наным, яғни дін мен діни моральдан көктеп шығатын философия, кан, яғни «хромосомдар мінезі», тірінің анасы — табиғи орта, Гумилевше

бояуын сұйылтып айтсақ, «ландшафт», ал Қазтуғанша келсек, «анамыз біздің Бозтуған келін болып түскен», «атамыз біздің бұ Сүйініш күйеу болып барған», «кіндігімді кескен», «кір-қонымды жуған»... Жұрт, «Кел, балалар оқылықпен» жүзеге аса қоймайтын рухани білік пен саналық білім... үнемі тәрбиелеп, үздіксіз толықтырып, «қиынға салып сынап» отыратыны белгілі.

Ұлт, нәсіл түгілі «бір биеден ала да, құла да туатынын» ескерсек, діл мен дүниетаным, оның өз «құлыны» — мәдениет ұлтқа, нәсілге тартып тумағанда қайтеді?

Менің англосакса, жойыт пен зұлысқа ұқсағым келсе де, ұқсай алмайтын бақытым сияқты, мәдениеттер бір-біріне ұқсамайды. «Дамыған әлем» кеңірегімен ғана қарағысы келетін «кіші мәдениеттер» де адамзат мәдениеті кемпіркосағының бір тіні. Түбі сол «тіндердің» қайсысы қайырлы боларын, ұятсыз болмаса, ешбір данышпан айта алмайды. Ал жалпы әлем мәдениетінің үйлесім табуы «әлсізді күшті жейді» принципіне емес, «Жаратушының алдында пенденің бәрі тең» принципіне ғана мойынсұнатын «рухани тең құқықтылық» арқылы жүзеге асса керек-ті. Қазіргі мазасыз әлемде, асығыс әлемде бұл қалай жүзеге асып отыр, ол — басқа әңгіме. Тек «асыққан — сайтанның ісі» екенін айта кеткің келеді. Ал мәдениеттің (жалпы, қазіргі) сипаттамасы кез келген энциклопедияда бар. Меніңше, оны әңгіме қылудың аса қажеті де жоқ секілді.

● 10-бет



ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ,
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЛАШ», «ТҮРКСОЙ» СЫЙЛЫҚТАРЫНЫҢ ИЕГЕРІ,
«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ, АҚЫН

**МЕЙІРХАН АҚДӘУЛЕТҰЛЫ
МЕРЕЙЛІ 75 ЖАСТА**

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН, «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ГАЗЕТІНЕ KASPI GOLD ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ



«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ – ОҚЫРМАН. ОҚЫРМАННЫҢ СҮЙІП ОҚИТЫН ГАЗЕТІ – «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»



Баспасөз-2025

«Казпошта» АҚ бойынша

«Евразия пресс» ЖШС бойынша

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін – **15353**

Жеке жазылушыларға:
Қалаларда:
1 айға – 721,21 т.
3 айға – 2 163,63 т.
6 айға – 4 327,26 т.
12 айға – 8 654,52 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға – 721,21 т.
3 айға – 2 163,63 т.
6 айға – 4 327,26 т.
12 айға – 8 654,52 т.

Кәсіпорындар мен ұйымдарға:
Қалаларда:
1 айға – 1 672,02 т.
3 айға – 5 016,06 т.
6 айға – 10 032,12 т.
12 айға – 20 064,24 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға – 1 416,21 т.
3 айға – 4 248,63 т.
6 айға – 8 497,26 т.
12 айға – 16 994,52 т.

Жеке жазылушылар үшін:
1 айға – 746 теңге. 3 айға – 2238 теңге
6 айға – 4476 теңге. 12 айға – 8952 теңге

Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:
1 айға – 1441 теңге. 3 айға – 4323 теңге
6 айға – 8646 теңге. 12 айға – 17292 теңге



«СОҒЫС ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК» КІТАБЫНЫҢ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ ӨТТІ

Алматыдағы Ұлттық кітапханада төрт тілде басылып шыққан «1812 жыл: Соғыс және Бейбітшілік (Қазақы нұсқа)» трилогиясының тұсаукесері өтті.

Жиынды құттықтау сөзімен ашқан Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы, жазушы Мереке Құлқенов аталған кітаптың құндылығына тоқталды. Таныстырылымды Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасының орынбасары, ақын Ғалым Қалибекұлы жүргізіп отырды. Шарада сөз алған Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасының орынбасары, ақын Қасымхан Бегманов, жазушылар Талғат Айтбайұлы, Көлбай Адырбекұлы, Жұмабай Құлиев, Болатбек Төлепберген, ақын Болат Шарахымбайлар т.б. туынды турасындағы ойларын ортаға салды.

Шара соңында сөз алған атыраулық жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Жалғасқали Дұтмағанбетов «1812 жыл: Соғыс және Бейбітшілік (Қазақы нұсқа)» трилогиясының жазылу барысы турасында айтып берді. «Біз Наполеонның әскерін өкшелеп қуып, Парижде дейін барған орыс әскерінің құрамында шайқасқан қазақтар ерекше ерлік жасағанын француз тарихшыларының айтуы бойынша білдік. Кітапта екі жүз жылдық

тағдырымыз нақты дерек көздеріне сүйене отырып баяндалды. Архивтік материалдар пайдаланылды» – деді ол.

Бір қызығы, бұл соғысқа автордың бабалары қатысқан. Бір бабасы Франциядан жалғыз қайтпай, Француз қызы Мишель деген сұлуды ала қайтады. Өкініштісі, ол туыт үстінде көз жұмады. Өмірге ұл келеді, ол өседі, ұрпақ ұластырады. Бүгінде француздың жиеншарлары Атырауда біршама. Солардың бойындағы кан үзілмей, арада әлденеше ұрпақ өтсе де, беттері ақ сары, көздері көк болып келеді екен. Кітапта фотосуреттер де берілген. Соның бірі – Құлсарыдағы Мишельдің бейітінің суреті.

Қазақ тарихында ашық айтылмай келе жатқан ақтандақтар аз емес. Бір әулеттің бұрынғысы мен бүгінгісі үзілмей, жатық тілмен астаса жалғасып жеткізіледі. Әсіре бояудан аулақ үш том автордың өз қаржыландыруы бойынша аз таралыммен ғана «Тоғанай Т» баспасынан жарық көрді. Тағы бір ерекшелігі, қазақша нұсқасы танымал кәсіби аудармашылардың арқасында орыс, ағылшын және француз тілдерінде де басылып шықты. Аударма сапасына ерекше мән берген автор Абылайхан атындағы Әлем тілдері университетінің ұстаздар ұжымымен берік байланыста болып, аудармашылармен де шығармашылық тұрғыда жұмыс істеген. Жаз айында кітаптың Франция елінде француз тіліндегі нұсқасының таныстырылымы болмақ екен.

Салтанат ӘБДІҒАЛИ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ФОТОШЕЖІРЕСІ

«Қазақ әдебиеті: фотошежіре» фотоальбомының екінші бөлімі жарық көріп, жұртшылыққа таныстырылды. Тағылымды жиынды Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архивінің директоры Ілияс Ысқақов ашып беріп, Журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев жүргізіп отырды. Фотоальбомға 1980–2020 жылдар аралығын қамтитын құнды құжаттар енгізілген. Шара барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ж.Түймебаев, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Б.Жақып, журналист В.Жаңдәулетов, кітап авторы және құрастырушысы Ж. Омаров сөз сөйлеп, еңбектің маңызына тоқталып өтті.

ҚҰН ЖЕТПЕС ҚАЗЫНА

«Жан-жағындағының бәрін жамырата сөйлетіп, жадырата күлдіріп Сәбит Мұқанов, ыңырана амаңдасып, ырғала басып Ғабит Мүсірепов, Асан қайғының азасына барып, бата оқып келе жатқандай аһылап-уһілеп күңірене күрсініп Әлжаппар Әбішев, таяғының әр тықылынан тас баспадақтың өзін жауыр аттың жонарқасындай дір-дір тітіретіп Әбділда Тәжібаев, қауқылдай сөйлеп, қарқылдай күліп Тахауи Ахтанов, парадтағы гаубицадай қаралай-ақ зәреңді зәр түбіне кетіріп Бауыржан Момышұлы... осылардың әр кіріп-шыққаны бір-бір спектакльге бергісіз қыран-топан қызықты оқиғалар еді», – Әбіш Кекілбаевтың осы сөйлемін оқысаңыз, жиырмасыншы ғасырдың сексенінші жылдары, қазіргі Абылай хан даңғылының дәл белінен, айналайын Алматының қақ ортасынан ойып тұрып орын алған Қазақстан Жазушыларының үйі, қазақ көркем сөзінің қан базары қайнап жататын сол қасиетті шаңырақ көз алдыңызға көлбеңдей қалады.

Сол кара шаңырақтың төріндегі, төңірегіндегі таланттының да, талаптының да қай-қайсысы құрметке лайықты. Олардың бәрі де ортақ іске, халқының абыройын асыруға хал-кадерінше үлес қосып, сонау бір қилы кезеңде туған тілдің бай бояуымен, сөлімен, сұлулығымен сақталуына қол жеткізді, ал бұл түптің түбінде елдіктің сақталуына алып келді, елдіктің сақталуы тәуелсіздікке бастады.

Расында да, ойлап қарайықшы. Қазақшаның барар жері әрі дегенде ауылдық кеңестен, орта мектептен аса қоймайтын, басқа жердің бәріндегі – кеңшардағы, ұжымшардағы, аупарткомдағы, ауаткомдағы, облпарткомдағы, облауаткомдағы, облкәсіпкомдағы, милициядағы, соттағы, прокуратурадағы, министрліктегі, Үкіметтегі, Жоғарғы Кеңестегі, Орталық комитеттегі қызметкер біткен аузын ашса орысша сөйлейтін, қолына қалам ұстаса орысша жазатын, Алматыда жалғыз қазақ мектебі, жалғыз қазақ интернаты болған сол кезеңде қазақ тілі қалайша сақталып қалды? Сақталғаны былай тұрсын, жұрт неге қазақша әдеби шығармаларды жабыла оқып жатты? Кей романдардың таралымы 50–60 мың данаға қалай жетті, «Жұлдыз» журналының таралымы 200 мың данадан қалай асып кетті? Кеңестік кезең үшін, бұл шын мәніндегі феномен болатын. Сонда осындай құбылыс қалай жасалды өзі? Бұл сұрақтың жауабы қарапайым: әдебиет мықты болды. Қазақ тілін уақыт билігі, саясат сойқаны қыса түскен сайын қазақтардың ана тілі үшін намыс оты қыза түсті. Өйткені халық «Абай жолы», «Қан мен тер» сынды әлемді шарлап кеткен шедеврлер қазақ тілінде жазылғанын көріп отырды, өзінің ана тіліне сеніп отырды. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры солай жасалды.

Сіз қолға ұстаған мына альбом қай халық үшін де құрметті саналатын, ал өнердің алды қызыл тіл деп білетін біздің қазақ үшін алабөтен кастерленетін қаламгер қауымға арналған. Танымал жазушы Сейітжан Омаровтың ұлы – белгілі қоғам қайраткері, биліктің қилы-қилы буындарында жауапты қызметтер атқарған абзал азамат, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанай Омаровтың мұнан бұрын «Қазақ әдебиеті: фотошежіре (бірінші бөлім). 1920–1970» атты жобасы жүзеге асып, жиырмасыншы ғасырдың кем қойғанда жартысында ғұмыр кешіп, саптыақтық сабынан қарауыл қараған қиын шақта сөз қашаған танымал тұлғалардың сирек те сырлы суреттері салынған айшықты альбом қолымызға тиген болатын. Міне, енді сол игі жұмыс жемісті жалғасын тауып отыр. Қоржынымызға орасан олжа қосылып отыр. Әдебиет қайраткерлерінің қымбат галереясы жасалып отыр. Сіз кезекті альбомнан өткен ғасырдың сексенінші жыл-

дарынан осы күндерге дейінгі әдеби өмірдің фотошежірін көре аласыз.

Бұл – құн жетпес қазына. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архивінің қорында туған әдебиетіміздің абыройын асырған асыл азаматтардың осыншалық суретінің сенімді сақталуы, олардың ұқыпты тізілуі, жүйемен түзілуі, техникалық тұрғыдан түзелуі, цифрлы пішімге ауыстырылуы, адамдардың аты-жөндерінің, фотоға түсірілген жердің, жылдың дәл анықталуы дегендей шаруалар айтуға ғана оңай. Архивке фото өткізген кісілердің бәрі бірдей сондағы адамдарды шетінен көзге тізіп жазып бере қоймайтыны, кей жағдайда суреттегілерді түгел жыға танымайтыны түсінікті жай. Сондай тұстарда Жанай Сейітжанұлының көптеген қаламгерлерге хабарласып, электронды поштасына, қалтафонына фото жіберіп, «Мына суреттегі бөлешенің оң жағындағы кісіні танысыз ба?» дегендей сауалды талай қойғанына, нақты жауап алмаған жағдайда басқаларға қайталай жүгінгеніне күмәніміз жоқ. Өйткені біз – Жанай досқа солай септескендердің санатынанбыз.

Міне, бас-аяғы екі жылға созылған бұл жоба да ойдағыдай аяқталып тұр. Сөз соңында жарыққа шыққалы жатқан жана альбомға сәттілік тілей отырып, мына жайды айтпақпыз. Әрине, әр ірі іс кем-кетіксіз болмайды. Осы жылдар ішіндегі әдеби ортаның фотошежіресін бір альбом тұтастай, толық қамти алмақ емес. Бұл тұрғыдан кей оқырманның өзі іздеген қаламгерлерді көңіліндегідей көп көре бермеуі, ал кей авторларды тіпті таппай да жатуы әбден мүмкін. Бірақ бұған Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архивінің қызметкерлерін де, осы жинақты құрастырушысын да жазғырудың жөні жоқ. Өйткені олар альбом суреттерін тек Орталық архивке ресімделіп өткізілген, тиісті тәртіппен тіркелген фотолардан ғана құрастыра алады. Архив жұмысының тәртібі, талабы, стандарты солай. Демек алдағы басылымда (уақыты келгенде осы альбомдардың үлкен бір том күйінде қайта шығатынына біз күмәнсіз-біз) қазақ әдебиетінің фотошежіресі барынша толыққанды жасалсын десек, қолымызда бар құнды жәдігерлерді аталған архивке тапсырып тұруды ескеруіміз жөн. Мұның өзі қаламгер қауымының еңбегін лайықты бағалауға, осы арқылы таланттарға деген дәстүрлі құрметті қалпына келтіруге сөзсіз септеседі.

Сауытбек АБДРАХМАНОВ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты,
филология ғылымдарының докторы

Жазушы, этнограф-ғалым Зейнолла Сәніктің 90 жылдығына орай, этнографиялық шығармаларға халықаралық әдеби байқау жарияланады



Байқаудың мақсаты – қазақ әдебиетіндегі этнографиялық әңгімелер мен өлеңдерге конкурс жариялау арқылы қаламгерлерге қолдау көрсету. Байқауды Қазақстан Жазушылар одағы мен Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қоры өткізеді.

Халықаралық байқауды өткізу мерзімі:

- өтінімдерді қабылдау 2025 жылдың 1 мамырынан 2025 жылдың 30 тамызына дейін;
- Жүлдегерлер 2025 жылы қазан айында өтетін Зейнолла Сәніктің 90 жылдығына арналған салтанатты кеште марапатталады

Байқау шарттары:

- байқауға Қазақстандағы жазушылар мен ақындар, шетелдегі қандас қаламгерлер де қатыса алады; Байқауға қатысушылардың жасына шек қойылмайды;
- шығармалар электрондық нұсқада Microsoft Word форматында (14 кегльде (шрифті), жол арасы 1 интервал, Times New Roman қарпімен) ұсынылуы қажет;
- шығармалар қазақ, орыс тілінде қабылданады;
- әңгіме желісінде ұлтымыздың этнографиясы қамтылуы міндетті;
- жинақтарда, мерзімді басылымдарда, сайттарда, әлеуметтік желілерде жарияланған, басқа байқауларға ұсынылған шығармалар қаралмайды;
- қолжазбалар Zeinollasanik@mail.ru электронды поштада қабылданады;
- байқауға қатысқандар шығармасын бұқаралық ақпарат құралдарында, жинақтарда және ғаламторда жариялауға рұқсат береді, қаламақы талап етпейді;
- байқауға келіп түскен шығармалардың ішінен іріктелген еңбектер жеке кітап болып басылып шығады.

Марапаттау:

- Ең үздік деп танылған шығарма авторлары «Зейнолла Сәнік атындағы сыйлықтың иегері» марапаты мен қаржылай сыйлыққа ие болады.
- Бірінші орын(екеу) – 1,5 миллион теңгеден.
- Екінші орын(біреу) – 1 миллион теңге.
- Үшінші орын(екеу) – 500 мың теңгеден
- Ынталандыру сыйлығы(үшеу) – 300 мың теңгеден.

Алдымен, алқалаған әлеуметке аймаңдай ақын болып танылып, ғажайып ғазалдарымен жыр көзесін ұсынған Амантай Шәріп ағамыз бүгіндері парасатты академик, әмбебап әдебиеттанушы, алғыр алаштанушы, жүйрік публицист, бұқаралық ақпарат құралдарын басқарған білікті басшы ретінде дүйім жұртқа белгілі. Біздің алдыңғы аталарымыз – академиктер С.Қирабаев, С.Қасқабасов, Ж.Әбділдин, К.Нұрпейісовтер алаш арыстарын ақтауға тас қамалды бұзып жол ашса, сол ағаларының соқпағын іркес-тіркес келе жатқан інілері іліп әкетіп жалғастыра кеткен. Дәл сол кезеңде балауса буын жас шәкірт болған, бүгіндері алды академик атанған Б.Омарұлы, Д.Қамзабек, Е.Тілешев, С. Аққұлыұлы секілді майталман ғалымдардың маңдайына қуғын-сүргін көрген алаш тұлғаларының, олардың қараңғы қоймаға батырылған мұрасын жарыққа шығару, еншілеу, еге болу нәсіп болыпты.

Зар заман ақыны М.Мөнкеұлы, С.Сәдуақасұлы, Ә.Бөкейхан, М.Жұмабаев шығармалары ғылым нысанына сәтті айналды. Ал Амантай Шәріп ағамыз түгел Түркістанның туын көтерген қайсар қайраткер Сұлтанбек Қожанұлының мұрасын жарыққа шығарды. 1994 жылы жарияланған «С.Қожанұлы – әдебиетші» деген еңбекте көрнекті қайраткердің түнекте жатқан құнды қазыналары алғаш рет жарыққа шығып, халқымен қауышты. Амантай Шәріпті әу бастан құрыш қаламға еге журналист десек, қаламын ұштап қайраған, ереуіл атқа мінгізген – қазақ журналистикасының киесі, темір тәртіп иесі Темірбек Қожакеев. Жас ғалым бұл еңбегінде архивтік құжаттар мен ескі баспасөз деректерін молынан пайдаланып, сол кезеңдегі қазақ әдебиетінің қалыптасу сипаты, әдеби сынның хал-ахуалы, поэзия, проза, драматургияның алғашқы үлгілері, әдеби-саяси тартыстар, ұлт зиялыларының ұстанған бағыттары, түрлі көзқарас байламдарына байыпты талдау жасайды. С.Қожанұлының қазақ әдебиетінің іргесін кеңітуге жол ашқан қайраткерлік қадамдары, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж. Аймауытов секілді көптеген тұлғалардың шығармашылығына жасаған қамқорлығы, заманмен бетпе-бет келген өткір публицистикасы, шешендік өнері, әлеуметтік ағартушылық бағыттағы өлеңдері, ақиқатты таразылаған әдеби танымдық толғамдары толық зерделенеді. Шындығын айтқанда, 1994 жылы мұндай дерек пен дәйекке толы С.Қожанұлы туралы еңбек жоқ еді, бұл ретте тарихшылардан гөрі әдебиетшілер ерте қамданып, алға озғанын айта кетуіміз керек. Түркістан халықтарының бірлік туын көтерген С.Қожанұлы рухының еліне оралуы, қасанданып тұмшаланған тарихи санамызға сілкініс жасаған құбылыс болды, ал бұл Амантай Жарылқасынұлының иығына ауыр салмақ, зор жауапкершілік жүктеген оқиға еді. Ғалым кейіннен «Қайраткердің қаламгерлігі» (1995), «Сұлтанбек Қожанұлының шығармалары» (2009), «Алтын арқау» (2009) секілді туындыларында бұл тақырыпты зер соққан ұстадай құлпыртып шындай түсті.

Жүрдек қалам иесінің «Қазақ поэзиясы және ұлттық идея» атты іргелі де күрделі еңбегі 2000 жылы мыңжылдықтар тоғысында жарқ ете қалды. Ғалымның монографиялық еңбегінде атажұрт, Отан идеясының көркем бейнеге, сырлы рәмізге, ұлттық кодқа айналу құбылысы сонау көне түрік заманынан арқау тартып, бүгінгі күнге дейінгі ұзақ мерзім қамтылады. Атамекен, атажұрт, Отан, туған жер қасиеті, яғни киелі жағырапиямыз туралы ұлттық сана, ұялы ұғым – дәл қазір де күн тәртібінен түспей тұрған өзекті мәселе. Ғалым «даламыздың, кең байтақ Отанымыздың тұтастығы қасиетті сипат алып санаға орнығуына бағзыдан бері дәстүрі үзілмей жалғасқан ақын-жыраулардың зерлі өлең-жырлары көмкерген көркем сурет, бірегей бітім-бейне қалыптауы негіз болған» деген түйінді уәж айтады. Сонау Орхон-Енисей жазбаларындағы көне түркілік «Көк аспан, кара жер», «Ыдық-Жер-су», «Өтүкен», «Ұмай ана», «Ергене-кон» аңыз-әпсанасы Қазақ хандығы заманында Жерұйық, Жиделібайсынға

ЗЕРДЕЛІ ЗЕРТТЕУШІ



ауысқанын әдеби-мифтік біртұтас көркем таным аясында саралайды. Жайлы қоныс, бақытты мекен іздеген Асан қайғы, Өтеген батырдың сапары утопиялық мәнде болса, отарлау келген соң жер тарылғанда Барсақалмес, қайырсыз қоныс, заманакыр сарыны халық поэзиясында пайда болып, антиутопия бел алғанын тиянақты талдайды. Көне түркілік Өтүкен ұғымының сан ғасырлар керуенінде Сарыарқаға ұласқанын сараптаған ғалым Арқа ұғымының Ертістен Еділге дейінгі кеңістіктегі ақын-жыраулар поэзиясында бірегейлік сипат алған қастерлі ұғым, Отан туралы байтақ түсінік екенін байыптаған. Жалпы, бүгінгі энциклопедияда кездесетін Арқа ұғымының ауқымы тар, ал халық санасында, жыраулар поэзиясында суреттелетін Арқаның қастерлі кеңістігі толағай да шалқар ұғым екенін айтуы – әлі де талай зерттеуге жүк болатын мазмұнды пікір. Монографиядағы «Жер отары және антиутопия», «Қос өзен» ұғымы және «Сарыарқа» сөзінің идеялық-көркемдік эволюциясы», «Кеңес қазақ поэзиясындағы туған жер тақырыбы», «Абай және ұлт», «Қазақ поэзиясындағы ағартушылық ағым. Алаш идеясы» секілді тараулар бір-бірімен сабақтас, қанаттас ұғымдарды сан ғасырдан жалғасқан өлең-жырлармен өре талдауы жемісті әрі бұл тақырыптардың салмағы, нәрі өз алдына талай жеке зерттеулерге арқау, ой-түрткі боларлық дүниелер.

Амантай Шәріпті, алдымен, елге ақын ретінде танылған дедік. Алаштанудың қыруар шаруасын арқалап жүргенімен көңілі шалқығанда жыр айдынына көк ала үйрек ұшырып-қондыратын әдеті әлі де бар екенін жақыннан араласқандықтан байқайтынбыз. Түркі академиясында «Ортақ түрік әдебиеті» оқулығын әзірлегенде әзербайжанның күрескер ақыны, қуғын-сүргін құрбаны болған қаһарман ақын Хүсейін Жавид өлеңдері Амантай Шәріп аударуында кәдеге жарады:

*Бір заманда айбыны асқан Тұранның,
Жетегінде жиһангерлік ұранның,
Қаһармандық даңқпен тарқап шерлері,
Түріктердің түкті жүрек ерлері,
Жердің жүзін шапқын қылды шаңдатып,
Үкім айтқан әрбір сөзін аңдатып.
Түріктердің кісінесе айғыры,
Бағынбаған қалды әлемнің қай қыры?!*

Бұл өлеңнен Күлтегін эпосының күмбірі, Мағжан жырының тұлпар арыны бірден аңғарылады. Көп тіл білетін, әзербайжан тілінен төте аударма жасап отырған білгір ақын Амантай Шәріптің қаламы

Хүсейін Жавид кереметін оқырман санасына ұялатады. Қазақ-әзербайжан әдеби байланыстарына қалам тербеп жүрген Амантай Шәріп Түркі академиясы жобасы аясында жарық көрген Оңтүстік Әзербайжанның шайыры Булут Қарачорлу Сәһәнд ақынның 12 700 жолдан тұратын «Атамның кітабы» деген көлемді дастанын тәржімалап шықты. Бұл – «Қорқыт ата кітабы» дастанының ізімен туған көркем туынды. Ағайынды ел алып империялар тепкісімен екіге жарылып, бергі беттегі Әзербайжанда Кеңестік идеология салдарынан «Қорқыт ата» кітабына зиянды деп үрке қарап, ал арғы бетте Иранда Қорқыт атаға тыйым салынған алмағайып заманда Булут Қарачорлу Сәһәнд шайырдың құбыладан жаңылмай, тарихи жадыны оятып, шежірелі дастан жазуы рухани ерлік еді. Міне, осы телегей теңіз жыр Қорқыт атаның аруағы ауаған Сыр елінің шайырларының сарқытын ішкен Амантай Шәріптің аударуымен жақұттай жарқырап оқырманға жетті. Булут Қарачорлу туындысында түркі дүниесінің тұтастығын, әзербайжан елінің бүтіндігін ту етеді, дастанға Қорқыт атаны арқау еткенімен бүгінгі өз елінің тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік-қоғамдық өмірі көркемдікпен кестеленеді. Оқырманға ой салатын небір даналық нақылдар, аңыз-әпсаналар, табиғат сұлулығын адам көңіл күйімен ұштастырған пейзаждар жыр тілімен өрнектеледі:

*Көкке жылу ұйыды да,
Түнектен төс аршығасын.
Жартас жапты иығына,
Алтын түсті таң шұғыласын.*

*Керуен ояу, жүріп өтсе,
Жүгін артып, сапар шегін...
Мақсатына бірі жетсе,
Бірі жолда жатар шөгін.*

*Шаңдауыт жол, зілдей көштің,
Шөл шаршатып, құм қапқаны...
Қайда бармақ, білмейді ешкім,
Қайдан келмек, жұмбақ тағы.*

Булут Қарачорлу шайырдың буырқанған жыр лебі алашқа жетті. Қасиетті Қорқыт атаның ізі, кара қобызының сазы, оғыз-қыпшақ жұртының дүбірі қалған Қазалыда туып, тораңғылы, сексеуілді шағыл құмда аунап өскен оғылан – бүгін алты алашқа әйгілі ғалым, қарымды қаламгер, ұлт мұратының жоқшысы. Өзі де Асан қайғыдай Жиделібайсынға сапарлады, Тывада Саян тауы шатқалындағы Алаш өзені аңғары бұлағынан су ішті, Өдүген топырағына бас иді. Лайым керуен сапар ұзаққа жалғаса берсін, Қорқыт ата рухы жебесін!

Ақеділ ТОЙШАҢҰЛЫ,

*Түркі академиясының сарапшысы,
фольклортанушы ғалым*

МЕРЕКЕ ҚҰЛКЕНОВ ҮЗДІК ДЕП ТАНЫҒАН 10 КІТАБЫН ҰСЫНДЫ



Елімізде отандық әдебиеттің ең үздік 100 шығармасын анықтау мақсатында жалпыхалықтық онлайн сауалнама басталған болатын. Бұл бастама – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітап оқу мәдениетін дамытуға арналған Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда көтерген маңызды ұсынысының жалғасы.

ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің айтуынша, Мемлекет басшысының бастамасы негізінде биыл алғаш рет Ұлттық кітап күні аталып өтіп отыр. Осы айтулы күн аясында оқырмандар арасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, әдеби мұраны ұлықтау мақсатында әр азамат eGov порталы арқылы өзі сүйіп оқитын 10 отандық шығарманы ұсынуға мүмкіндік алды.

«Қазақ әдебиеті» газеті алдағы уақытта (жоба қорытындысы жарияланғанға дейін) қазақ қаламгерлері үздік деп тапқан 10 кітапты газет бетінде тұрақты түрде жариялап отыратын болады.

Аталған бастамаға алғашқылардың бірі болып қолдау білдірген – Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма Төрағасы Мереке Құлкенов. Ол eGov порталында өзінің сүйікті 10 кітабын ұсынып, барлық қаламгерлер мен оқырмандарды бұл игі іске белсенді қатысуға шақырды.

Мереке Құлкенов үздік деп тапқан 10 туынды:

*Қазақ ертегілері
Батырлар жыры
«Бес ғасыр жырлайды»*

Абай Құнанбаевтың өлеңдері мен қарасөздері

Махамбет Өтемісұлының өлеңдері

Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдері

Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы

Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» трилогиясы

Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау», «Күй», «Аңыздың ақыры» шығармалары

Қалмұқан Исабаевтың «Қаныш аға осындай еді» кітабы.



Нұрдәулет АҚЫШ

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ – ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ

Шынын айтсақ, өткен 2024 жылы жарық көрген поэзиялық кітаптардың қолымызға тигені онша көп емес. Хабарландыру бірнеше рет берілгенімен, одақ басқармасына тапсырылған кітаптар саны өлшеулі ғана болды. Осылардың қатарында алдымен ауызға іліуге лайықтылары Нұртан Төлепбергенұлының «Балалармен достар – алуан түрлі құстар», «Қорқақ қоян, ашулы арыстан», Арасанбай Естеннің «Алаш – біздің атамыз», Байбота Қошым-Ноғайдың «Сан алуан санамақ», Төлеужан Ғұмардың «Алтын бесік», Қажақымет Қасымұлының «Жұмбақ сыры», Серікбол Хасанның «Бас бармақ» атты поэзиялық кітаптары.

Нұртан Төлепбергенұлы мен Ғұмар Төлеужанның жинақтарына танымдық өлеңдер топтастырылған. Алдымен Нұртан ақынның өлеңдеріне тоқталайық. Жоғарыда аталған екі кітабында автор бүлдіршін оқырмандарға аңдар мен құстардың түрлерін таныстыруды мақсат етіпті. Ақынның өлеңдерін мектеп жасына дейінгі немесе бастауыш сынып деңгейіндегі балаларға арналған өлеңдердің жақсы үлгілері деп кідірмей айта аламыз. Бір қарағанда олардың көркемдік табиғаты қарапайым болып көрінуі мүмкін. Бірақ балалар поэзиясындағы ең қиын бағыт – осы: жас оқырманның жасы қанша кіші болған сайын оған арналған өлең жазу да қиындай бермекші. Бұл тұрғыдан алғанда, «Нұртан Төлепбергенұлының бүлдіршіндерге арнап үздік өлеңдер туғызған алдыңғы буын балалар ақындарының шығармашылық ұстанымын жалғастырушы ақын» деп бағалай аламыз. Танымдық жағы басым кітаптардың бірі – Төлеужан Ғұмардың «Алтын бесік» жинағы. Оны бір ауыз сөзбен қазақ этнографиясының поэзия тіліндегі сөздігі деп қабылдауға болады. Ақын қазақтың салт-дәстүрлерін балалар тіліне салып, жатық түсіндіріпті. Әсіресе ақынның қазақтың ырым-тыйымдары туралы жазған өлеңдерін бөле-жара айтуға тұрады. Арасанбай Естен – поэзия жанрында да, проза жанрында да қатар қалам тартып, өндіріп жазып келе жатқан танымал қаламгеріміз. Оның өткен жылы шыққан «Алаш – біздің атамыз» деген поэзиялық жинағы Алаш арыстарына арналған өлеңдерден тұрады. Поэзияда ұлы тұлғалардың портреттерін өлеңмен сомдау оңай шаруа емес. Жинақта Алаштың Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы сынды арыстарынан бастап, жалпы саны 40-қа жуық тұлғалардың бейнелері өлең жолдарымен өрнектелген. Олардың арасында бұрын көпшілікке мәлім болмай келген Бактыгерей Құлманов тәрізді тұлғаның да есім-соыы кезігеді. Ақын бұл тұлғалардың күрделі бейнелерін қарапайым, ширақ тілмен жеткізуге тырысып бағады. Оларды таныстыру барысында формалық ізденістерге бара отырып, автор өз ойын жас оқырманға жеткізудің кілтін таба білген. Танымдық жағы басым бұл жинақты қазіргі балалар поэзиясының ұлттық рухымызды көтеріп, жас ұрпаққа төл тарихын танытуға қосылған кезекті табысы деуге болады. Жасының егде тартқанына қарамастан, экспериментке батыл баратын ақындарымыздың бірі – Байбота Қошым-Ноғай. Әдебиет


зерттеушісі Нұрбол Құдайбергеновтің айтуынша, ол – «Қазақ балалар поэзиясына ырғақтық трансформация жасаған ақындардың бірі». Жас зерттеушінің «ырғақтық трансформация» деген терминдік тіркесі баршамызға түсінікті бола бермеуі мүмкін. Жоғарыда аталған «Сан алуан санамақ» деген жинағындағы соны үлгілер осы ойдың дәлелі. Қажақымет Қасымұлы – мен үшін аса мәлім емес есімдердің бірі. Өткен жылы бұл авторымыз «Жұмбақ сыры» кітабын ұсыныпты. Оған 500-ге тарта жұмбақ және өтірік өлеңдер енген. Жанр табиғатына сай қысқа жазылған жұмбақтары ойнақы әрі тілге жеңіл болып келеді екен. Бұл кітапта

Айғалиұлы үшін де жемісті жыл болыпты. Оның «Алтын қаланың құпиясы» және «Ажал аралының тұтқыны» атты екі кітабы бірдей жарық көріпті. «Алтын қаланың құпиясы» кітабына 5 хикаят пен әңгімелер енгізілген. Кітап балалар мен жасөспірімдерге арналғанмен ондағы шығармалардың өзектілігі, шытырман, қилы-қилы оқиғаларға бай болуы ересектерді де өзіне еріксіз тартатыны сөзсіз... Ал «Ажал аралының тұтқыны» жинағына автордың осы аттас хикаяты, «Сарайшық ханшасы және Иван Грозный» қос арналы тарихи романы еніп отыр. Екі шығарма желісінде де шытырман оқиғалар, тарихи-танымдық тұрғыда айтылған мәселелер, ата-бабаларымыздың елін, жерін қорғаудағы жанқиярлық ерліктері мен тәуелсіздігіміз кезіндегі бүкіл өмір тынысы суреттелген. Тарихи тақырыпқа арналғандықтан да жинақтың

тәнті ететін – олардың бойындағы оптимистік рух. Жас оқырман үшін адамдардың күнделікті тіршіліктеріне сабыр мен төзімділікті сүйеніш еткен осынау санаты ерекше болып көрінеді. Ол заңды да. Жас ұрпақты қайсарлыққа шақыратын шығарманың тәрбиелік функциясы да айқын. Бүгінгі таңдағы мектеп оқушыларының тыныс-тіршілігін, арқау ететін, сөйтіп шәкірттердің оқудағы, қоғамдық-пайдалы жұмыстардағы ізденістері, достық қарым-қатынастары жайынан сыр шертетін реалистік сипаттағы прозалық шығармалар қашан да қажет-ақ. Бейбіт Қойшыбаевтың «Ғажайып шақ» атты кітабына енген шағын хикаяттар мен әңгімелер осы сұранысты толтыра алады. Кітапта сонымен бірге ғылыми-техникалық фантастика жанрындағы дүниеелер де бар. Қанат Қайымның «Хиромантия» деген кітабы жеткіншек ұрпақты ақылды, білімді, еңбекқор, әдепті, батыл да өнерлі, жігерлі әрі табанды, тапқыр әрі ізденгіш болуға шақыратын шығармалар топтастырған.

Ежелден келе жатқан жырларды бала ұғымына сәйкес қара сөзбен ұсыну тәжірибесі бұрын да бар. Осы үлгіні ұстанған Маркиза Базарбайқызы «Батыр – елдің жүрегі» кітабында сондай жырларды әңгіме түрінде жазып шығыпты. Кейіпкерлері – есімі мен ерлігі кең таныла қоймаған батырлар. Ал оқиғалары тәуелсіздік жолындағы күрес үстінде суреттеледі. Пернебай Дүйсенбиннің «Елгезек ертегілер елінде» атты жинағына енген таңдамалы қысқа ертегілері мен қиял-ғажайып ертегілік хикаяттары. Қиялшыл жас кейіпкерлерінің көзімен ғажайып оқиғалар суреттеледі. Бекен Ыбырайымның кезінде бөйге алған шығармасы «Іздер құпиясы» да өткен жылы кітап болып шықты. Аңдатпасында қазақ балалар әдебиетіндегі шытырман оқиғалы алғашқы роман деп жазылған. Шығарманың кейіпкері Саян көптеген күтпеген оқиғаларға тап болады. Бұл туындының бас бөйгені жеңіп алуы да бекер болмаса керек. Толымбек Әбдірайымның «Құс ұясы» жинағына енген туындылар, ең алдымен, бүгінгі замандағы балалардың жан дүниесіне әр қырынан енуді, сөйтіп олардың адам ретіндегі бет-бейнесін ашуды көздепті. Жас оқырмандар үшін ықшам жазылған әңгімелерден тұратын кітаптардың бірі – Бауыржан Ғұбайдуллиннің «Жиһанкез Ақкербез» атты жинағы. Кітаптың жас кейіпкерлері – бір нәрсені білуге деген әуесқой жандар. Олардың өміртану жолындағы алғашқы баспалдақтары қызық та қиын. Кейбір жеңілдеу көрінетін эпизодтардың астарына түсіністікпен қарау да керек. Елдос Токтарбайдың «Тау құсы» кітабы шыға салысымен жақсы насихатталып келеді. Ол бекер емес. Осындағы әр шығарма жас оқырманды елі мен жерін сүйуге, төл тарихын құрметтей білуге ықпал етеді. Балалар жазушысы Д.Мағұлұмовтың пайымдауынша мерзімді басылымдарға да назар аударып отыру керек. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, «Үркер», «Балдырған», «Ақ желкен», «Жыл он екі ай», «Мөлдір бұлақ», «Айгөлек», «Балалар әлемі» тәрізді журналдардың атқарып келе жатқан қызметі олқы деп айта алмаймыз. Бұлардан басқа «Ертегілер елінде», «Ертегілер әлемінде» деп аталатын, аты айтып тұрғандай-ақ тақырыптық журналдар да бар. Одан қалса, «Ұлан» газетін қайда қоямыз. Рас, олардың барлығы балалар әдебиеті үлгілерін жариялап, насихаттауда бірдей рөл атқарып келе жатқан жоқ.

Қаламгерлеріміз қазір қай жанрда болсын әртүрлі формалық ізденістерге еркін барып, өз идеясын, өзінің ұстанған мақсатын, диттеген ойын еркін жүзеге асыруда. Әрине, жоғарыда аттары аталған кітаптарға енген туындылардың барлығы төрт аяғын тең басқан жорға бола қоймаса керек. Көркемдік-эстетикалық талаптар тұрғысынан кемшін түсіп жатқандары да жоқ емес. Ал соған қарамастан, қазақ балалар әдебиеті де өмірдің, уақыттың ағымынан қалмай, оқырман сұранысын хал-қадерінше қанағаттандыра алады деп бек сеніммен айта аламыз...



назар аударатын талпыныстың бірі – ақынның балалар фольклорындағы қалыптасқан дәстүрді жазба әдебиетінде жалғастыруға тырысатындығы. Қазіргі балалар поэзиясының белді өкілі Серікбол Хасан «Мазмұндама» баспасынан «Бас бармақ» деген кітабын шығарыпты. Оның шығармаларында алдыңғы қатарға атойлап шығатын рухани құндылықтар. «Жан-жануарлардың жыл басына таласуы» бөрімізге белгілі. Серікболдың «Техникалар таласы» деген өлеңі соның ситуациясын еске түсіреді. Ақын компьютер, планшет, смартфон, ток көзін өзара айтыстыра отырып достық, ынтымақ, бірлік тәрізді адами құндылықтарды насихаттапты. Осындай ерекшелік «Скейтші», «Айфон болғым келеді», «Робот» сынды өлеңдерінен де байқалады. Ақын өлең құрылысына сақтықпен қарайды. Артық сөзге аяқ баспайды.

2024 жыл қазақ балалар поэзиясы үшін жемісті жыл бола қоймаған шығар. Бірақ өзіндік өрнектерімен есте қалатын болар деп ойлаймыз. Тарихи тақырып алға шықты. Мұсылмандық салт-сананы насихаттайтын өлеңдер де бар. Дәстүрлі қазақ қоғамының құндылықтарын көбірек жырлау жағы басым. Қысқасы, жас ұрпаққа төл мәдени-рухани құндылықтарын жаңғырта отырып, жас оқырманның санасына сіңіру қызметі бұл жылғы балалар поэзиясы кітаптарында ары қарай жалғасын тауыпты. Баз бір кезеңдердегі қазақ балалар прозасының қуатты қаламгерлері болған ардақты ағаларымыз бүгіндері ортамызда жоқ. Соңғы жылдарда балалар қаламгерлерінің тобына жалынды жас буын өкілдері үсті-үстіне қосылуда. Олардың қатарында Қуат Ахетов, Ернұр Сейдахмет, Олжас Қасым, Еділбек Дүйсен, Асылан Тілеген, Елдос Токтарбай, Әлібек Байбол, Мейіржан Жылқыбай, Бағдат Мәжит және басқалары өздерінің көркемдік орындарын нығайта түсуде. Жас буын өкілдерінің туындыларын жариялауда мерзімді баспасөздің орны бөлек.

Енді таныстыру мақсатында өткен 2024 жылы жарық көрген кітаптардың аттарын атап кетейік. Есенәлі Ералының да бір жылда үш кітабы жарық көрген екен. Олар – «Жалғыз көзді диюді жеңген борсық», «Раушан гүл неге жылады?» және «Айарудың доланасы» деп аталатын жинақтары. Әңгімелер мен ертегілерден тұратын «Жалғыз көзді диюді жеңген борсық» кітабы өзіндік сипатқа ие деп білеміз. Ондағы шығармаларының оқиғалары тартымды. Мұндағы кейіпкерлер – қала балалары. Автор осындай ортада өскен ұрпаққа қазақы тәрбие беру мәселесі қалай іске асуда деген сұраққа жауап іздейді. Екінші кітапқа автордың соңғы уақытта жазған жабайы аңдар мен жануарлар туралы ертегілері еніп отыр. Кітаптың тілі шұрайлы, жеңіл оқылады. Бастауыш сынып шәкірттеріне арналған. Есенәлі Ералының «Раушан гүл неге жылады?» кітабына бастауыш сынып шәкірттеріне арналған қысқа әңгімелер мен ересектеу оқушыларға лайықталған қызықты хикаяттар еніпті. Осы жылы Ертай

танымдық сипаты басым. Өзіндік өрнегі бар, балалар тақырыбына жүйрік жазушы Сәбит Дүйсенбиев «Қағаз қайық» атты кітап шығарыпты. Баяғыда атакты сықақшымыз Оспанхан Әубәкіровтің бүлдіршіндер үшін жазған «Қағаз қалпақ» деген кітабы болған. Ал Сәбеннің жаңа жинағының жанры да, көркемдік ұстанымы да оны қайталамайды. Кітапқа балалар мен жасөспірімдердің жүрегіне жол тапқан лирикалық әңгімелері мен ертегілері, хикаяттар мен жолжазба және аудармалары топтастырылған екен. Осы жылы Бердалы Рысбековтің әңгімелері мен ертегілері «Ізгілік туралы ертегі» деген атпен кітап болып шықты. Оған белгілі балалар жазушысының соңғы жылдардағы жазған шығармалары енген. Оқиғалары ширақ, балаларды еліктіре алатындай тартымды әрі жеңіл тілмен жазылған. Жаңа туындылардың дені бала психологиясын тап басып, табиғатты танып білуге деген ықыласын оята алар деген үміт бар. Жас оқырманның назарын аударуға лайықты кітаптардың бірі – Ділдар Мамырбаеваның «Мұң-толғақ» атты әңгімелер жинағы. Оны үніліп оқыған бүлдіршіндеріміз кейбір философиялық иірімдерді жете түсініп алса, нұр үстіне нұр болмақшы. Ішінде бала психологиясына оң әсер ететін әңгімелері де өзінің тәрбиелік функциясын атқара алады деп болжауға болады. Кітаппен танысып шыққаннан кейін жалпы ардагер жаушының қуатты қаламы әлі де қайратты деген ой түйді. Дәнеш Ахметұлының кейінгі кездегі шығармашылық ізденісінің жемісі – «Үкілі домбыра» жинағындағы туындылар. Ол хикаяттарында адам мен қоршаған орта, адамдардың жан-жануарларға деген кіршіксіз сүйіспеншілігі сөз етіледі. Ал әртүрлі тақырыпқа жазылған ертегілері заманауи оқырманның түсінік-талғамына жақын. Жазушының алдыңғы қатарға шығаратыны – ізгілік, адами асыл қасиеттер, кішіпейілділік. Зейнел Жекейұлының «Намыс оты» атты кітабы өмірдің көп қаламгер көңіл бөле бермейтін бір қырын қаузаған екен. Оның қаламының ұшына ілінген тақырып – мүгедек жандардың өмір сүруге деген құштарлығы. Оқырманды



Еділбек ДҮЙСЕН

Ұлы Абай бір өлеңінде:

*«Туғызған ата-ана жоқ,
Туғызарлық бала жоқ,
Туысқан туған, құрбылас,
Қызығымен және жоқ.»*

*Тулайын десе шара жоқ,
Толықсып жүрер шама жоқ,
Ұйқы мен астан дәм кетіп,
Сақалда, шапта қара жоқ.»*

*Байбайшыл тартып, баға жоқ,
Жастарға жаппас жала жоқ,
Жат қораны күзеткен
Қартаң шалда сана жоқ», –*

депті. Рас, жер бітіп, су ақкалы қай заман, қай қоғамда да жастарға жабылмаған жала жоқ. Біздің қазақта да солай. Әсіресе әдебиетте, нақтырақ айтқанда, әдеби ортада. «Жанашыл» дейді, «дәстүршіл» дейді, «батысшыл» дейді, «қара өлеңнің қабырғасын қиратуға келген кара толқын» дейді, «тілді бүлдіріп жатыр, сөздің сүйегін сындырып жатыр» дейді. Айта берсеңіз тауыса алмайсыз. Бұл сөздер біздің мысал болсын деп аннан-мұннан сөз қылып құрап, ойдан шығарып, ауадан алып отырғанымыз емес, осы күнге дейін БАҚ арқылы, Абай айтпақшы, жастарға жабылып келген жала деуге болады.

Өлбетте, «мұның бәрі де әдебиеттің болашағы, дамуы үшін» дейміз. Алайда, әдебиет дамысын десек, әдебиетті әр қаламгердің, әр топтың, әр дәстүрдің жекеменшігі етпей, ортақ дүние ретінде қарасақ деймін. Стильдің, форманың, ой мен пікірдің әралуандығына ерік берсек деймін. Қабылдамасақ та, құрметпен қарасақ, қолдамасақ та, балақтан тартып, соңына ит қоспасақ деймін. «Зиялы ортада әлденені түсіндіруге тырысудың өзі әбестік» деген сөз бар еді. Дегенмен, бір-біріне сойып қаптап қойғандай ұқсайтын ақындар әдебиетіміздің көсегесін көгертеді дегенге сену қиын екендігін ғана айтқым келеді.

Томас Элиот Уильям Батлер Йейтс туралы жазған әйгілі эссесінде былай дейді: «Қазір, біздің кезімізде ақындардың бір буынының шығармашылық кезеңі шамамен 20 жылды құрап отыр. Бұлай дегенім – әлбетте, олардың ең жақсы туындылары осы уақыттың ішінде ғана жазылады деген сөз емес, бұл – кейінгі мектепті қазіргі мектеппен, қазіргі стильді ендігі жаңа стильмен бөліп тұрған уақыт аралығы. Яғни бір ақынның жасы – 50-де болса, оның аға буын өкілі 70-ке шығып жатса, ал өзінен кейінгі буындағы ақын – 30-да болса, осы үш буынның өкілі үш түрлі қалам сілтейді», – дейді. Яғни бұл үзіндіден Британиядағы әдебиеттің 20 жыл сайын өзгеріп, түрленіп, құбылып отыратындығын, бір ақын өзінен 20 жас кіші шайырдың өзгеше сілтейтінін көре алатындығын байқаймыз.

Осы орайда «Қазақ поэзиясының әдебиет аспаны қанша жыл сайын жаңарып отыр?» деген заңды сұрақ туады. Бұған, әрине, әркімнің әртүрлі

«ЖАСТАРҒА ЖАППАС ЖАЛА ЖОҚ»



жауап беретіні түсінікті. Менің ойымша, бұл сұраққа жауап берудің қажеті жоқ. Бұл сұрақ бізді ойланта, өзгеше жазғысы келетін жастардың балағынан тартып, бетін қағуды тоқтатса, тоқтатпаса да сиретсе – соның өзі үлкен жетістік болғалы тұр.

Дей тұрғанмен, қазақ әдебиеті аспанының жаңарып отырғаны сирек. Біздің әдебиетте, көбінесе, бұл жекелеген авторлар арқылы көрініп келді. Ал тұтас буынның, тұтас кезеңнің жаңаруы осы күнге дейінгі әдебиетімізде саусақпен санарлықтай ғана.

Бір қуантарлығы әрі өз сөзімді осылай бастауымның себебі – қазіргі жас қазақ поэзиясының (қазақ поэзиясындағы жастардың) тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы жастар поэзиясынан өзгеше қалам сілтеуі. Яғни 30 жылдан астам уақыт ішінде жаңару үдерісінің жүруі. Бұл сөзіме, қазір әдеби ортаға танылып үлгерген Шалқар Дәулеткелді, Әділет Шопен, Арман Әділбек, Файзулла Төлтай, Абзал Сүлеймен, Бауыржан Майтай, Нұрболат Жолдасбек, Тілек Ырысбек, Асылан Қуанышұлы, Тілеубек Батыс, Нұртілеу Қадірқұл, Айжарық Сұлтанғожа, Ақжан Аманжол, Қарлығаш Қабай, Роза Аспанқызы секілді жас қыз-жігіттердің поэзиядағы қадамдары дәлел бола алады.

Бұл жас ақындар Асқар Сүлейменов айтатындай, «оқушыны қасқыр көрген тазыдай қалтыратпаса» да, Мераб Мамардашвилидің «Мәтін тек мәтінмен ғана оқыладысына» хал-қадірінше жауап беріп келеді.

Енді нақтылыққа көшсек. Былтыр жас ақындар біршама жыр жинақтарын ұсынды. «Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы» бағыты бойынша Қазақстан Жазушылар одағы мен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс аясында 2024 жылы 10 жас ақынның жинағы жарық көрді. Атап айтсақ: Қарағанды облысы туралы Жәнібек Әлиман «Алтын тұңғық» атты кітап-

ты, Маңғыстау облысы жайлы Әлімжан Әлішер «Маңғыстау мақамдары», Жетісу облысы жайлы Біржан Ахмер «Мың бояулы мекен», Павлодар облысы жайлы Айдын Байыс «Алтын қазық», Атырау облысы туралы Саян Есжан «Жайық жырлары», Шығыс Қазақстан облысы туралы Рауан Қабидолдин «Ергенекон», Қызылорда облысы туралы Қуаныш Жазай «Жыр-Дария», Ақтөбе облысы туралы Мәрлен Ғилымхан «Төбелер стихиясы», Батыс Қазақстан облысы туралы Асылан Тілеген «Өзен» кітабын және Ұлытау облысы жайлы Нұртас Тұрғанбек «Ұлы Отау» кітабын ұсынды.

Бұдан өзге «Jadid» баспасынан Бауыржан Мырзақұлдың «тоЛУ-НАйы», «Абай» баспасынан Нұрболат Жолдасбектің «Періштелер көрген түсі», Жадыра Байбұланованың «Қағаз жүрегі», Айдана Сегізбаеваның «Жаңбыры», Абай Ораздың «Бебеуі» мен Арайлы Жақсылықтың «Өлеңдер жинағы» жарық көрді.

Бұл кітаптар аталған жас ақындардың басым көпшілігінің тұңғыш жинақтары емес. Жоғарыдағы жастардың шығармалары бұған дейін де бірнеше ұжымдық жинақтарда, баспасөз беттерінде жарық көрген. Алды 2-3 кітап ұсынып үлгерген ақындар. Бір ұсыныс қарды сығылмап, қар бетімен домалатқанда, домалай-домалай оның көлемінің ұлғаятыны секілді, бұл ақындар да уақыт өте келе, жаза-жаза жазу машығы қалыптасып, жастар поэзиясындағы өз орындары да беки, дауыстары да зорая түскен.

Былтыр кітаптары жарық көрген осы ақындардың ішінен үш ақынға аз-кем тоқталғым келеді. Алдымен, Нұрболат Жолдасбек. Білуімше, ол өлеңді аз жазады. Бірақ әр өлеңі – сөздің «адамның ойын жасыруы үшін берілген құрал» екендігін айғақтап тұрады. Оның өлеңдерінде пішін мен мазмұн үйлесіп келіп, оқырманға, шын мәнінде, эстетикалық ләззат сыйлайды. Нұрболаттың жырларындағы өзіне тән тілдік бояу мен әуез оның өлеңдерін өлең күйінде емес,

жан тереңінен тіл қатқан жанның дұғасы сынды қабылдауға жол ашып береді.

«Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы» жобасы аясында жыр кітабы жарық көрген жас ақынның бірі – Қуаныш Жазай. Оның Қызылорда облысына сапарлап барып, сонда жазған өлеңдері қызылордалық ақындардың өзі қызғанатындай, қызығатындай дүние болған. Қазақстанның жан жарасына, қасіретіне айналған Арал теңізінің экологиялық апаты туралы жырлар, Қызылорда топырағында туып-өскен қазақ қаламгерлерімен сырласқан өлеңдер шебер жазылған. Осы жоба аясындағы жарық көрген жыр жинақтарының ішіндегі ең бірі сәтті жинақ осы «Жыр-Дария» дер едім. Мұнда тақырып барынша жан-жақты ашылып, осы аймақтың келбеті толық көрініс тапқандай. Кітаптың соңына тіркелген өзге де тақырыптардағы өлеңдер кітаптың салмағын ауырлатып, мазмұнын байыта түскен.

Тағы бір айта кеткім келетін жас ақынның аты-жөні – Біржан Ахмер. Біржанның Жетісу облысы жайлы жазған «Мың бояулы мекен» жинағын көргенімде таңғалдым. Таңғалғаным – ондағы өлеңдердің кереметтігінен емес, Біржанның бұл кітапқа 6 бірдей поэма енгізгенінен. Бәрі де жаңа дерлік дүниелер. Кітаптағы «Жетісу сонеті» поэма-пейзажын, «Қанатты рух» метаморфозалық поэмасын, «Ер Тәнеке», «Мамания», «Үш Төлеген», «Ұмай ана» поэмаларын оқып шығып, екіұдай күй кештім. Алдымен, Біржан Ахмердің поэма секілді кең тынысты, ішкі дайындықты қажет ететін жанрға қорықпай қадам басқанына, қадам басқанда да, бірден 6 қадамға ұзап кеткеніне риза болдым.

Поэма – жоғарыда есім-сойларын атап өткен қазіргі жас ақындардың қай-қайсысының да қалам тербеуге жүрегі дауаламай жүрген жанры. Осы тұрғыдан алып қарағанда Біржанның поэмалары – өз қатарлас-тұрғыластары арасындағы белгілі бір деңгейдегі жетістік. Екіншіден, Біржанның поэмалары Эдгар Понның «көлемі жағынан қысқалық, жинақылық пен күтілетін әсердің күштілігі арасындағы қатынас тең болуы тиіс» дейтін өлең туралы формуласына жауап бере алмайды дер едім. Бұл Понның ғана емес, әдебиеттегі өлең атаулыға қойылатын қарапайым ғана шарт. Дәл осы шарттың өлеңнің қай-қай жанрына да жүретіні айтпаса да түсінікті. Өйткені «ұзыннан шұбақ жазылған поэма деген нәрсе, шын мәнінде, тек қысқа өлеңдердің тізбегі. Яғни қысқа поэтикалық әсерлердің тізбегі» ғой. Оқиғаны не аңыз-әңгімелерді ұйқастырып баяндап шығудың, сол арқылы көлем толтырып, белгілі бір жанрдың деңгейіне қол жеткіздім деудің әбестік екендігін айтқым келеді. Өйткені, оқырманды жетелеп келіп, сөздердің үйіндісінің алдына отырғызып қою – өте үрейлі нәрсе.

Хош. Сонымен, былтыр кітаптары жарық көрген жас ақындарды атап өтіп, барынша қысқаша сөйлеуге тырыстық. Жоғарыда аты аталған жастардың да, аталмаған жастардың да ізденістерінен зор үміт күте отырып, рухани қызметтерінің «басы – бапан, аяғы – сапан» болмаса екен деген ғана тілегімізді айтамыз.

**Майдан даласында ауыр жа-
рақат алып, госпитальда ем-
деліп шыққаннан кейін 1943
жылдың аяғында Алматыға
қысқа мерзімдік демалысқа
келген Б.Момышұлының, ең
алдымен, республика зиялы
қауымы мен халқы батыры-
на аса зор қошамет көрсетіп,
қарсы алды.**

Бұған дейін М.Әуезовпен сырттай хат-хабар алысып біліскені болмаса жүзбе-жүз көріспеген хас батыр онымен алғаш рет кездесіп, бірін-бірі бұрынғыдан да тереңірек ұғынып, түсінісе түседі. Атақ-данқы 1941 жылы Москва іргесінде әлемде бұрын-соңды болмаған алапат ауыр шайқастарда жарқ етіп шыққан Б.Момышұлының батыр батальон командирі ғана емес, алғыр, терең ойлап ой қорытатын нағыз қолбасшы екенін, оның үстіне қаламы қарымды тұлға екенін Әуезов тереңірек танып білді. Олардың арасындағы шығармашылық байланыстың жемісті бір көрінісі Баукеңнің Ғылым академиясында оқыған осы тарихи әңгіме-дәрісі болды. Соғыс жылдарында өткен бұл кездесуді Қ.Сәтбаев жүргізіп отырды. Әңгіме-дәріске атақты кинорежиссер Рашаль мен кинорежиссер В.П.Строева бастан аяқ қатысып, аса қызығушылық білдірген. Строевамен Момышұлының достық, жолдастық қарым-қатынасы, міне, осы әңгіме-дәрістің үстінде басталғаны күмән туғызбайды.

Б.Момышұлы оқыған лекциясы, шын мәнінде, сирек кездесетін құбылыс деуіміз керек. Ұлы Отан соғысы тарихында орыс әскери ғылымында да жоқ, басқа елдер әдебиетінде де мұндай дәріс-әңгіме ұшыраспайды, өйткені екінші дүниежүзілік соғыстың бүкіл ауыртпалығын кеңес әскері, совет халқы өз иығымен көтерді, сондықтан майдан мәселелеріне қатысты салмақты сөз де кеңес азаматтарының үлесіне тиістілігі заңды. Оқылған лекцияның 30-40 пайызының түсіп, қамтылмай қалғанының өзінде 310 беттік материалды оқып шыққан адам Алланың мұнысына да шүкіршілік дейді, соған да тәубе деріне күмән жоқ.

Б.Момышұлының бұл архив материалдары, сөйтіп, тұңғыш рет «Қазақстан» баспасынан Желінің 45 жылдық тойына арнап 1990 жылы орыс тілінде «Психология воины» (книга-хроника) деген атпен 20 000 данамен менің тікелей ұсынып жоспарға енгізімімен жарық көрді, кітап тез арада жылға жетпей таралып кетті, сусаған оқырмандардың сұраныстарына орай, біз бұл материалды стенограммаға түсірілген бастапқы қалпын сақтай отырып, түпнұсқаға барынша жақын етіп аударып, 1991 жылы «Қанмен жазылған кітап» деген атпен аталмыш баспадан 40 000 данамен басып шығардық.

Сонымен, әңгіме-лекцияда қандай мәселелер айтылды деген сұрау туары сөзсіз. Әңгіме-дәріске кіріспес бұрын, алдымен, Б.Момышұлы дайындықты карта-схеманы жасаудан бастайды: ол Панфилов дивизиясының Москва түбінде жүргізген ұрыстары; дивизияның Старо-Русско-Холмск дәлізінде (коридорында) жүргізген ұрыс қимылдарының карта-схемалары болатын. М.Әуезов, Қ.Сәтбаевтың әңгіме-дәріс өткізу туралы ұсыныстарын қабыл алған Б.Момышұлы, міне, осы екі карта-схемаларға Панфилов дивизиясының 1941 жылғы октябрь, ноябрь айларында аса ауыр жағдайда жүргізген қорғаныс ұрыстарының барысы түсірілген болатын.

1941 жылдың октябрь, ноябрь айларында жүргізген ауыр шайқастарда, бес рет қоршауда қалып, батальонын қоршаудан ақыл-айла, шебер қолдана білген тактикалық әдіспен шығынсыз алып шыға білген Б.Момышұлы комбат ретінде Панфиловтың назарына бірден-ақ ілігеді. Қарауындағы полк командирлерінің өзінің ішінен дәл Момышұлындай жау құрсауынан, жартылай қоршаудан дұшпанға ойсырата соққы беріп, сытылып шығып отырған командирлер аз еді. Сондықтан Панфилов полк қарауынан алып, Б.Момышұлы батальонына дербес қимыл жасауға рұқсат береді. Бауыржанның батальоны Панфиловтың резервтегі батальоны болды. Тумысы, жаратылыс бітімі бөлек, ойлау жүйесі кесек, мінез-тұрысы қатал, батальон командиріне Москва түбіндегі күші мен техникасы төрт-бес есе басым, автоматпен, танкімен қаруланған жауға қарсы шайқастарының тәжірибесі, ең алдымен, соғыстың қару мен қарудың, техника мен техниканың ғана соғысы емес, бұл ақылдың сыңға түсетінін, ақылмен ақылдың, айла-тәсілдің соғысы екенін барынша терең ұғынуына себеп болды. Бұл соғыстың, майданның ішкі заңдылығын ашып тани білу болатын. Соғысатын техника ғана емес, адамдар еді, ең алдымен, солдаттар, соның ішінде, жаяу әскер болатын. Соғыста техникамен қатар кімнің моральдық-саяси рухы

күшті болса, соның женетініне көз жеткізді. Солдаттың рухы — бұл ең қуатты қару деп білді, бұл тұжырымы да солдат психологиясын, жаяу әскердің мінез-құлқын терең зерттеген батальон командирінің жасаған қорытындысы болатын. Сондықтан Б.Момышұлы әңгіме-дәрісінің өзекті тақырыбын ойластырып тұжырымдаған кезде ең басты мәселе бұл ұрыс және оның психологиясына баса назар аударды. Оған қосымша тақырып ретінде Панфилов, офицерлер, солдаттарға тоқталуды, талдап, тұжырым жасап, қорытындылап түйіндеуді мақсат етті.

Немістердің Москваға шабуыл жасау бағыты бұл Волоколамск тасжолы бағытымен жүргізілген екінші дүниежүзілік соғыстағы ең шешуші

психикамен, техникамен, қару-жарак күшімен әсер ету деп білді, соның ішінде, ақылмен ықпал жасауға баса назар аударды. Ұрысты басқара білуге, ұрыстың психологиясына, ұрыс өнерінің негізіне, ұрыс идеалы ұғымына жеке-жеке анықтама беріп тоқталып өтеді. Ұрыс ұғымына жан-жақты талдау жасай отырып, ұрыс қауіпті емес, өйткені адам әлде бір аждаһамен емес, адаммен шайқасады. Сондықтан адам бойындағы барлық қасиеттер: жоғары және төменгі сезімдер ұрыс жағдайында ғана барынша ашылады, өйткені сыңға түседі. Ұрыстың психологиясына тереңдеп ене отырып қорқыныш сезіміне тоқталады. Бұл соғыс жағдайында аса үлкен проблемалық та мәселе болатын. Ал қорқыныш,

еске алатын аса күрделі мәселелер болатын. Баукеңнің әңгіме-дәрісті ұрыс психологиясынан бастауының себебі де осында жатқан еді. Өйткені ұрыс, соғыс психологиясын тереңірек түсінбейінше, көптеген мәселелерді ұғына алмайтыны мәлім болатын.

Ұрысты басқаратын тұлға командир болғандықтан Момышұлы командирлерге, офицерлерге, олардың рөлі мен атқаратын міндетіне тоқталып, өз тәжірибесі негізінде офицерлерді үш категорияға бөліп қарастырды: 1) жақын қашықтықта ұрыс жүргізетін офицерлер; 2) тактикалық ойлау мен тактикалық мақсаттағы офицерлер; 3) оперативтік ойлау мен оперативтік мақсаттағы офицерлер (генералдар) деп бөлді.

Бауыржан Момышұлының 31 САҒАТТЫҚ

шабуылы болатын. Панфилов дивизиясының 60-70 шақырымға созылған шебі де немістердің шабуылына осы бағытта тойтарыс беруге міндеттелді. Баукеңнің әңгіме-дәрісінің салмақты тұсы осы Волоколамск бағытындағы ұрыстарға арналды. 1942 жылғы қысқы науқанда неміс әскерлерінің тұмсығы аяусыз соққыға тап болып, шегінуге мәжбүр болды. Б.Момышұлы үшінші күнгі дәрісін осы 1942 жылғы совет әскерлерінің қысқы науқанына арнады. Ал төртінші күні қорытынды жасап, сұрақтарға жауап берумен қорытындылау жоспарланды. Алайда аудитория әскери аудитория болмағандықтан, бұл төрт күнге есептелінген дәріс тағы да екі күнге созылып, жалпы саны 31 сағаттық дәріс-әңгімеге ұласады.

Бұл дәріс-әңгіме қазақ әдебиетінің классиктерінің, қазақ ғылымының, өнерінің таңдаулы өкілдері алдында өткізілген тарихи дәріс болатын; ал мұндай адамның жан дүниесін тебіреніп, ақыл-ойын асқақтатып жіберетін, терең мазмұнды әңгіме-дәріс қазақ тарихында кездескен емес. Осы әңгіме-дәрісті ұйымдастырудағы М.Әуезовтің тарихи еңбегін атап өткен жөн, Әуезов болмаса, лекция да ұйымдастырылып өткізілмес еді, мынадай мол рухани қазына да біздің қолымызға жетпесі ақиқат болатын.

Сонымен, Момышұлы лекциясының басты тақырыптарын белгілеп, жоспарлап алғаннан кейін айтар ойы да, әңгіме барысы да нақтылана түседі. Баукең соғыс тақырыбына жазылып жатқан шығармалардың шындықтан алыстығын, соғыс мәселесін үстірт көрсетіп, баяндайтынын, ғұмыры қысқа болып келетінін сыңға алып, орыс тіліндегі шығармалардың да 60 пайызы брак деді. Сондықтан соғыс тақырыбын шындық тұрғыдан жазып, көрсету, ұрыс пен ұрыстың психологиясын, командирдің міндеті мен парызын барынша ашып көрсету қажеттігі міндетті нәрсе екеніне екпін түсірді. Өйткені соғыста барлық мәселе ұрыста, тек қана ұрыста ғана сыңға түседі деп білді. Ал жауынгер бойындағы барлық қасиет, міне, ашылатын жер осы — ұрыс. Адам бойындағы сезімдерді Баукең талдай отырып, екіге бөліп қарастырады: күн мен түннің, жарық пен қараңғының, ыстық пен суықтың табиғи түрде алмасып отыруы қарама-қайшылықтың бірлігін көрсетсе, адам бойындағы сезім әлемінде де қарама-қайшылықтың бірлігінің көрініс беретінін түсінесін. Бауыржан адам сезімін жоғары сезімдер: парыз, адамгершілік, ержүректілік, ерлік, батырлық, қаһармандық және т.б.; төменгі сезімдерге: опасыздық, ұждансыздық, үрей, қорқыныш, шошу және т.б. деп бөліп қарастырды. Жауынгердің жан дүниесін тануда Баукеңнің бұл классификациясы, шын мәнінде, психология ғылымында жаңалық болды деп айту керек. Ұрыс психологиясын майдан жағдайында, ұрыс барысында зерттеген Момышұлының мына схемасы бойынша кез келген адамның бойындағы қасиетін тап басып тани білуге болады.

Лекция барысында Баукең көптеген психологиялық терминдер мен ұғымдарға, түсініктерге арнайы тоқталып қана қоймай қысқа-қысқа анықтама да беріп отырады, рухани күші мықты адам моральдық, адамгершілік тұрғыдан да мықты болып келетіні мәлім, ал әлсіз адам жасық, боркемік, осалдығын көрсетіп алады. Қызыл армия уставында ұрыстың алты түріне анықтама берілген екен, бірақ Момышұлы жана жағдайға сәйкес, ұрыс ұғымын байыта түседі, ол ең алдымен, ұрыс дұшпанға ақылмен,



үрей ұғымына әскери әдебиеттерде ғылыми анықтама берген бірден-бір адам Б.Момышұлы. Қорқыныштың пайда болуы мен оны жеңу жолдары қандай деген мәселені де Баукең тайға таңба басқандай етіп айқындап, анықтап көрсетеді. Батылдық, ерлік ұғымдарын әскери термин ретінде қарастырып, ерлікке тәрбиелеу мәселесіне, оның қайнар көздеріне ой көзімен үнілте түседі. Ақыл, сезім, ерік, ойлау, сенімділік, күдік, ес, зерігу, селкостық, армандаушылық, құлық, екіжүзділік, сезім, әсер, парыз, абырой, ұят, жігерлендіру, үрей, зәресі ұшу, сасу, үміт үзу және т.б. көптеген майдан жағдайында жауынгер бойынан жиі көрініс табатын психологиялық ұғымдарға тоқталып, анықтама беріп, өзінің тәжірибелерімен бекіте түседі, мұнысы, шынында да, командирдің творчестволық тұлға екенін дәлелдейді.

Патриотизм ұғымына, оның элементтеріне арнайы назар аударып, кейбір «республикаларда ұлттық мәдениет пен тілдің негізі қорғалмайтынын» сыңға алды, мәдениеттің негізін бөлшектеуге жол бермеу қажеттігіне екпін жасап, онсыз жауынгердің бойындағы патриоттық сезімді дамыту оңай болмайтына назар аударды. Күншілдік, мақтан сүйгіштік, шешімсіздік, дәстүр, әскери айбындылық, тәртіп ұғымдары әскери тұрғыдан, жауынгерлерді тәрбиелеу мәселесі тұрғысынан алынып қарастырылды, мұның бәрі де жауынгерді моральдық рухани жағынан тәрбиелеу кезінде

Баукең өз тарапынан бұлайша офицерлерді категорияға бөліп қарастыруды сіздер әскери әдебиеттерден таба алмайсыздар деп ескертті. Сондықтан да офицерлерді атқаратын міндетінің ауқымына қарай үш категорияға, осылайша, бөліп қарастыру — бұл да Момышұлының өзіндік ізденісінің нәтижесі, тың тұжырымы болатын.

Ол әскердің миы — командир деп білді, ол ұйымдастырушы, операцияны қамтамасыз етіп, жеңіске жеткізуші басты тұлға болғандықтан, Баукең командирді творчестволық еңбектің адамы, творчестволық тұлға ретінде ашып көрсетіп, дәлелдей білді. Командир солдаттарды тәрбиелеуші, сондықтан ол қарамағындағы жауынгерлерді әскери міндеті мен Отан алдындағы парызын өтеуге жұмылдырады, оқытып, үйретеді, өзі де үйренеді. Командир үшін «...оның бөлімшесі оның академиясы болып саналады. Менің бөлімшем, менің полкім, менің академиям болды», — деп ерекше байлам, соны тұжырым түйіндеді.

Панфиловтың дивизиясы әскери кадрлардан емес, әскерге шақырылған жұмысшы, колхозшы, мұғалім, агроном, бухгалтер сияқты сан алуан мамандық иелерінен жасақталды. Әскери оқу-жаттығу мен арнайы әскери даярлықтан өтпеген адамдардан құралған, мұндай құраммен бірде-бір генерал соғысқа қатысқан емес, Панфиловтың ұйымдастырушылық қызметі мен қабілеті, міне, осында жатыр деп даралап көрсетті. Момышұлы Панфиловтың бар болғаны бір-ақ

айдын ішінде Ресейдің орманының ішінде, батпақты-шалшықты жерлерінде жүріп соғысуға, психологиялық факторларды тез арада игеруге, климаттық жағдайға бейімделуге үйретті, бұл тұрғыдан ол педагог қолбасшы ретінде көрінді, сондықтан да Панфиловты бір туар әскери ойшыл деп баға берді, «Момышұлы — ол өжет мінезді, тактикалық, стратегиялық міндеттерді шешуде жанашылдық танытқан, дұшпанынан әскери ойлауда басымдыққа ие болған генерал деп атап өтіп, оның бейнесін биіктете түсті. Б.Момышұлы бұрын-соңды әскери әдебиеттерде ұшыраспайтын Панфиловтың сегіз түрлі қасиет-қырын сомдап жасады. Панфилов парасатты генерал, ақылгөй генерал, нақты есеп жүргізе білетін генерал, сабырлы генерал, табанды генерал, қайсар генерал, мақсатты генерал, сонымен қатар ол жанашыл (новатор) генерал

дәріс-әңгіме өткізілмесе, Бектің «Арпалыс» повесінің жазылу тарихына байланысты көптеген ең маңызды әрі құнды мәліметтер бізге жетпей белгісіз күйде қалуы да сөзсіз еді.

Әңгіме-дәріс — «Арпалыс» повесінің жазылуының тарихын, бірлесіп істелген жұмыстардың ерекшеліктерін бізге жеткізген бірден-бір әдеби де құжат. Бектің әр повесінің үш рет қайта өңделіп толықтырылып барып, Баукеңнің ақтық қарап түзетулер енгізгеннен кейін ғана басуға ұсынылғанын осы архив материалдары ғана баяндайды. Баукең Бекпен арасындағы қарым-қатынастың оңай болмағанын, әр повестің қайта-қайта қаралып, әбден илеуін келтіргенше аса жауаптылықпен бірлесе тер төгіп, жұмыс істегенін бүкпесіз ашық айтуы тыңдаушыларды да бей-жай қалдырмағаны аян.

шағын-шағын әңгіме сипатында көркем тілмен баяндады, ол тыңдаушыларға қатты әсер етті, себебі бұл боямасы жоқ нағыз майдан шындығы болатын.

Матренино стансысы үшін соғыста батальон командирі тапқырлық, айла-әдіс қолданып, дұшпанды мықтап соғып, жүздеген жауды жер жастандырды. Дұшпанның қоршауында қалып қойған Момышұлының батальонына дивизия командирі Матренино мен Горюны ауданына көмекке бір ротаны жібереді. Панфиловтың аса ауыр қатерге тап болған Момышұлына уақыт тауып жазған запискісі сақталынып қалған екен. Онда: «17 ноябрь, түнгі сағат екі. Момышұлы жолдас, сіздің мәлімдемеңізді алдым. Іс-әрекетіңізге бәрі риза. Табыс тілеймін. Барлық жауынгерлерге менің

ӘҢГІМЕ-ДӘРІСІ

болды. Панфиловтың кездейсоқ қазасына байланысты Момышұлы тебірене отырып атакты жыраулар үлгісімен арнайы ұзақ толғау жазды.

Баукең сондай-ақ өзі полк командирі болып тағайындалған кезде «орныма кімді қойсам екен» деп, әбден толғанып, кіші лейтенант Исламқұловқа шешім жасалды. Ол Баукеңнің сенімін ақтап ерлікпен қаза тапқанда осы қайғылы хабарды естіген бойда іштей езіліп, көңіл күйін қойын дәптеріне өлең жолдарымен түсіріпті. Қайғылы сәттерде қабырғасы қайысқан Бауыржанның бұл жоқтауы да алғаш рет Академияда өткізген әңгіме-дәрісінде қазақ тілінде оқылды.

Момышұлы аудиторияның ерекшелігін ескере отырып, әдебиеттің міндетіне, жазушының парызына, әскери шығармаларда шындықты дұрыстап көрсете алмай келе жатқанымызға қынжылысын, ренішін білдірді. Шындық мәселесін арнайы қарастырып, шындықты жазу парыз деп санады, ал шындықты жазу оңай емес. «Шындық — суреткердің ұлы міндеті» деп атап көрсетті. Шындық ержүректілікті талап етеді, сондықтан Баукең: «Әдебиет майданында жүрген қорқақтар қаншама. Ең аз қарсылық көрсетілетін линиямен жүріп, әрбір қадам басқан сайын жалтақ-жалтақ қарап, сужүректік танытатын кейбір жазушылардың мінез-құлқына, жүріс-тұрысына менің зығырданым қайнайды», — деп өз тұжырымын пікірін кесіп айтты. Өлімнен бетпе-бет келіп, талай шайқастардың тақсиретін, қайғы-қасіретін басынан өткерген тұлға ғана дәл осылай айта алады. «Әдебиетке атсалысып жүрген көптеген адамдар нәліктен өз кәсібіне адал емес? Ал мұның өзі бүгінгі таңда өте қауіпті құбылыс емес пе?» деп аудитория алдына сұрау тастады. Бұл мәселе өз кәсібіне адалдық мәселесі Баукеңді қатты толғандырған, жауабын іздеуді талап ететін дилігі проблема еді. Кітап жөнінде толғана отырып «Кітап — адамзат әлемінің азаматы» деген қанатты ой-пікірін аудиторияның ортасына салды. Кітаптың адамзат тарихы мен тарихи прогресс жолындағы миссиясын мейлінше кең ауқымда көрсете алды.

Шындық мәселесіне үнемі қайта-қайта оралып отыратын Момышұлы: «Шындықты жазу — заң, себебі өтірік — әдебиетке, мәдениетке, келешегімізге кесір», — деп түйіндеп тастады. Оның бұл аталы сөзінен ғибрат алуымыз қажет еді, бірақ ол күні бүгінге дейін орындалмай келеді. «Ерліктің атаусыз кетуі — халықтың трагедиясы», — деп атап көрсете отырып — олардың ерлігін, қан төгіп ерлікпен соғысқандың жазбаған сендердің көбінді тарих дарға асады. Масқара етіп байлайтын бағанаға танады» деп ауыр күрсінді. Бекке ауыр міндет жүктеп өз еркіне мойынсындыра білген Момышұлы қазақ қаламгерлерінің де алдына тарихи міндет, азаматтық міндет жүктеп, парыздарын орындай алмай келе жатқанына қатты-қатты сын айтты. Баукең жазушылардың, журналистердің, баспагерлердің міндеттеріне 1942 жылдың өзінде қаламгерлерге жазған хатында батыл әрі өткір қойған болатын. Майдан даласында, соғысып жүріп, жауынгерлерінің рухани мұраға сусындап отырғанын, бұл міндетті Қазақстан жазушылары мен баспагерлері орындай алмай келе жатқанына қынжылысын білдірген еді.

Баукең әңгіме-дәріс барысында баяндап отырған жағдайға байланысты Бекпен екеуінің бірлесіп істеп жатқан жұмысына жиі-жиі тоқталып отырғанын айту керек, онысы қажеттілік те болатын, бұл материалдар дәріс мазмұнын толықтырып, аша түседі. Егер де 1944 жылғы

«Арпалыс» повесінің Мәскеуде екі рет талқыланып, жазушылар тарапынан қатты қызығушылық тудырғаны мәлім. Бірінші рет 1943 жылы талқылау кезінде Момышұлы бүкіл повестің бағдарламасына, повесте айтылып, көтерілетін мәселелерге, жазылып жатқан жайларға тоқталса, екінші рет 1944 жылы талқылауда тағыда алда істелініп жатқан жұмыстардың барысын баяндайды. Бірінші талқылаудағы сөзінің стенограммасы 24 бет болса, екінші рет талқылау кезінде сөйлеген сөзі — 19 бет.

Сонымен, Баукеңнің әңгіме-дәрісінде айтылған аса маңызды мәліметтер осы Бектің «Арпалыс» повесіне қатысты болуының себебі осында. Әңгіме барысында ұлттық ерекшелік, ұлттық мінез-құлық, ұлттық рух, ұлттық дәстүр мәселесіне Баукеңнің соншама терең үңіліп зерттеп, зерделенгеніне қайран қаласын. Ұрыс даласында ұлттық ерекшеліктердің жаю әскер бойынан, оның болмыс-бітімінен көрініс беретінін, бұл қасиеттердің бетпе-бет шайқаста барынша айқын ашыла түсетінін соншама нәзіктікпен байқап, бақылай білген қолбасшының творчестволық тұлғаның нағыз өзі екеніне көзіңіз жете түседі. Қолбасшы ретінде Панфилов та солдаттарға әкедей қамқорлық көрсетіп, олардың жай-күйін білу үшін алғы шепте, блиндаж бен окоптарда болып, жағдайды өз көзімен көріп, жауынгерлерге жігер, рух, қайрат бере білсе, Баукеңді де қарамағындағы жауынгерлері әділдігі, турашылдығы, батылдығы, тапқырлығы, әдіс айламен ұрыс жүргізе отырып күші әлденеше басым жаудың қоршауынан шығып командованиенің берген тапсырмасын абыроймен орындағанына сүйсініп, құрмет тұтатын. Ол да қарамағындағы жауынгерлерінің ерекше сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленді. Баукеңнің солдат бейнесіне аса бір жылылықпен кеңірек тоқталып отыруында үлкен мән бар. Ол: «Мен солдаттан нәзік, биязы жан жер бетінде жоқ деп сенімді түрде айта аламын», — деп тұжырым жасады. «Командир — жеңістің атасы» болса, солдат — сол жеңісті қамтамасыз етуші, жеңістің тірегі.

Б.Момышұлы алғаш рет шешілмей келе жатқан өзекті мәселелер қатарында Қызыл Армиядағы ұлт мәселесі деп атап көрсетті. Бұл мәселеде айқын позиция ұстанды. Соғыс жағдайында, әсіресе армияда ұлт мәселесі ескеріле бермегені, әскери шовинизмнің зардабын ұлт солдаттарының аз тартпағаны жасырын емес.

Осы жерде Момышұлы 1941 жылы 18 октябрьде түнгі сағат екіде Середа деревнясына алғашқы шабуыл жасағанын, тапсырманы сәтті орындап, жауынгерлер аман-есен қайтып оралғанын мысал ретінде келтірді. Ең алғашқы сәтті ұрыстың солдаттардың психологиясына қатты әсер ететініне назар аударды.

Майор Шехманның 1077, Елиннің 1073-атқыштар полкіне, Капровтың 1075-полкінің ұрыс қимылдарына жеке-жеке тоқталып, ұрыстың барысын, қалыптасқан қиын жағдайды баяндады. 1941 жылдың 18—22 октябрь аралығындағы дивизияның ауыр шайқастар жүргізгенін, Лысенконың, Гариповтің, Т.Токтаровтың, М.Фабдулиннің ерліктерін бөле-жара атап көрсетіп, бүкіл ұрысқа Панфиловтың басшылық жасағанына тоқталып, ұрыс жағдайын аудитория алдында барынша бейнелі тілмен баяндап береді. Б.Момышұлы әңгімесінде ең күрделі ұрыстың көптеген эпизодтарын әңгімелеп берді, ұрыс эпизодтарын

ізгі ниеттігімді жеткізіңіз». Бұл құжат Баукеңнің блокнотының ішінде сақталып қалыпты.

Момышұлы генерал Панфиловпен ең соңғы рет 17 ноябрь күні түнде байланыс жасады, бұл ең соңғы байланыс болатын, келесі күні дивизия генералы кездейсоқ жағдайда жүрек тұсына минаның жарықшағы қадалып, қаза тапты. Момышұлының батальоны дивизия командирі Панфиловтың тапсырмасын Отаны ана алдындағы парыз ретінде қан төгіп орындап шықты.

1941 жылдың 17 ноябрь күні дивизия бөлімшелерінің жауынгерлері Отан тарихында жаппай ерлік көрсетудің айқын өнегесін көрсетті. 1077-атқыштар полкінің учаскесінде 11 сапер жаудың 20 танкісіне қарсы шайқасып, бәрі мерт болды, бұл Соколово деревнясында жасалынған ерлік болатын, Мыканоно деревнясы маңында лейтенант Угрюмов, саяси жетекші Георгиев басшылық жасаған он жеті жауынгер 25 танкіге қарсы шайқаса отырып, 8-ін өртеп жіберді. 1075-полктің аға лейтенанты Гундиловичтің төртінші ротасының Клочков бастаған 28 жауынгері жаудың 50 танкісіне қарсы шайқасып, ілгері жібермей тоқтатып тастады. 28 батыр 50 танктің өртеп жіберді.

Б.Момышұлы «ең ауыр шайқас Крюкова теміржол стансысы үшін болды», деп атап көрсетті. Себебі дұшпан осы станцияны басып алып, Ленинград тас жолына шығуды жоспарлады. Міне, 1941 жылдың 1 желтоқсан күні таң атасымен шайқас басталып, бірінші күні немістерді алға жылжытпай қояды, екінші күні Крюковада алты сағатқа созылған, үшінші күні 12 сағатқа созылған ұрыс, ал төртінші күні он сегіз сағатқа созылған өте ауыр шайқас жүргізілді. Бұл кезде бұған дейін батальон командирі ретінде Момышұлы 27 ұрыс жүргізіп, жауынгерлерін қоршаудан аман-есен алып шыққан болса, полк командирі ретінде 13 шайқасқа басшылық етті, мына сұрапыл жан алысып, жан беріскен шайқасан кейін полкінің саны мүлде селдіреп қалған еді. Осындай ауыр сын сағатта картаға қайта үңілді: «Крюководан шегінгеннен кейін біз соғыса алатын Москва қаласының картасы көзіме қара дақтай, масқаралық дағындай көрінді. Москва көшелеріндегі жүргізілетін масқара ұрыстарға қатыспауға шешім қабылдап, мен өз картамың бәрінен Москва учаскесін қиып алдым да, бұл бөлікті адъютантыма беріп, отқа жақ деп бұйырдым. Москва учаскесі қиып алынған 31 ноябрь деп белгі қойылған картаны сіздер 19-гвардиялық полктің архивінен таба аласыздар». Крюководан әрі шегінетін жер жоқ еді, арқамызда Москва тұрды.

Момышұлы полкі Крюкованың батыс жағына жылжытып, 31 ноябрь күні бекініске көшті. Сол күні барлық бөлімшелерінің командирлерін жинап алып: «Бірде-бір адал офицерге, командирге, солдатқа Крюковадан әріге баруға мен рұқсат етпеймін деген шешімді хабарладым. Бұл полкті өліспей беріспеуге, жауды ілгері бастырмай тоқтатуға, өлімге, қатерге бас тігу болатын. Бірақ бұған дейін күші әлденеше есе көп дұшпанмен шайқасып, ұрыста шеберлік көрсете білген дивизия бұл қатерден де тайсалмай, жол таба білді. 1941 жылы 8 декабрьде Крюково жаудан тазартылды. Сөйтіп, біздің әскерлеріміз қарсы шабуылға көшті. Момышұлы мына эпизодқа тоқталып өтеді.



Немістер қарсы сокқы беру үшін Соколово деревнясын плацдарм ретінде қолданбақ болды. 1075-Момышұлы басқаратын полкке Соколово деревнясының солтүстік батыс тарапынан шығып, таңғы сағат 8-де Трошково деревнясын жаудан тартып алу міндеті қойылды.

«Егер жаудан ертен таңғы сағат 8-де деревняны тартып алсаң, онда мен сені Суворов деп атаймын», — деді генерал Чистяков» ол бұл кезде дивизияға басшылық ететін. Момышұлы барлық жайды зерттеп, біліп, мынадай шешім қабылдайды: «Бір Трошковоны тартып алғанмен, міндет орындалмайды, «барлық алты жолды және барлық алты мекенді тартып алу қажет». Бауыржан Момышұлы генерал Чистяковтың қойған міндетін абыроймен орындап шықты.

Лекцияны конспекттелеп, жазып отырған М.Әуезовтің жазушылық қиялына Трошковоны алу операциясы қатты қозғау салды, ол осы уақиғаны сипаттап, әңгімелеп беруге арналған «Ер серігі — сергек ой» деген шығарма жазды. Онда Бауыржан баяндаған оқиға әңгіме желісіне арқау болып тартылды. Бұл «Намыс гвардиясы» атты пьесадан кейін Баукең туралы оның өз әңгімесінің әсерімен жазылып тасталған шағын эпизод болатын. Тегінде, М.Әуезов Момышұлы өз шығармасының кейіпкері етпек болған ниеті осы әңгімеде байқалады.

Б.Момышұлы әңгімесін 1942 жылғы қысқы науқанмен аяқтайды. Ол: «Жаманның қолына бергенше, жақсының жолына таста! Мен бітім! Мен тастадым!» — деп сөзін бітірді, сөйтіп, өзінің қоятын шарттарына назар аудартады. Баукеңнің қойған шарттары Сәтбаевқа арнап жазылған еді, онда осы өзі қалдырып кетіп бара жатқан материалдарды, онымен жұмыс істейтін кісілердің міндеті туралы айтылған.

Алты күнге созылған лекция, шын мәнінде, аса жемісті болды, ол ғылыми, шығармашылық мүлде тұрғысынан алғанда да аса жоғары ғылымилық, көркемдік деңгейде, философиялық толғаныс, психологиялық пайымдау өресінде өткізілді, шешендік өнердің, көсем сөйлеудің бұл нағыз үлгісі болды.

Б.Момышұлы командир ретінде генералдық қызмет атқарса да, шовинистік пиғылдың жолына кесе көлдене жатып алуы салдарынан генералдық шенге ие бола алмады. Ұлы тұлға көрер көзге қиянат, тарихи әділетсіздік жасалынды, ондаған жыл бойы әскери шені өсірілмеді, содан амалсыз отставкаға кетті. Баукең әскери ойлау деңгейі жағынан генерал түгілі маршалдық деңгейдегі интеллектуалды тұлға болатын. Бірақ ол әдебиет майданында, қазақ әскери әдебиетінің негізін салды, классик жазушы деңгейіне көтерілді, қазақ, орыс түгілі дүниежүзі халықтарының ең сүйікті жазушысына айналды. Ол әдеби данқ тұғырына көтерілді.

Мұхтар ҚАЗЫБЕК,
жазушы

Қарлығаш ҚАЗЫБЕКОВА,
педагог, психолог

Кеңес Одағы тұсында «Ұлы Отан соғысы» деп айдар тағылған, қазаққа ғана емес, бүкіл кеңес халқына орны толмас қасірет әкелген соғыс, шын мәнісінде, ешқандай да «Отан соғысы» емес, екінші дүниежүзілік соғыс екеніне енді ғана көзіміз жетіп отыр.

киімсіз, әскери дайындықтан өтпестен бірден соғыс отына кіргізілді. Майдан даласына кірген екі жарым миллион жасактың 150 мыңнан астамы (!) ғана тірі қалды.

Майдангер қарияның естелігі...

...Осы жолдарды оқи отырып «Сұмдық!» деген сөздің аузымнан шығып кеткенім өзім сезбей қалдым. Түнеу жылдары жеңіс күні қарсаңында газетке жазу үшін соғыс ардагері, Қаратал ауданының Құрметті

еңбек етіп, жеңіс сағатын жақындатуға зор үлесін қосты. Ұлтымыздың мақтанышы, әлемге қазақты танытқан атакты палуан Қажымұқан Мұңайтпасұлы өз қаржысына самолет жасатып, соғысқа жіберді. Майданға жөнелтілген оқтың үштен екісін Қазақстан берді. Қазақ майдангерлері ерлік пен батылдықтың үлгісін көрсетті. Берлиндегі рейхстагқа Ту тіккен Рахымжан Қошқарбаевтың аты аталмай, бұған еш қатысы жоқ Кантария деген грузин мен орыс Егоровка телінуі қазақ ұлтының батылдығы мен батырлығына ешқашан көленкесін түсіре алмас. Балам, бұл соғыс біз үшін ешқандай да жеңіс емес! Миллиондаған адамды жоғалтып, соншама адамды жетім-жесір еткен, адам қаны мен көз жасы судай аққан жеңіліс! Сондықтан майданда қаншама аға, бауырларымызды, қандастарым мен отандастарымды жоғалтқан мені де, соғысты да газетіне жазбай-ақ қой, — деп сол қызыл қасап қантөгісте қаза болған майдандас достарының бейнесін көз алдына келтіре отырып, жанарынан жасы сорғалаған майдангер қария жаны күйзеле, жүрегі жылай әңгімелеп берген еді...

Он ағам майдан даласынан оралмады...

...Бұл сұрапыл соғыстың ланы шарпымаған шаңырақ бар ма? 2018 жылы Алматы «Runa» баспасынан қараталдық даңғайыр заңгер, саналы өмірін прокуратура қызметіне арнаған Әбдіқажым Рысәулетов (марқұм, иманы жолдас болсын) туралы «Аудан прокуроры» атты деректі повесім жарық көрген болатын. Сол кітапқа енген, прокурор Әбекеннің жұбайы, жоғары білімді заңгер Сейілхан Матхалыққызымен жүргізген сұхбаттан шағын үзінді келтірмекпін. «...Өмір дегенін сынаптай сырғып өте шығады екен. Күні кеше ғана тұлымшағы селтнген тентек, шолжандаған еркекшора ерке қыз едім. Әкем — Матхалық отбасының тұңғышы, он бір баланың үлкені болыпты. Анасы, яғни біздің әжеміз ең кенжесін туу үстінде дүниеден өткенде, әкем әлі кәмелет жасына толмаған бозбала екен. Көп ұзамай әкесі де қайтыс болып, үйдің барлық тауқыметі әкемнің мойнына түседі. Әскерге шақырылып, борышын өтеп жүргенінде фин соғысы басталып, соған қатысып, елге аман-есен оралады. Оралғанын қайтейін, біраз жылдан соң, Отан соғысы басталып, әкемнің майданға бару жасынан асып кетуіне байланысты «трудовай армияға», яғни соғысқа қатысты бар нысандарда жұмыс жасауға жөнелтіліпті. Құдай енді қайтара басқа салмасын, екінші дүниежүзілік соғыс деп аталған бұл қан-қасап шайқастың қазақ халқына қандай қасірет шеккізгенін біздің әулеттің тартқан қиямет-қайымынан-ақ аңғаруға болады. Қиямет емей немене, үйленіп, бірнеше сәби сүйгені бар, үлпек мұрты енді ғана тебіндеп, әлі шаңырақ құрып та үлгермей соғысқа аттанған тепсе темір үзетін он (он!) ағамның бәрі майдан даласынан оралмаса...

Өзім кейіннен ес жиып, етек жапқан кезімде, сол әке есебіндегі ағаларымның өлі-тірісін білу үшін Москва, Ленинград қалаларындағы әскери архивтерге сұрау салдым. Еш нәтиже болмады. Бір ағам туралы ғана «Москва үшін шайқаста ерлікпен қаза тапты» деген ұлтарактай ғана қағаз келіп, қалған тоғыз бірдей арыстай азаматтың бәрі өлі-тірісі белгісіз, хабар-ошарсыз кетті! Әулет үшін бұл қандай қиямет, қандай қайғы десеніңші! Еліміз бойынша осындай қасірет шеккен әулеттердің қаншама екенін бір Құдайым білсін! Сол атын өшкір соғыс болмаса, әкемнің он бауыры он шаңырақ болып, олардан тараған ұрпақтары дүйім бір ауыл болып отырмас па еді?!» — деп Сейілхан Матхалыққызы көз жасына ие бола алмай, өксіп-өксіп жылаған-ды...

Ағасы бауырына қару кезеп...


...2020 жылы «Тоғанай Т» баспасынан анамның жарық дүниеден өткеніне 15 жыл толу қарсаңында ас беріп, асқа жиналған жұртшылыққа тарату мақсатында «Анамның ақ таны» атты деректі повесть жазып, шығарған едім. Повестің сол сұрапыл соғысқа байланысты жерінен үзінді

келтірмекпін. «Ертеректе бойына тылсым күш дарыған көріпкел, киелі де қасиетті адамдар көп болған ғой. Солардың бірі өзіне кие қонған және бойында емшілік қасиеті мол нағашы атам Нүсіп екен. Бабамыз Садықтан Нүсіп, Нүсіптен Уәли және Жүніс атты ұлдары мен Ғәдәмбану, Ғиззатбану (менің анам) атты қыздары тарайды. Ұлдарының азан шақырып қойған аттары солай болғанымен, Советтің солақай, орыстандыру саясатына сай құжаттандыру кезінде Нүсіп — Юсуп, Уәли — Вали, Жүніс — Юнус болып өзгеріп шыға келген.

...Анам Ғиззатбану ғазиз әкесіне деген сартап сағыныштан толқи отырып: «Атам (әкесін «ата» деп атаған екен. Ғ.Ю.) «Рәфик, Ғакиф пен Мұстағакиф нағашыларың соғысқа аттанарда, ұлдары жаңа туғандай қайтадан азан шақырып, дұғаларын оқып, Алладан ұрпақтарының аман-сау оралуына жәрдем тілеп аттандырған еді. Қазақта «киелі жерден ат үркер» деген жүйелі сөз бар. Атамның киелі, қасиеттілігі сол емес пе, Рәфик нағашың фин соғысына, герман және жапон соғыстарына қатысып, қаншама рет ажалмен бетпе-бет келіп, ауыр жараланса да, елге аман-есен оралды. Ғакиф пен Мұстағакиф нағашыларыңның да қан-қасап майданнан тірі қалып, жеңіспен оралуы — қасиетті Нүсіп атамның киелі дұғаларын құдіреті күшті Құдайымның қабыл алуынан», — деп жанарына жас тола әңгімелеп бергені бар.

Енді кітапта баяндалған Мұстағакиф нағашымының маған айтқан әңгімесін оның өз сөзімен өрбітейін: «1942 жылы он жеті жастағы мен соғысқа аттандым. Азық-түлік, оқ-дәрі, тұмсықтары сорайған зенбіректер мен брезентпен жабылған танкілер тиелген составтың жүрісі өнбейді. Әр разезд, бекеттерге сағат бойы ғана емес, тәуліктеп тоқтап, шабан аттай жүрісі мандымаған пойыздағы «тезірек майданға жетіп, сұм фашистің сазайын тарттырсақ екен» деген мен сияқты солдаттардың шыдамы таусылуға жақын. Екінші полкіде аунақшып жатып көзім ілініп кеткен екен, құлағым «Алдағы станцияда сенің Рәфик ағаң жүр. Сонымен қауышасың» деген даус анық естілді. Оянып кетіп, ұйқым шайдай ашылды. «Бұл не, шынымен алты жыл бойы көріспеген қан майдандағы ағаммен жолығамын ба, жоқ әлде жай сандырақ түспе?» — деп, анық естіген құлағым да сенбей жатқанымда пойыз бір станцияға тоқтады. Жабық вагоннан секіріп түсіп, алға қарай алаңдай жүгіріп келем. Бір мезетте темекі шегіп, әлденені қызу талқылап тұрған орыс өнді майор мен аға лейтенант шенді мұсылман тектес әскеріге көзім түсті. Анықтап қарасам аға лейтенант шеніндегі офицер Рәфик ағамға ұқсайтын сияқты, енді бір қарасам, ұқсамайтын да сияқты. Өз көзіме өзім сенбей, қастарынан екі қайтара өтіп кетіп, үшінші рет қайта оралып, жандарына кідіре бергенім сол еді, «өз ағам ба?» деп ұқсатқан офицер он қолымен жамбас тұсындағы кабурасын ағытып, пистолетін суыра бастады. Енді сәл кешіксем, іс насырға шабатынын сезген мен жалма-жан: «Вы мой брат?!» — деп айқай салдым. Ол менің бетіме бір сәт аңырайып қарап тұрды да: — Құдайым-ау, сен шынымен Мұстағакифпісің? — деп, маған қарсы жүгірді. — Мен! Мен ғой! — деген жауабым мен жылау араласқан ашы даусым қатар шығып, сол арада құшақтарымыз айқаса кетті. Екеуіміз де еңірей жылап, беттерімізден кезек сүйсініп жатырмыз. Құшақтарымыз бір жазылып, «шын ба, өтірік пе?» деп, сенбегендей, бірі-бірімізге қарап, қайта айқасып, өксігіміз де басылды-ау бір кезде! Сонымен, қойшы, ағам мені ертіп составтың подполковник шеніндегі командиріне апарып, үш күнге сұрап алды. Үш күн бойы құшақтарымыз бала кездегідей айқаса қатар жатып ұйықтап, құмарымыз қанғанша әңгімелесіп бір жасап қалған едік...» — деп әңгімелеп отырған нағашым сол сұмдық сәттерді көз алдына келтіргендей, көз жасына ерік беріп, мен де оған қосыла жылап, «соғыс» деген атың өшкір тажалға лағнет айтқан едік. ...Лағнет айтпай қайтейік, туған бауырлар бірін-бірі танымай, жат көріп, қару кезенуге дейін жеткізген соғыстың ланына қалай қарғыс айтып, қалай лағнет жаудырмасын?!

ТАРИХ СОЛ СОҒЫСТЫ КЕШШІРМЕЙДІ



Фабдул — Сәбит ЮСУПОВ,

жазушы-журналист, Кемел Тоқаев атындағы детектив жанры байқауының лауреаты, Қаратал ауданының Құрметті азаматы


«Ұлы Жеңіс» деп әспеттелгенімен, іс жүзінде адамзатқа зор қайғы әкелген «Ұлы жеңіліс» екенін де сол орыстың үлкен әскери қолбасшылары мойындап отыр. Сөзім құрғақ болмас үшін Кеңес Одағының маршалы Иван Коневтің ерекше тапсырмалар бойынша көмекшісі болған генерал-полковник, хабарсыз кеткен және қаза тапқан Отан қорғаушыларды мәңгі есте қалдыру және іздеу орталығының президенті Степан Кашурконың «Жас Алаш» газетінде (№37, 9 мамыр 2019 ж.) «Сталиннің жеңісі — халықтың қасіреті» атты тақырыппен жарияланған жазбасына көз жүгіртейік (қазақшаға аударған журналист Алмас Нүсіп).

«...Қайдағы жеңіс туралы айтып отырсың?! Ол соғыс — бізге жеңіс емес, қан судай ағып, бүкіл елді тұралатып, орны толмас қасірет әкелген үлкен жеңіліс! (Коневтің Кашуркоға айтқаны. Ғ.Ю.) ...46 миллион 250 мың адам жараланды. Үйіне оралған 775 мың жауынгердің бас сүйегі жарылған. Бір көзі жоқтар — 115 мың, екі көзі жоқ соқырлар — 54 мың. Қарны жарылғандар — 444 046 адам. Жыныс мүшесі жұлынғандар — 28 648, қолы жоқтар — 1 миллион он мың, бір аяғы жоқтар — 3 миллион 255 мың, «Самаурын» аталып кеткен, қол-аяқсыз допша домалап қалғандар — 85 942 жауынгер». Бұл жан шошырлық статистика емес пе?! «25 маусымға қарай үш күн ішінде жау әскері 250 километр ішкерілеп енді. 28 маусымда жау Беларусь астанасы Минскіні алды. Сырттан орау тәсілімен Смоленскіге жақындады. Шілденің ортасына қарай 170 совет дивизиясының 28-і толықтай қоршауда қалды, 70-і орасан зор шығынға ұшырады. Қыркүйек айында Вязьмоға қарайтын 37 дивизия, 9 танк бригадасы, резервтегі Бас командование және төрт далалық армия басқармасының 31 артполкі қоршауға алынды. Брянск маңында 27 дивизия, 2 танк бригадасы, 19 артполк және далалық басқарудың үш армиясы қоршауда қалды. 1941 жылдың өзінде ғана 170 совет дивизиясының 92-сі, 50 артполк, 11 танк бригадасы және 7 армия қоршауға түсіп, қайта шыға алмады. Бұлардан бөлек қосымша 10 миллионнан астам адам жұмылдырылды. Екі жарым миллион еріктілерден 50 жасак дивизиясы және 200 жеке атқыштар полкы құрылып, олар ешқандай қару-жараксыз,

азаматы, шежіреші, абыз қария Сейдахмет Қосжановпен әңгімелескенде майдангер атанып айтқандары ойыма оралып, соғыс суреті қаз-қалпында көз алдымнан көлбеп өте берді. «Сталин бастаған әскери басшылықтың Совет әскерінің жаппай қырылып, тірі қалғандары жау қолына бір қаладан соң екіншісін тастап, тек шегіне берген қауқарсыздығына не істерін білмей сасқаны ма, әскерді үсті-үстіне майданға қойша тоғыта берді. «Әскер» деген аты ғана, сенсең де, сенбесең де сол, үш адамға бір мылтық беріліп, кейбірінде ол да болмады. «Тірілерің өлген солдаттың мылтығын алып соғысыңдар!» — деп, тағы да қосымша әскер ісіне еш дайындығы жоқ 1905 пен 1918 жылдардың аралығында туған азаматтарды әкеп соғысқа салды. Оқ-дәрінің ісі мұрнына бармаған, қалай қорғанып, қайтіп сақтануды, тіпті мылтық атууды да білмейтін сол боздақтардың еш жазықсыз қынаша қырылып, қандары суша аққаны қазірге шейін көз алдымда. Аспаннан бомба, снарядын бұршақша жаудырып, танк, зенбірек, пулемет, гранаттармен мұздай қаруланған, Еуропа елдерін жаулау барысында соғыс тактикасының қыр-сырын менгерген неміс армиясына қарусыз адам не істей алсын?!» — деп майдангер қария жанарынан жасы тамшылай отырып әңгімелеген еді.

— Аға, «Мы — несокрушимая и непобедимая великая армия» деп, әндетіп жүрген Кеңес армиясының осынша қырғынға ұшырауына не себеп болды?

— Ең бірінші себеп — Армия жетекшілерінің соғысқа дейінгі сталиндік тазалауға ұшырауы, яғни білімді де білікті генералдар мен жоғары шенді армия офицерлерін «өзінің орнын тартып алуы мүмкін» деген қорқынышпен соттатып, атқызып, қудалауы. Мұндай тазалауға осы соғысқа дейін «халық жауы» деген желеумен алаштың қаншама бетке ұстар ардақтылары ұшырады. Екінші — Сталиннің ешкімге сенбейтін өзінбілерлігі, жау күшін жете бағаламай, кеңестік армияның ешқашан «жеңілмейтініне» ессіздікпен сенуі. Үшінші — тағы да сол мұртты тиранның адам баласын шыбын құрлы көрмейтін мейірімсіздігі, қаныпезерлігі мен қатыгездігі. Сол қаныпезерлігі емес пе, «тұтқыңға түсу болмасын, ондай жағдайда соңғы оқты өзіңе жұмса» деп бұйрық бергені, соғыс біткен соң да, ауыр жаракаттан естүссіз, шарасыз қалып, жау қолына түскен солдат-тұтқындарды «отанын сатқан» деп, ең кемі 10, әйтпесе 20-25 жылға соттатып жіберуі. Сәл кейінірек, Сталин қайтыс болған соң ғана сол тұтқындар бостандыққа шығып, сот арқылы ақталды. Егер өлі-тірісін қосса, екінші дүниежүзілік соғыс жылдары фашистік тұтқында өлген, Сталин жау, «дезертир» атаған төрт миллиондай совет жауынгері мен командирін санап аласыз. Орман-тоғайлар мен дала-сайларда екі миллионнан астам боздақтың сүйегі көмусіз қалды. Ресми құжаттарда олар «хабар-ошарсыз кеткендер» тізіміне енгізілді. Бұл сұрапыл соғысқа қазақ елінен жарты миллионға жуық адам қатысып, оның үштен екісі майдан даласынан оралмады. Тылдағы халық күн демей, түн демей



**Мейрхан
АҚДӘУЛЕТҰЛЫ**

Бейуақтағы мінәжат

Ілінерде күннің қызыл кірпігі
дертім менің меңдеді,
Өмір өзі-ақ өлтіреді бір күні,
өлтіріспе Сен мені!

Мұса,
Ғайса,
Мұхаммедтің көп ішкен,
тауыспаған кермегін
жұтам үнсіз.
Үмітім жоқ жеңістен.
...көзімнен сүй сен менің!

Ернім емес,
ет жүрегім кезеріп,
жоқ сусынға шөлдеппін.
Ажал-құрдас ақ мылтығын кезеніп,
«Кеттік!» десе, мен кеттім!..

— Бізге неге баянсызды аңсаттың,
е-ей, есі бар Күдіре-ет?..
...Босқа налып, болмашыға шаршаптын —
көзімнен сүй бір рет!

Түнге сіңіп жоғаламын мен ертең
аямайды Сені Көк...
Өзім түгіл, өлердей мас көлеңкем
«Өмір!» деп тұр еңіреп!

Аллаһу да аяп басар кеуденің
үнсіз айтқан зары бұл —
өмір өзі-ақ өлтіреді.
Сен мені
өлтіріспе, Жарығым!
Көзімнен сүй Сені көріп жұбанған...

Мойындау

Ұмыттым бәрін!
Өзгенің ұмыттым бәрін —
Өртенуден соң сөнудің жуық тұрғанын,
Үміттерімді
жоқ іздеп мұнарды кешкен,
Күдіктерімді...
Мұңды да шығардым естен
Бұл күдіретіңмен сен бәрін ұмыттырасың.
Көзіңмен оқып бір дұға,
күліп тұрасың.

Күліп тұрасың,
жүзіңе көп телміремін,
Өзіме-өзім қимастаның неткен гүл едің?
Әмірің жоқта жайғасып жақұт тұғырға,
Ханымын құшқан ұқсаймын бақытты құлға!
Дүние-ай...
бұл да баянсыз.
Жалтырап, әрең,
Жазмышпен жаға жырттысар қалпыма келем.

Қалпыма келем,
Мойнымнан білегіңді алам,
Қорғансызым-ай,
теліген тілегін маған.
Ыстық сен жайлы
ыршытқан жасыным қарып,
Сап-салқын ойға оранам батылым барып...
Терезесі ашық жанымның көресілерін
тең бөлесің,
соныға көп өкінемін.

Көп өкінемін,
өзім-ақ көретін едім.
Көргісіз отты өзіңе неге тіледің?
«Қып-қысқа-ау ғұмыр,
Қып-қысқа, неғыласың?» — деп,

Қасыңда тұрған өзімді сағынасың кеп!
«Өткініші...» деуге дәтің жоқ,
таңдай қағасың.
Тәттіні татқан Хауадан аумап қаласың!

Аумап қаласың...
Ал, мені,
Адам атаны
сенделткен сезім жетелеп бара жатады!

Ән

Қайтатын құстар салады бір ән
«Өтті ғой бәрі...» деп өксіп.
Толған Ай-қыздың жамалы қылаң,
Телмірем соған емексіп.

Жанымда тұрған ойланбай күліп,
Жаным сол — жарты Ай сырғалы...

Біз қонар жұрт — Сорқұдықтың маңайы,
Сайқал тағдыр — Бекторы қыз торыған.
Біз — Алашпыз
тайқылықтан талайы
сұмдық түсін сұлулыққа жорыған...

Алдай берсін аяу білмес сенгені —
Тәстік тірі!
Есенғали, рас бұл.

Көне сүрлеу. Жол әні

«Түсініңдер,
түйсініңдер,
ұғыңдар:
жүрмін жұтып у аралас шырын-бал.
Шаттығым бар мың дастанға сыймайтын,
мың дастанға қимай-тұғын мұңым бар!».

Күбір

«...ұлып жұртқа қайтқан ой».
Абай

«Екеу таза киімім —
бір иткөйлек,
бір кебін.
...Күллі әлемдік күйелеш,
мен де өзіңмен біргемін!
Бар арманым — тазалық.
Кірлегеннің арманы...»
Мұны айтуға жаныңның тәуекелі бармады.

Соны біліп өлді өлең.
Ұят кетті сенделіп.
Өзің сенбес Бақыттың әнін айтсаң —
сен де — өлік!
«Аңқау елге Ібіліс пір болады», —

БАЯНСЫЗ ҚҰСПЫЗ БІЗ-ДАҒЫ...

Санамда бір ой салғандай бүлік;
«Баянсыз құспыз біз-дағы...».

Қайталап қаздар,
тырналар да әнін,
Қай-қайдағыны қозғаса,
«Осы ма, — деймін, — бұлдағандағың,
көрінбес бақыт көзге аса...»

Толған Ай сонда бұлтқа кіреді,
Зіл-мұңын маған бұлдамай.
Құрысып тұрып Құртқа-жүрегі,
Күледі үнсіз.
Бұл қалай?..

Көз жасын тежеп, зорға күледі,
Көлегей тұтып білегін.
Құстардың әнін ол да біледі,
Тірінің қозғар жүрегін:

«Қайтады бәрі мұратты айдынға,
Кімде мұң басым,
Кімде арман?..»
Бұлт шалған Айды жұбатпаймын да,
көзінен сүйем дымданған.

...Мұнартып кеудем, мұңая қарап,
Айға ұқсас жанды ақтамақ
қалтырап қолым,
тұрам аялап,
Шын сүйіп...
Со-онша қатты аяп!

Өле алмайтын ертегі

(Есенғали Раушановқа)

...аңғал едің
алдап тынды сенгені.
Ертегі өлді,
Есенғали, рас бұл!
Жалған емнің
зар қақтырды кермегі
мені аясаң, жаңа ертегі құрастыр.

Сеңдей көшкен дүние бізден озарда
бір боқтармыз
«сеніп едік...» деп өксіп —
Телмеңдескен құс жолына бозарған
жетім елге
жаңа ертегі айт. Емексіт...

Берері жоқ безбет көкке телмірген
Жусан — ағам ... жоқ бақыттан дәмелі.
Бауыздама ертегіні сен бірден!
Бізге ...соған сеніп өлу — әдемі:
Арғы тегін Авраамға тіреген
(Ебіреймен егіз туып, бір қалған!)
Алаш қой бұл...
Айға да азу білеген,
желіктірсе жылқы-қиял, жынды арман!..

Әр ертегіші «әкеңмін!» деп алдаса,
Әзиз елдің асқынады дерті өстіп.
«Нағыз қазақ — домбыра» емес. Аңдасаң,
Нағыз қазақ —
кемпір туған Ер Тәстік!

Солай...
ылғи Тәстіктерміз біз деген,
артқандаймыз кімдерге өкпе, неге мін?
Кәрі әкеміз (жаннан күдер үзбеген!)
жалмауызға беріп кеткен егеуін.



Миы жетпес мың сан дана, ұлының,
Көне сүрлеу,
сенің жұмбақ қылығың
аң-таң етіп,
ағын ойлар ішінде
адасумен азға сайды ғұмырым.

Көне сүрлеу.
Көз қажытар бір нөпір...
Көп ішінде көп ой қажып жүр де отыр —
«Ойна да күл!» — дейді ойнақы келіншек,
Опырық шал:
«Осы, — дейді, — Қылкөпір!»

Дау айтпаймын екі көзім шатынап,
данасыған сайын адам — ақымақ.
Күлгеніңе пысқырмайды көкжиек,
күйгеніңді қыстырмайды атырап.

Жүрек серті — тоқтағанда дүрсілдеу,
дүрсіл тынбай таусылмайды бұл сүрлеу.
Алдыңды ойлап мүмкін емес алданбау,
артыңды ойлап мүмкін емес күрсінбеу.

Жылауға — ұят,
күлуге әбес.
Не деймін?
Айқай қалды алқымында көмейдің:
«Елден ерек бақытты боп енді мен,
Елден ерек уайым да жемеймін».

Өзімді алдап,
жебең жұртты өлеңмен,
күллі әлемді өзімсінем деп ем мен.
Бар жолаушы дәл өзімдей өзімшіл,
мен секілді —
Менмен,
Жалғыз,
Өлермен.
Қалың нөпір.
Көне сүрлеу.
Ол да өтер...
Жан біткенді жалғыз арман шөлдетер.
...«Түсінем» деп қайтесің сол,
Сен мені
«Түсінуге тырысам» де
Сол жетер...

демей ме ел?
Күл — қулықшыл болғанда,
патша — өтірік кемеңгер.

«Ақымақтың ақылы — қулық»
дейді Ұлылық.
Мұңаюды қойды да ел,
ыржаңдады мұны ұғып.
Ақиқат — тым ажарсыз.
Сүйген жүрек — жазалы.
Адал ғашық,
сен болдың жезөкшенің мазағы!

«Баяғыдан белгілі;
осы — ұсқынсыз Шындығың,
жылайсың, — деп, — несіне?» —
қылғындырды Мұңды мұң.
Аппақ едің әуелде —
таға алардай Күнге мін,
өкінгенсің қайтесің,
өмір сүрдің — кірледің!
Өлер болдың.
Білгенің — дүниенің жалғаны.
«Бақыттымын!» демеуге
Еш амалың қалмады!

Амалың жоқ.
Амалың — қуң-қанағат, күл-тоба.
«Аппақпын!» деп бір тақпақ жазып едің —
қырт о да!
Амалсыздан келісіп күллі әлемдік Күнәмен,
сен де ішіңнен балаша шырыл қағып
жылап ең,
сенбеді ешкім.
Қайтесің.
Мойындадың, жұбандың.
Құдайлықтан дәмелі ең,
Құлшылықты құп алдың...

Менде де екі таза бар —
Бір Иткөйлек,
Бір Кебін.
Екеуінің арасы — өмір сүрген күндерім.
Аман қала алмасын күллі әлемдік Күйеден,
күйе жеген жанымының ақтығына сүйенем.
Сосын ...үнсін ән салам —
мәлдір,
ессіз,
жаралы Ән —
дәрменсіздің дәмесі — Тазалықтан тараған.

Күллі әлемдік күйелеш!..
уақытша пендеңмін
аппақ болып келгенмін,
аппақ болып жерге енгім
келетіні.
Сен үшін құмырсқаның қиялы,
Менің күллі ғұмырым сол тілекке сыяды!

...«Мұңаясың несіне?» — деп сұрайды
Күн менен.
Екеу таза киімім.
Неменеңге зілденем!?
— Қай Ақиқат айтарың?
Білмейтін кім?
...шарасыз
жылап,
күліп,
күлгенсіп,
қайда беттеп барасыз?

— Өмір бойы іздегеніме...

(Басы 1-бетте)

Әңгіме, меніңше, жалпы мәдениет, мәдениеттер дамып келе ме, әлде Абылай көкемнің түсіндей болып ұсақталып бара ма, осы туралы болуға тиіс секілді. Себебі Апокалипсисінің, яғни ақырзаманның алыс-жақындығы тек қана осыған байланысты. «Комсомолдық біздің ақыл-ой» мәдениетті, көркемөнерпаздар үйірмесін немесе көрме өткізіп, мерекелік феериялар ұйымдастыру деп ұғып келді. Қазір болса, «қалың боянып, қалаулы лимузин мінуі һәм өзіне еш қатысы жоқ көне бұйымдарға таңдай қағу мен Карнеги үйреткен «мінез-құлық стереотипін» жаттап алу, өзін Голливуд фильмдерінің «крутой» қаһармандары мен жарнама кейіпкерлерінше ұстау деп адасып жүрген сияқты. «Оралыңның барында ойна да күлдің» мәдениеті. Осыдан келіп бізді ғана емес, жалпақ әлемде белең алып тұрған «похренностика ілімі» (орыстың «по хрен» сөзінен шығатын ұғым) кәдімгідей ағымға айналып барады. «Көрмегенге көсек таң» болғандықтан, біз мәдениетті өркениетпен шатастырып алдық. Өркениет — тәндік, пенделік тіленіштің ауырын жеңілдету, «қарнын жеңілірек жолмен тойдыру», камшының сабындай ғұмырдағы пенденің ашы тері мен азапты жұмысын азайту жолындағы ақыл-ой құлшынысының күдіретті ұмтылысы. «Рақат, бейнеттенбейсің...» ләззаты. Мәдениет — рухтың «пенделіктен шым-шымдап құтылуға», әлемдік гармонияны іздеуге, адамның «шайтан азғырмай тұрғандағы» рухи тұтастығына, бізге мін мен трагедия болып көрінетін мінсіз «он сегіз мың ғаламның» үйлесім сұлулығын сезінуге деген ұмтылысының көрінісі. Әлі де сәби адамзаттың жаратушы, табиғат ұстаздық ететін рухани мектептен алар тағылымының әуен, сөз, құрал, құрылыс, мінез-құлық, әдет-ғұрып, бұйым т.т. болып көрініс беруі (Бірақ... Ібіліс сабақ беретін мәдениет те бар...).

Әрине, екеуі де керек-дүр.

Абай айтатын «ыстық жүрек, нұрлы ақылыңыз» — осы. Жүрек пен ми.

Жүректі, әрине, ми жеңді. Адамзатқа екеуінің үйлесімі керек-ті. Өлерінде ғана аузына Алла оралатын адамзат-пенде қазір жүрек болмаса, мидың жұмысы тоқтайтынын «қолы тигенде» еске алып қояды. Бұл, бейнелеп айтсақ, біздің бюджеттің қаржыны аз бөлсе де, «мәдениет» деген графаны мүлде сызып тастай алмайтынына ұқсайды.

Дижон академиясының «Ғылымның өркеніетінің — М.А.» алға басуы адамзатты бұрынғыдан гөрі бақытты ете ала ма? деген сауалын оқыған әйгілі Вольтер — қазіргі «жалқау, аңғал, қырт қазаққа ұрыскансып жүрген» біз секілді «еуропалықтарды ұрысып кісі қылған» Вольтер «өкінішке қарай, олай болған жоқ» деп көзіне жас алған деседі. Өркениет мәселесіндегі «ноу проблем» деп отырған Еуропаның өкілі Луи Арагон «XXI ғасыр болмайды!» деген ақырзаман оймен көз жұмса, Ортега-и-Гассет мәдениеттің дүниетанымның құлдырауын айтып зар илей келіп, қазіргі біздің рухани болмысымызды «тобырлар көтерілісі» деп атап, мұның ақыры қайырлы болмасауы аятады. Дмитрий Лихачев: «Егер XXI ғасыр гуманитарлық (мәдени — М.А.) ғасыр болмаса, онда ақырзаманның жеткені. Өйткені техникалық өндірістің қарқынды дамуы бізді көрге апарып тығады. Бірақ Жаратқанның өзі оған жібере қоймас. Жүгенсіз техникалық дамуға мәдениет қарсы тұрады», — деп үміт пен күдік арасында теңселеді. Біздің «сауатсыз» шалдардың «Ойыл көздің жасы еді» немесе «Жемде кенес қылмадың...» деп қана қоймай, «самауыр-өркениеттен үркуі» (кердері) әлгі «мәдени үрейге» ұқсайды.

Әрине, «философтың күлуге де, жылауға да хақы жоқ, ол тек түсіне алады». Сол себепті біз «бірденеге» қарсылық көрсетуге шарасызбыз. Өркениет пен мәдениет қашаннан бері қарсыласып емес, «қырқысып» келеді. Брунони отқа өртеткен, бәлкім, осы себеп болар, яғни «мидың жүректен озып кетуі». Өркениеттің рухи әлемге — «өкесіне» қарсы шығуы. Ақыры, Еуропа Құдай сөзін редакциялады, адамға толық еркіндік берді, әдепкі діни канондарды өзгертіп, «өркениетке жол ашты» (протестантизм, лютеранство). Жаңа, еркін «мәдениет» аз ізгілік жасаған жоқ. Сол мәдениет пен мораль күллі әлемге танылып қана тынбады, «танылды» да. «Ауызы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін» принципі мәдени, рухани салада да жүрді. «Көк ит жеңбейді, көп ит жеңеді». Біз, әлі күнге дейін екі дәстүрлі мәдениетке — Батысқа және еуразияшылдыққа жалтақтап отырған Ресейдің отары болған,

өзін ұмытып, жырылдақтыққа көшкен, әйгілі Дешті-Қыпшақтың жұртында қалған ұлттар «ағамыздан» үйреніп, соған еліктеу нәтижесінде классикалық мәдениет деп Еуропаның «үлі мен ыңылын» ғана емес, «айқайы мен ойбайын» да үлгі тұтып үйрендік. Бұл негрдің «америкалықпын» деп мақтанатынына ұқсас «комплекс неполноценности». Еуропа мәдениеті, әрине, адамзатқа аз мұра ұсынған жоқ. Реформация дәуірінен соңғы өнер, әдебиет, білім, ғылым, ежелгі грек-рим мәдениетінің заңды бөбегі бола отырып, небір құбылыстар мен құбыжықтарды туғызды. Бірақ...

«Жүген-құрықтан құтылған мәдениеттің» қазіргі «мені» Абылайдың түсіндей болып бара жатқанын еуропалықтардың өздері де айтып отыр. Қазіргі музыка Моцарт пен Бахтан, Бетховеннен аттап өтіп, білістің шаң-шұңына, сурет өнері быт-шыты шыққан, үмітсіз әлемнің, ес-түссіз әлемнің сандырағына ұқсайтын пост-пост... — модернизмге көбірек бұрылды, шіркеу Құдай үйіне қызық үшін немесе «Құдаймен жасырынбақ ойнау» үшін

«Бүгінгінің қасіреті философиядан үстем»

баратын ғұрыптық мекемеге айналды. Ал еуропалықтардың ежелгі мәдениет мұраларын миллиондаған долларға сатып алатыны, үздік орындаушыларға қол соғатыны, өткеннен кешірім сұрау, сосын, «мидың, бұлшық ет пен қарынның жүрексіз бәрібір өмір сүре алмайтынын» ұмытпау ғана. Еуропа мәдениеті «адамды Құдай жаратты, демек, күнәсі үшін адам кінәлі емес» деген дүниетанымның перзенті болғандықтан, ұлы бола тұрып, әлемдік үйлесімді мүлде естен шығарып алды. Құпиясының кілті бір ғана Алланың қалтасында қалып қойған адамды бәрінен жоғары қойды. Бұл адамзат танымын шексіз ілгерілетуге жол ашқанымен, «барлық құпияны әйгілеу», нәтижесінде, «адам бір бок көтерген боктың қабы» (Абай) екенін білдіріп қана қоймай, рухани жоғарылаудың мүмкіндігіне деген үмітті жоққа шығарды. Адамның, ғұмырдың, рухтың құны арзандап, руханият әжімін жасыру үшін қалың опа-далап жағатын жеңілтек ойелге айнала бастады. Осыдан келіп, «бір сәттік жан мен тән ләззаты» дейтін қалыпқа тығылған қазіргі еуропалық «өркениет-мәдениет», онсыз да «жүзжылдық жалғыздыққа» қамаулы адам рухын жүдететін, үйлесім іздеуден үміт үзген күй кешіп отыр.


Ислам әлемінің, үнділер әлемінің, дүниетанымның Конфуций іліміне негіздеген жапон-қытай әлемінің мәдениеттерінің өз классикалық үлгілері және қазіргі үлгісі бар. Өркениеттің ықпалы туралы олар да уайым айтқанымен, салыстырмалы түрде бұл мәдениеттер «ауанымен», яғни дәстүрлі жолмен өрбіп, ескі мен жаңаның үйлесімі аясында келе жатыр.

Ділдің дінгеі — дін. Мәдениетті, адамды сомдауға діндер шешуші ықпал жасағанын ескерсек, қазіргі «еркін мәдениеттің» дүниетанымдық астарында ұлы діндердің ұстыны да жатыр. Қазір әлемдік мәдениет, мәдениеттердің өзара жақындасуы мен ықпалы туралы ерінбегеннің бәрі айтады. Бұл әрине, дұрыс. Адамзатты біріктіретін өмір мен өлім категориялары тұрғысынан алғанда, «әлемді құтқаратын — сұлулық» тұрғысынан алғанда, мәдениеттердің түйісетін тұстары, оларды біріктіретін белгілер баршылық. Бірақ «мәдениеттер қақтығысы» деген де бар. Еуропалықтар үндістерді — нағыз Америка аборигендерін қалай «мәдениеттендіргені» белгілі. Кейін Киплингтің «Аң атқыш» романын жазуы — «мәдениетті» Еуропаның өзі бас терісін сыпырған үндістер аруағынан кешірім сұрауы еді. Кейін олар «майя» мәдениетін дәріптегенсіді. Алайда дәстүрлі, қорғаныс мәдениетті — діл мен дүниетаным көрінісін «жуан жұдырық, эгоист мәдениеттің» жеп тынғаны айқын.

Осы себептен де, «жалпы мәдениет» деген ұғым болуға тиіс емес. Түрлі мәдениеттердің үйлесімі ғана әлемдік сұлулықты құрап, оны Апокалипсиспен құтқарады. Ал бір ғана ұлт-

тың, нәсілдің мәдени «эгосы» басымдық көрсетуі басқа мәдениеттің жойылуына ғана емес, ірі трагедияларға айналуы мүмкін. Оның мысалы көп.

Мәдениет туралы ойға қалған адамзат міндетті түрде артына, ұлы «өткен шағына» қарайды. Әлемнің жетпіс жеті кереметіне таңдану, музейлерге көненің көзін қойып қастерлеп, тіпті кешегі Ақтамберді мен Қазтуғанды, Достоевский мен Шоканды, Абайды, Толстой мен Эдгар Поны, «Қараторғай» мен «Гауһартасты», «Көкіл» мен «Көбік шашқанды»... жалпы, өткеннің сұлулығы мен үйлесімін сағыну — соның белгісі. Демек өркениет озды да, мәдениет жүдеп қалды. Оның үзілген моншақтары мотоцикл мінген рокердің балағында, қазіргі заманғы сәулеттің, музыка мен әдебиеттің, дизайнның, жалпы өнердің «киімінің» аса елеусіз тұстарында жабысып жүр. Біз асығыс, логикамен, философиямен шаруасы шамалы «эгоистің» — өркениеттің арбасында миымызды солқылдатып кетіп барамыз. Өркениет пен мәдениет адамзаттың екі аяғы десек, қазір



күллі әлем аяғын сылттып басып, «адасқанның алды — жөн, арты — сокпақ» деп отырғандай. Біз, қазақ, сол «өзімізге таңсық» сокпаққа түскен сынайлымыз. Шыға аламыз ба?..

2. Классикалық мәдениет деп нені «Қағба тұтуға» болады? Еуропалық Ренессансты ма, әлде реформациядан кейінгі кезенді ме? Болмаса, қайтып оралмайтын Атилла (Edil) дәуіріндегі «алтын айдарлы ұлды» ма? Ақыры оңып тынатын бояудан ада, далалықтардың «ерді кебенек ішінде тану» көзқарасына ұқсас, еуропалық «опа-далабы» жоқ, заттын, «адамның нұры ішінде» деп қарастыратын ислам мәдениетін бе? «Жерді кешірім сұрап басу үшін» етегінің тұмсығын қайқатып пішкен, обал мен сауапты терен пәлсапа санаған, өткініш дүниеден мәрттік мән ғана іздеген түркілік мәдениетті ме? Америкалықтарша «уақыт — ақша» деудің орнына «уақыт — мәңгілік» дейтін қытайлық рухани-мәдени ағымды ма? Әлде «әрі итеріп, бері жық» арқасында санасы екіге жарылып, абдырап тұрған, бірақ Паганиниден Фекболат Тилеухановты, Моцарттан Құрманғазыны, өркениетке «амалы қалмаса» да «жайлаудағы ақбоз үйді», Жания Әубәкіровадан Жанар Айжанованы жоғарырақ, жақынырақ тұтып отырған (әзірше) қазақ санасындағы мәдениетті ме? Бұл — бітпейтін пікірталастың тақырыбы. Әрине, қазақ деген сенімі жоқ, «ел қатарына» қосылған соң, өзінің ауылдағы «бүкір кемпір, ақсақ шал» ата-анасын жұртқа көрсетуге араланатын ақымақтың күйін кешіп жүрген «озық қазақ» «Америка қол соғып, Еуропа мойындаған» өнерге ғана ұйып, соған ғана жағдай туғызбақшы: «Қазақ халқын танытты» деп мәз. Таныту мен танудың да түрі бар екені есіне кіріп-шықпайды. «Ел айта болды...» (Абай). Сауатты надандық. Рухани авитаминоз. Еуропа «азиаттың өз дәрежесіне жетіп», өз әлдіін өзіне айтып бергеніне масайрайды. Өз мәдениетінің үстемдігін, «күллі ұлттар мен халықтарға ортақтығын» сезініп марқаяды. Мұның өзі АҚШ-тың «Нэшнл билдингін» — «строительство нации» — «ұлтты қалап шығаруына» ұқсайды: адам құқы мен демократияны, озық өркениетті, америкалық өркениетті өзге елдерге таңу оларда осылай аталады. Әрине, қазақ әлем мәдениетін игерсін, екі сөздің бірінде Кафка мен Камюден «цитата» келтірсін, оған қарсылық жоқ. Бірақ өз «мені» қайда оның? Еуроцентризм жоғарыдан қарады екен деп оның ешкімге ұқсамайтын, рухы еркін де асқақ, қатал да нәзік мәдениеті неліктен экзотикаға айналуға тиіс? Жүйеге түсірілмегені болмаса, дала философиясында Гегель, Ницше т.т. басқалар «жарықшағын» ғана иемденіп, біртеулеп жүрген ақиқаттың «қайшылықтардан тұратын үйлесімі» жоқ па еді? Біздің ұлы симфонияларымыз күйлер емес пе? Классикалық поэзияның ұлы жыраулар поэзиясынан несі артық еді, бергі «қара өлеңнен» ше? «Аве,

Мария» — «Гауһартастан», «Қараторғайдан», «Эстудей» — Досаттың әндерінен, Мұхиттың «Айнакөзінен» артық екенін дәлелдеп берер «өркениетті данышпан» көне?

Мұның бәрі мәдениеттің әлсіздігі емес, халықтың қорғаныссыздығы. Әйтпесе әр ұлт, әр нәсілдің өз «классикасы», өз «мәдени мені» бар. Тек мәдениетте де (егер оны мәдениет деуге болса!) «байғұс көнді, бетпақ жеңді» болып келеді. Ақын Есенғали Раушанов айтады:

«Ей, аңғалдық, аңғалдық!

Үстінде тұрып алтынның

Өзгені күмісіне таңғалдық...»

Аңғалдық емес. Шарасыздықтан басталып, «өзінен-өзі үміт үзіп кеткен» сорлылық. Мәдениеттің өз «мені» төменшіктете беретін сол. Оның үстіне, тамыр тартар топырағы жоқ, «ауада өскен» космополитизм өз дегенін қай салада да істетте бастады. Олжас Сүлейменов «Нет Востока, Запада нет, есть два сына у отца» дейді. «Батыр — аңғал, ер — күдік» дегеннің кері. Даланың «өткен шағының» жоғын жоқтаған («Азия») ақын қымыз бен пепси-коланы оп-оңай араластыра салады. «Пепсидің» ештенесі кетпейді, онда тек жоқ. Қымыз ириді, әрине, оған табиғилық қана тән. «Я бываю Чоканом, Конфуцием, Тагором — буду стоять, прятая зубы у братьских могил», — дейді Олжас. Поэзияға бұл, әрине, сыяды. Әйткенмен, Шокан Конфуций бола алмайды. Тагордан ұлы болса да, қазақ Олжасы шықпайды. Бұл, танымдық, мәдени тұрғыдан келсек, «бір қолмен үш қарбыз ұстау» болып шығар еді. Ал үш дербес мәдениеттің бірігуі — шынымен «мәдениеттерді бауырластар зиратына» бастайтын жол. «Плюсовая Степь, не любила Высоких деревьев...» бұл — даланың кінәсі емес, тек бойдың биіктігін ғана малданып, «жылқы-мәдениетті» соғым етпекші болған эгоизмнің кінәсі. Сондықтан «жүректі қайтып жұбатам?» деп сасқалақтау да еуроцентризмнің алдында кінәң болмай тұрып, кешірім сұрау сияқты. Бұл көңіл күймен «Тауларды аласартпай, Даланы асқақтату» мүмкін емес. Оның үстіне, дала перзенті биікті таумен емес, қиялмен, кеңістікті екі шіркеудің аралығымен емес, көкжиекпен өлшеген «қазақтың иегінің астында үш күн жүретінің» содан.

Мәдениет түсініктен, көзқарастан да бастау алады. Далада түрме болған жоқ, ол мәдениетті Еуропа дүниеге нәсілшілдікті, фашизмді, ксенофобияны, қанаудың неше түрін, құдайсыздықты алып келді. Пайғамбары Ғайсаның «киімін» әлденеше рет өзгертіп, кейін оның «қанын» (шарап) ішіп, етін (нан) жейтін дәрежеге көтерілді. Еуропаның өз мәдениеті. Оны кінәлаудың реті жоқ. Оның жұртты кінәлайтыны ғана қиын...

Әрине, далалық «Еуропаға варвардың көзімен қарамауға тиіс». Әйтсе де Еуропаға барғанның өзінде, қайтып оралуға міндетті. Хайдеггер мұны «кету мен қайта оралу при-

нищі» деп атаған. Көне өсиеттегі «Ветхий Завет» «Өз әкенді, өз анаңды сыйла!» дегенді ұстана алмайтын мәдениетті прагматик — Еуропа асырауын асырағанмен, кісі санай қоймайды. Солайсың деп жақураатады. Сол мұрат па?..

Дамыған, дәлірек айтсақ, өркениетті дамыған елдер қазір үлкен рухани күйзелісті бастан кешіріп отыр. «Рухани либерализм» құтыртқан, дін мен мораль, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр жүгендемеген мәдениет қазір тоқырауға ұшырап, «көз жұбату мен көңіл көтеруге» айналып барады. Мәдениеттің рухани мазмұны жоғалып, қауызы «ритуалдық пошым» қалғанын еуропалықтардың өздері де жасырмайды. Оның «демін» біз де сезіне бастадық. Себеп — өркениеттің мәдениеттен «әшекейлі мәстек» жасай бастағаны. Ал классикалық музыка тыңдау, үйді картиналармен безендіру — «мәдениеттен кешірім сұрау», яғни «камералық мәдениетке» айналуының белгісі. Олжас мұны жақсы келтіреді: «халықаралық вагонның терезесінен карап отырған шолжаң қыз — Еуропа, перронда қолына түйіншек ұстап тұрған кәрі кемпір — Азияға тілін шығарады». Ал қыздың тағдыры не болары белгісіз, оның үстіне, азиялық кемпірдің Ұмай-ана болып шығуы, мәңгі жасауы әбден мүмкін.

3. Қазіргі Қазақстанды бұдан бірер жыл бұрын Әбіш Кекілбаев «кемпір-шалдың жасауы мол, бойжетіп, толықсып отырған сұлу қызына» теңеп еді. Неге ұл емес? Білмеймін. Ұлты жатқан жеріне қарай есептелетін иегудим болсақ, жөн деуге болар еді, ал қыз, қанша тілекші болса да, жатжұрттық қой! «Айрылып Қамажайдан болдым күлкі» деп жүрмейміз бе? Оның үстіне, біздің тамаша әндердің көпшілігі қол жетпей қалған өкініш пен алдап кеткен арман туралы ғана ыңылдайды. Жана рух, жана, ән іздесек ше?..

Біздің мәдениет еркек негізді ер еді. Әкесіздіктен ғана әлсіреп, «таньсы жоқтықтан басшы қызметке отыра алмағаны» болмаса, біздің мәдениет — Еділдің (*Атилла*), Ұлы Даланың, ұлы Түркінің шаңырағын әзір ұстап отырған, өз «менінен» ажырай қоймаған халықтың мәдениеті. Бірақ атқамінерлері ұрыса беретін, «халқыма қадірім жоқ — бетімді көреді, әйеліме қадірім жоқ — етімді көреді» дегенге еті өліп кеткен, бетін де, етін де жалғыздық пен жетімдік, сосын, «Болыс болдым, мінеки» бүлдірген, өзінің мықтылығына әлі сене қоймаған, қуатты мәдениет. Замоктар мен қалалардың, шіркеулер мен гаремдердің емес, жүректің, жанның, бояу жақсан, жұғып жарытпайтын рухтың мәдениеті.

Нарықтық экономикамен бірге келетін әлемнің барлық діни секталары, өркениеттің күллі қоқысы, өркениетті елдердің өздері құтыла алмай отырған солардың бәрі — нашакорлық, ұйымдасқан қылмыс, әлеуметтік дарвинизм, тұтынушылық психологиясы, имансыздық және сексуалдық төңкеріс атаулы түгелімен бас қоса қалған біздің Отанымыздың, әсіресе ділінің (*мәдениетінің*) өзгешелігі үшін «күнде кінәлі болып отырған» ұлтымыздың қазіргі жағдайында мәдениет туралы айтудың өзі қиындау. Батыстың протестанттық моралінің басымдығы, жабайы базардың «дәстүрлі қазақтың миына сыймайтын» жалмауыз қылығы. Мұсасы тауға кеткенде қайтадан «алтын тайөгізге» табынып кеткен еврейлерге ұқсас қоғамдық көңіл күйіміз, оның үстіне, адасқан қаздай болып келген қазақы сананың «рухани либерализм» ұлттық мәдениетті тығырыққа тіреп, «туристер көретін экзотикаға» айналдырып жіберуі әбден мүмкін. Оның симптомдары жоқ емес. Бірақ далалықтың енді ғана көзін ашқан «мені» бойын тіктеп, жұртпен бұгежесіз сөйлесе бастаса, мәдениет өз бейнесіне қайтып оралар еді. Әзірге «Көкілдің» әуенімен Бекболат айтатын «Еділімдегі» «кіндігімді кескен жұртқа» арқа сүйеп отырмыз. Қалғаны — Алланың ісі және біздің...

Жалпы, қазақ мәдениеті экзотикалық киімнен құтылып, ділдің, дүниетанымының, көзқарастың, мінез-құлықтың мәдениетіне айналуға міндетті. Көршіден туған ұл мұрагер боп жарытпайды. Қазаққа шалағайлық пен шалықтардан құтылған, өзі үшін еш қысыламайтын, «әкесінен туған ұл» мәдениетті сақтап қалу — «аштан өлмеуден де жоғарырақ міндет». Онсыз ұлт шөре-шөре боп, көрінген «өркениеттінің» жетегінде кетеді. Тәмам-тәмам.

Биыл белгілі жазушы, публицист Бигелді Ғабдуллин «Мараль» атты романын жарыққа шығарды. Бұл шығарма күннен-күнге тек елімізде ғана емес, шет елде де үлкен танымалдылыққа ие болуда. Осыған байланысты біз роман авторымен әңгімелескен едік.

— Құрметті Бигелді Қайыр-досұлы, жақында Мәскеуде «Мараль» романыңыздың тұсаукесері сәтті өтті. Одан кейін бұл шығармаңызды Астанадағы Халықаралық кітап көрмесінде оқырмандарға таныстырдыңыз. Осы іс-шаралардан қандай әсер алдыңыз?

берді. Сонымен қатар мен романымды Нью-Йорк қаласындағы әйгілі акын Бақыт Кенжеевке жібердім. Ол ауыр халде жатса да, романымды оқып, ұйымдастырушыларға төмендегідей хат жазды: «Құрметті Ерлан, Бигелді Ғабдуллин-

Бигелді ҒАБДУЛЛИН:

«Сталиндік лагерьлердің бассыздығы келмеске кеткен жоқ»

— Кез келген маркетинг бірегей өнім ойлап тауып, оны жасап шығарудың аз екенін, бұған қоса оны сатуды да білу қажеттің жақсы түсінеді. Ол үшін оны дұрыс таныстырып, әлеуетті оқырмандардың назарын аудару білу керек. Бұл ереже барлық салада, оның ішінде, әдебиетте де қолданылады. Сондықтан кітаптың тұсаукесері бос әурешілік те, өзін-өзі мадақтау да емес. Бұл — таза маркетингтің ең жақсы көрінісі. Мәскеудегі тұсаукесер Қазақстанның Ресейдегі елшісі Дәурен Абаевтың бастамасымен өткізілді. Ол «Мараль» романын алғашқылардың бірі болып оқып, тұсаукесер өткізуді ұсынды. Бұл шара АШЖК кешеніндегі «Қазақстан» павильонында жоғары деңгейде өтті. Оған жазушылар, журналистер, дипломаттар және жерлестеріміз қатысты. Қонақтар қатарында романның баспагерлері — Ресей сөз өнері академиясының академигі, «Художественная литература» баспасының бас редакторы Георгий Пряхин, «Роман-газета» журналының бас редакторы Юрий Козлов және басқа да зиялы қауым өкілдері қатысып, жылы пікірлерін білдірді. Астанада өткен «СИЗО» мен «Мараль» атты кітаптарымның тұсаукесеріне де көп адам жиналды.

— «Мараль» романының тағдыры туралы айтып беріңізші. Мәскеудегі беделді баспа мен журналдарда оны қалай жарыққа шығардыңыз?

— Бұл романды мен арнайы қазақстандық «Меценат» байқауы үшін жаздым. Бұл байқаудың жеңімпазы өмірінің соңына дейін ай сайын 500 доллар көлемінде арнайы сыйақы алатынын көпшілік білмеуі мүмкін. Мен роман қолжазбасын байқау мерзіміне сай тапсырып үлгердім. Байқау шарты бойынша шығарма көлемі 150–300 мың таңба аралығында болуы тиіс еді. Бірақ менің романым 310 мың таңбадан тұратын. Қолжазбаларды жинап болған соң, ұйымдастырушылар талдауға кірісті. Бірінші күні-ақ жоба авторы Ерлан Асқарбеков маған қоңырау шалып: «Романның көлемі шартқа сай келмейтіндіктен, бәйгеден алып тастауға мәжбүрміз», — деді.

Мен бірден компромисс ұсындым: «Асып тұрған бар-жоғы 4-5 бет қана. Маған қолжазбаны қайтарыңыз, мен оны бір-екі сағатта қысқартып, қайта тапсырамын. Бұл — роман ғой! Роман үшін бірнеше бет маңызды емес. Керісінше, ұсынған шығарманың көлемі аз болып жатса, әңгіме басқа». Бірақ ол келіспеді. Сол сәтте мен жобаның басты және жалғыз демеушісі кәсіпкер Тимур Тұрловпен байланысқа шықтым. Ол «Қарастырамыз!» деген қысқа жауап

нің «Мараль» романының тек формалды себеппен (300 мың таңбаның орнына 310 мың таңба) байқаудан алынғанына қынжылып отырмын. Бұл маған асығыс және әділетсіз қабылданған шешім секілді көрінеді. (Кез келген тәжірибелі редактор 3%-дық көлемді 2 күнде қысқарта алады). «Меценат» сыйлығының басты құндылығы — қазақ әдебиетін тұтастыру мен дамыту. Әдебиеттің осындай жарқын өкілдерінің бірін байқаудан шеттету — болашақ үшін қауіпті қадам. Құрметпен Бақыт Кенжеев»

Келесі күні маған Т. Тұрловтан хат келді. Ол менің шығармашылығымға үлкен құрметпен қарайтынын, бірақ байқау шарттарын өзгерте алмайтынын жеткізді. Мен бұған ренжіген жоқпын. Сол күні-ақ романымды Мәскеудегі «Юность» журналының редакциясына жолдап жібердім. Қуанышқа орай, журнал қызметкерлері мен бас редактор Сергей Шаргунов романды жоғары бағалады. Сергей Шаргунов сөздің адамы екен, журналдың 2024 жылғы 12-нөмірінде «Мараль» романымнан үзінді жарық көрді. Қазақ айтатындай: «Әр істің бір қайыры бар». Кейінірек Шаргуновтан романым туралы «Художественная литература» баспасының бас редакторы Георгий Пряхин естіген. Ол маған Мәскеуден хабарласып: «Сіздің романыңызды басып шығарғымыз келеді», — деді. Осылайша, менің романым Ресейдегі ең беделді баспагерлердің бірінен жарық көрді. Бірақ бұл оқиға мұнымен де аяқталған жоқ. Көп ұзамай роман туралы «Роман-газета» журналының бас редакторы Юрий Козлов та хабардар болып, маған романды өз журналдарында басып шығаруды ұсынды.

— Оқырмандарға романыңыз туралы айтып беріңізші. Ол неліктен Мәскеудегі баспагерлерді қызықтырды деп ойлаңыз?



— Бұл — менің тәжірибемнен туған роман. Журналист ретінде, қоғам қайраткері ретінде, тіпті бір кезде тұтқын болған адам ретіндегі тәжірибемнен туған. Бірақ, бәрінен бұрын — сенімнен туған роман десек болады. Мен өзіме жасалған қастандыққа, соттар мен моральдық қысымға қарамастан, ар-намысымды сақтауым мүмкін екеніне сендім. Тіпті СИЗО-да. Тіпті ой еркіндігі жүйеге қауіп боп саналатын елде де.

Көпшілік Сталин заманының лагерьлеріндегі бассыздық келмеске кетті деп ойлайды. Өкінішке қарай, біздің түзеу жүйемізде сол кезеңнің қорқынышты іздері әлі де сақталған. Қазақтың талай арысын азаптап өлтіргендердің шекпенін бүгінгі кейбір полицейлер әлі де киіп жүр.

Кітапта жазылғандардың бәрі шындық. Бұл көркем қиял емес. Бұл — мен жүріп өткен жол. Адам мен жануар арасындағы шекара қай жерде деген сұраққа жауап іздеу. Тас қабырға, торлы терезе мен болашаққа деген үрейдің арасында не қалады? Міне, кітап осы жайлы.

— «Еркіндіктің қадірін тек еркіндігін жоғалтқан біледі» дейді ғой. Солай ма?

— Үрейімнің күшейген сәттері болды. Тып-тыныш түн. Құбырдан тырсылдап тамған судың дыбысы. Қабырғаның арғы жағынан естілген азап шеккен адамның ыңырысқан үні. Сол кезде адам өз ар-ожданымен бетпе-бет қалады. Мен қорықтым. Бірақ азаптан емес, жазадан емес. Өзімді жоғалтудан қорықтым. Айнадан адам емес, еңкіш тартқан, бәріне көнген көлеңкені көрем бе деп қорықтым. Сондықтан сөзді, ойды, камерада өзіме сыбырлаған өлең жолдарын қармадым. Осылайша, аман қалдым. Себебі ең басты нәрсені — өзімді жоғалтқан жоқпын.

Бұл кітапта өзім жайлы емес, біз жайлы жазғым келді. Себебі менің басымнан өткен жағдай кез келген адамның басына түсуі мүмкін. Тек Қазақстанда ғана емес. Бұл кітап басып-жаншу механизмінің қалай жұмыс істейтінін көрсетеді. Адамнан бәрін тартып алғанда, ар-намысты қалай сақтап қалуға болатынын баяндайды. Бұл кек алу немесе өзімді ақтау үшін жазылған кітап. Біз бос кеңістікте өмір сүрмейміз. Әрбір сөз, әрбір әрекет өзгелерге әсер етеді. Әрбір адами ар-намыс көрінісі де солай. Егер бір ғана адамның өзі «Маральды» оқып, өзін жалғыз сезінбесе, бұл кітаптың бекер жазылмағаны.

Сұхбаттасқан Еділбек ДҮЙСЕН

● МЕРЕЙТОЙ **МАМАРДА ТУҒАН ҚАЛАМҒЕРЛЕР**



Өмір Керіпұлы,
жазушы
85 жас



Әдепхан Жақыбай,
ақын
85 жас



Тұрсынбек Токин,
сатирик
85 жас



Бердалы Рысбеков,
жазушы
85 жас



Мейірхан
Ақдәулетов, ақын
75 жас



Алпысбай
Боранбайұлы,
сатирик
75 жас



Оңдасын Елубай,
жазушы 75 жас



Жанар Әбдешова,
жазушы 75 жас



Қанат Қайымов,
балалар жазушысы
70 жас




Бекет Момынқұлов,
аудармашы 70 жас



Амантай Шәріп,
өдебиеттанушы-зерт-
теуші 60 жас

Мерейтой
құтты болсын,
қаламгерлер!



Жазушы жайлы еңбектер жарық көрді

24 сәуірде Алматы қаласындағы Ұлттық кітапханада ақын, жазушы, Шешенстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Парасат орденінің иегері Рафаэль Ниязбектің «Библиографиялық көрсеткіші», «Рафаэль әлемі» мен жары, Қазақ радиосының ардагері Гүлжан Мұхамадиеваның «Табыс сыры» атты естелік (ме-

муар) кітабының таныстырылымы өтті. «Рафаэль Ниязбек» деп аталатын библиографиялық көрсеткіш екі бөлімнен тұрады. Ұлттық кітапхананың бастамасымен жарық көрген еңбекте ақынның мақалалары мен жазбалары жинақталған. Ал қалған екі кітап жазушының жары Гүлжан Мұхамадиеваның ұйытқысымен баспадан шыққан. «Көзі тірісінде 9 томдығын қосқанда 56 кітап шығарып, халыққа құнды

дүниесін беріп кетті. Қазақтың нағыз ұлы, үлгілі ұрпағының бірі болды. Өйткені елі, жері үшін ғана өмір сүрді», – деді Р. Ниязбектің жұбайы Гүлжан Мұхамадиева. Белгілі жазушы, ғалым Қансейіт Әбдешұлы жүргізген тұсаукесер жиынында ғалым Гүлжан Орда баяндамасын оқып, өзге де зиялы қауым өкілдері жазушы мен жарық көрген кітаптар жайлы ойларын



«Қайта оралған аққулар»

Жуырда белгілі жазушы хәм ақын Марат Мәжитовтің «Қайта оралған аққулар» атты жаңа кітабы жарық көрді. Жинаққа «Қайта оралған аққулар» романы мен «Әбүдін қос күрені», «Қарт чекистің әңгімесі» атты екі хикаяты, сондай-ақ соңғы жылдары жазылған бір топ махаббат лирикасы топтастырылған. Туындылардың қай-қайсының да арқалаған моральдық-әлеуметтік жүгі бар. Оқушысын бей-жай қалдырмайды, түрлі ойға жетелеп, таным көкжиегін кеңейте түсетін тағылымды дүниелер екені даусыз.



Кітап Ақтөбедегі «ПринтА» баспасынан жарық көрген.

Заманауи театр өнерінің алдына қойылар міндеттің бірі – бүгінгі қоғамның тыныс-тіршілігін ғана емес, сонымен қатар өткен тарихымыздан сыр шертетін, өшкенімізді жаңғартып, жоғымызды түгендейтін туындыларды сахналау.

Көрнекті театр сыншысы Әшірбек Сығай «Шалғайдағы емес, маңдайдағы театр» деп айдар таққан Жетісайдың Құрманбек Жандарбеков атындағы драма театры осы міндеттің үдесінен шығып, қазақтың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, «ел бастаған саяси серкелерінің бірі» (тарихшы Бүркіт Аяғаннан) Тұрар Рысқұловтың

басшылығы мен шығармашылық құрам қол қусырып карап отырмай, білікті кәсіби мамандарды тартып, халықты биік деңгейдегі өнер өнімдерін ұсынуға барын салып жүр. Сөзімізге дәлел, осы жолы көрген «Тұрар» спектаклі сахналық пішіні мен ішкі мазмұны жағынан тарихқа деген жаңашыл көзқарасты заманауи театр тілімен жеткізеді.

Драмада бала күнінен жетімдіктің қамытын киген жас Тұрардың ұлт тағдырын шешетін күрескерге айналғанға дейінгі өмір суреттері баяндалады. Шымалдық түрілгенде қыпқызыл еден мен қара сұр матамен тартылған ашық кеңістікке тап боламыз. Сахнаның бұлайша безендірілуі аласапыран заманда ғұмыр кешкен Тұрар

бастығы Приходькомен, төңкерісші Александр Бронников (актер А.Өтебеков) арасында өтетін сахналардағы сөз саптауы, өтіп жатқан оқиғаға шынайы сеніп кетуі нанымды шыққан. Әсіресе әке мен бала арасындағы ішкі рухани байланысты ашып жеткізетін Рысқұл (акт. Н.Искендилов) мен Тұрардың қоштасу эпизоды көрерменнің сезімін бір серпілтіп тастады. Бұл көрініске режиссердің көп көңіл бөлгені байқалады. Бала Тұрардың өмірдегі жалғыз сүйеніші әкесін қимай, аяғына оратылып, ұзақ қоштасуы, Рысқұлдың «Жасыма!» деген қайратты сөзі әсерлі шығып, қойылымның мазмұнын одан әрі аша түсті. Алайда Рысқұл роліндегі Нұрғиса Искендиловтің ойынында салмақтылық

«ТҮРМЕ БАЛАСЫНАН» ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІНЕ ДЕЙІН...

(«Тұрар» қойылымынан кейінгі ой)



өмір жолынан бір мөлтек сыр шертетін «Тұрар» спектаклін сахналапты.

«Тұрар» драмасы қазақ әдебиетінің алыбы Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романы бойынша сахнаға лайықталып қайта жасалған екен. Инсценировка авторы әрі режиссері Еркебұлан Қабдыл. Қазіргі отандық театр үдерісінде бірқатар көркем спектакльдерімен көрініп келе жатқан жас режиссердің тарихи күрделі тақырыпқа барғаны құптарлық. Тіпті әріден айтсақ, туғанына 100 жыл толып отырған Тұрар Рысқұлов жөнінде спектакльге жүрегінің түгі бар «мен» деген режиссерлердің бара қоймайтынын ескерсек, бұл – батыл қадам.

Қойылымның жүзеге асуына суретші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бақыт Срайлов пен балетмейстер Ринат Билибаев та мол еңбек сіңірген.

Тарихи тұлғаның сахналық бейнесін жасауға келгенде театр қайраткерлері алдында сан мың сауал, килікпе кедергі мен мұндайтыны рас. Жасыратыны жоқ, Кеңес кезеңінде ғұмыр кешкен тұста «Қызыл жебе» кітабы әр оқушының қолынан түспейтін. Сол тәрбиені көрген тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жастардың кітапқа, ескі тарихқа деген құрметі бәсеңдемеген еді. Бірақ қазір жағдай басқаша. Түрлі гаджеттерге, смартфондарға телмірген «Z» (зумерлер) ұрпағын өткен тарих пен кітаппен дос болуға шақыру үлкен мәселеге айналғаны тағы бар. Өскелең ұрпақтың «клиптік» қабылдауына арналған спектакльдер түзудің мәселесін былай қойғанда, мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан кейін, әлемнің саяси картасы жаңарды. Ұлттық шежіренің өзі жаңаша сараланып, тың көзқараспен отаршылдық, деколонизация үдерістерін ескере отырып екішелу мәселелері бой көрсетеді. Бұл түйткілдер сахна өнерінде тиіп өтпей қалмасы анық. Тарихи дерек – көркемдік ізденістің өзегі десек, демек, тарихи оқиғаны (тұлғаның бейнесін) өз заманына сай сахнадан сөйлету аса маңызды.

Бұл ретте, премьерасына өзіміз куә болған «Тұрар» драмасы көркемдік-шығармашылық ізденіске өзінше келіпті. Жасыратыны жоқ, театр ұжымында әлі де болса кәсіби актерлердің жетіспеушілігі сезіледі. Алайда театр

сынды қайраткерлердің қан кешіп жүріп, ұлт үшін күрескен трагедиялық тағдырын жеткізуге бағытталған деп түсіндік. Қойылымның алғашқы көрінісі Тұрардың анасы өмірден озып, қайғылы қазаға душар болған шағынан басталады. Осы эпизодты режиссер мен балетмейстер хореографиялық шешім арқылы жеткізіп, көрерменнің қабылдауына қолайлы көркемдік әдіспен берген. Би элементтері арқылы ананың сәбиіне деген махаббаты, суыққа тоңдырмай, ыстыққа күйдірмей қорғайтын жанкештілігі бейнелі тілмен жеткізіледі. Келесі көріністе біз бейвербалды әрекеттер арқылы берілетін өзгерістер алдандағы заманның бейнесін жазбай танымыз. 1916 жылдың дүрбелені қазақ сахарасына да жетіп, халықтың беймаза дәурен кешкен кезі «маса» биімен көрсетіледі. «Маса» көрінісі арқылы біз қазаққа алмағайып заманмен бірге білім мен мәдениеттің де жеткенін түсінеміз. Ахмет Байтұрсынұвтың «Маса» өлеңдерінің жинағына да сілтеме беріп, ақынның елді білім-өнер, мәдениетке, рухани бұлқынысқа шақыруымен де астасып жатты. Әрекетпен жеткізілген бұл көріністер халық басынан өткен тарихи жағдайларды көркемдікпен бейнелеп бере алуымен қызықты болды. Сахнадағы әр сәт әрекетті болу керек десек, сөзбен орындалса жарым сағатты алар бұл көріністерді балетмейстер мен режиссердің осылайша сығымдап, театрлық-бейнелі тілмен жеткізуі көрерменнің жүрегіне жол табар тиімді тәсіл екенін айтып өткен жөн.

Осыдан кейінгі көріністерде бала Тұрардың (актер Б.Сыйхынбай) түрмеде отырған әкесімен өткен күндері бедерленеді. Сахнада шартты түрде кара темір торлар көрсетіліп, арғы жағында камаққа алынған Рысқұлды (актер Нұрғиса Искендилов) байқаймыз. Бала Тұрардың өмірінің маңызды кезеңіне айналған бұл көрініс «түрме баласының» орыс тілін жетік меңгеруге, саяси-рухани көзқарасының іргетасы қалануына, оң мен солын тануына әсерін тигізгенін байқатады. Актер Б.Сыйхынбай бала Тұрардың албырттығын, өжеттілігін, білім мен өнерге құштарлығын сенімді жеткізе алған. Оның Наташа Приходько (актриса Ж.Ябаева), түрме

жетіспеді, кейіпкердің әділетсіздікке жаны қас, турашыл мінезін жеткізуде актерлік құбылу шеберлігі кемшін түсті. Актердің жастығын ескерсек, рөлмен жұмыс барасында осыған көңіл аударса дер едік.

Спектакльде есімізде қалған бір бейне – түрме бастығы Приходько. Актер Сағит Арипханов рөлінің сыртқы суретін, дауыс үнін, екіпін қою және жүріс-тұрыс ерекшеліктерін дәл тапқан. Приходько-Арипханов отбасында қарапайым әке екен. Қызы Наташаны еркелетуі, әкелік сезімі, Тұрарға деген қарым-қатынасы да жасандылықтан ада, бұл ретте актердің өзіндік ізденісін атап айтуға тұрарлық.

Спектакльдің жарқын сахналарының бірі Наташа мен Тұрардың фортепианоға қосылып ән салатын кезі. Актердің әншілік қабылетін режиссер дұрыс қолдана отырып, кейіпкердің өнерге, ән мен жырға құштарлығында жеткізіп берген. Сонымен қатар, жас Тұрардың бала махаббатынан елес берген бұл көрініс жүрекке жаңылмай жол тартты.

Қарқынды түрде өрбіген спектакльдің келесі сахналарында «Қырғызбаев» деген атпен (екінші шешесі Избәйшәнің ағасы Қырғызбайдың атына жазылған) мектептік шағы бейнеленеді. Халықтың мысқылына қалса да, әкесімен рухани байланысын үзбеген бозбаланың «мен Рысқұловпын!» деп айқайлауы, оның өмірдің теперіштерін көріп, ержетіп, ішкі болмысының пісіп жетілгенінен хабар береді.

Спектакльдің соңы түрмеге түскен Тұрардың хал-күйін көрсететін күрделі хореографиялық би сахнасымен аяқталады. Би көріністерінде темір тордың қолданылуы қандай тосқауыл болса да ел-жұртының азаттылығын аңсаған Тұрардың күрескерлік рухын, өршіл бейнесін көрсетеді.

Көрерменін терең ойға жетелеген «Тұрар» драмасы қоғам қайраткерінің толағай армандарының, ішкі әлемінің сырларын ашып көрсете алуымен құнды. Ұжымның болшақ ұрпаққа тарихи тұлғалардың өмірін театр тілінде сөйлетуге деген талпынысы, көркемдік ізденістері табысты деуге болады.

Бұл сапарымызда Құрманбек Жандарбеков атындағы Жетісай драма театры ұжымының кең тынысты әншілік-музыкалық қабілеттерін және пластикалық мол мүмкіндіктерін байқадық. Енді шығармашылық ұжымның рөлмен жұмыс жасау, актерлік шеберлік, сахна тілін дамыту үшін арнайы мамандарды шақырып шеберлік сыныптарын өткізіп, білім жоғарлатуды қолға алса, «маңдайдағы» театрдың отандық сахна өнеріндегі ерек жолы асқақтай түсер еді.

Меруерт ЖАҚСЫЛЫҚОВА,
өнертану кандидаты,
Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясының
профессоры, театртанушы

● ДӘСТҮРЛІ ӨНЕР – ҰЛТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРІМІЗДІ ҰЛЫҚТАҒАН САПАР



«Ел іші өнер кеніші» демекші, Алматы қаласы Мәдениет басқармасына қарасты «Алатау» дәстүрлі өнер театрының шығармашылық ұжымы Алматы облысының Нарынқол, Кеген, Шонжы, Шелек, Жаркент және Есік қалаларына сәуір айында гастрольдік сапармен барып қайтты. Халқымыздың асыл мұрасы ұлттық өнерімізді ұлықтаған сапарда театр өнерпаздары көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, елмен қауышқан ерекше сәттерге толы болды.

Театрдың ерекшелігі қойылымдардың барлығы тек жанды дауыста және 20-дан астам ұлттық аспапта шебер ойнайтын «Алатау» этно-фольклорлық ансамблінің сүйемелдеуімен көрерменге ұсынылды. Труппа құрамында «Алатау» би ансамблі, ақындар, дәстүрлі ән орындаушылары және талантты жас актерлер өздерінің өнерлерін көрсетті.

Театр осы сапарында дәстүрлі өнеріміздің барлық бағыттарын ерекше қырынан көрсететін «Алтыбақан» ойын-сауық ән кеші, өскелең ұрпаққа халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын дәріптейтін «Әгугай мен Игигай» атты ертегілік қойылымы сынды көрерменнің көңілінен шыққан әр жанрдағы қойылымдарды көрсеткен болатын.

Қазақ халқының ежелден келе жатқан ұлттық дәстүріндегі «Алтыбақан» жастардың басқосуына арналған. Ауыл сыртында құрылған «Алтыбақан» жастардың кешке ойын-сауық құратын жері болған. Жазғы күнгі айлы түнде қыздар мен бозбалалар жұптасып, алма-кезек ауысып, тербелушілер ән бастағанда тамашалаушылар да қосылып, ән шырқалған, күй тартылған, би билеген. Жігіттер мен қыздар екі топқа бөлініп айтыс ұйымдастырған. Айтылатын әндер негізінде көңілді, рухты, әзілмен көмкерілген назды болып келеді. «Алтыбақан» ойын-сауық ән кеші – жастарға арналған тамаша дәстүрімізді бар қырынан көрсететін қойылым.

Әннің де өз құдіреті бар екені сөзсіз. Ұлтымыздың мақтанш егер асыл мұрасы, рухани жәдігерлері ішінде замана сүзгісінен өтіп, бүгінгі ұрпаққа жеткен қазақтың дәстүрлі өнерінде орындаушылық, әуендік, құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты шартты түрде бірнеше мектеп қалыптасқан. «Алтыбақан» ойын-сауық ән кешінде бес мектеп бойынша (Арқа, Жетісу, Батыс, Сыр, Алтай-Тарбағатай) попури айтылады. Көкбай Жанатайұлының сөзіне жазылған Алаш ордашылардың гимні де шырқалатынын ерекше атап өткен жөн. Музыкалық қойылымның мақсаты – жастарға арналған тамаша дәстүрімізді бар қырынан көрсету болды.

«Әгугай мен Игигай» – халық ертегілері желісі бойынша құрастырылған, балаларға арналған музыкалық ертегі-шоу. Заманауи үлгідегі ерекше формадағы балаларға арналған қойылым салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымызбен астарланған ертегілер өскелең ұрпаққа керек ұлттық тәрбиеге негізделген.

Еліміздегі дәстүрлі өнер бағытындағы бірден-бір театр тек Алматы қаласымен шектеліп қалмай алдағы уақытта Жетісу облысы, Оңтүстік пен Шығыстағы облыстарды қамтитын гастрольдік сапармен баруға дайындалып жатыр. Дәстүрлі өнер – ұлт құндылығы. Ұлттық құндылықтарымызды бойымызға сіңіру арқылы ғана өзіміздің болмысымызды сақтап, дамыған елдердің алдыңғы қатарына шыға аламыз.

Ардақ БЕРКІМБАЙ

Проза айдары бойынша майдангер-жазушы Кемел Тоқаевтың соғыс тақырыбына жазған сүбелі шығармасынан үзінді жариялап отырмыз. Ауыр күндердің сұрапыл шындығын жазған шығарманы қаламгердің 2017 жылы «Ана тілі» баспасынан шыққан бес томдығынан үзінді ретінде берілді.

Редакциядан

Біз Проценконы асықтыра бастадық. Астыртын комитеттің жоспары бойынша Проценко өз тобымен Переяслав қаласындағы полиция батальонын карусыздандырып, орманға кетуге тиіс. Мұндағы мақсат полиция батальонын жою ғана емес, сонымен бірге неміске қызмет етіп жүрген адамдарға үрей туғызу, араларына іріткі салу, Отан алдында опасыздық жасаудың кешірілмейтінін сездіру еді. Астыртын комитеттің арнаулы тапсырмасын алып, Дмитрий Никитич Яковец Переяславқа кеткен болатын.

Яковец соғыстың алдында Григорьевка селосындағы орта мектептің директоры болып істеген. Ал астыртын комитет сол Григорьевка селосына орналасқан еді. Яковецке «жұрттың көзіне көп түсе берме» деп насихат еткенбіз. Жарты жыл бойы жоқ боп кеткен кісінің қайта оралуын кімнің қалай ұғарын білу қиын ғой. Переяслав қаласынан қайтарда ол Григорьевкаға бармай, жол үстіндегі біздің Козино селосына соғып, ондағы жайды маған айтпақшы еді. Оның хабарын комитет мүшелеріне мен жеткізбекші болатынмын. Яковецтің келуін асыға күтіп отырғам.

Түс әлетінде есіктен екеу кірді. Біреуін танимын: көрші селода астыртын комитет мүшесінің үйіне тығылып жүрген Николай Михайлович Попов деген еврейге ұқсас жас жігіт болатын, сол екен. Екіншісі — шомбал кара біреу.

Именбей, алшандай басып, төргі бөлмеге келіп, менің қолымды алып:

— Танысып қойық, атым Вася! Сіздің атыңыз кім? — деді.

— Алексей Васильевич, фамилиям Крячек, — дедім, өзімді таныстырып.

— Дәрігерсіз ғой?

— Иә.

— Жұмыс істегеніңізге көп болды ма?

— Неге тұрсыздар, отырыңыздар, — деп қонақтарды жайластырып, сұрақтарына жауап беріп жатырмын, — қалай дейін, көп те, аз да емес, институтты бітіргеннен бері қызмет істеп келемін ғой, биыл үшінші жыл.

— Тәжірибе мол ма?

— Оны қайдан білейін, әйтеуір өз бетімізше жұмыс істеп жатырмын ғой, — деймін. Ол өзінің сақтығына басып, басқа бөлмені көруге кеткенде, Поповтан:

— Николай Михайлович, тақақтап жан алып бара жатқан мына қаба сақал цыганың кім? — деп сұрадым.

— Тс-с-с-с, ақырын, — деп, Попов саусағын ерніне апарды, — бұл кісі — цыган емес, қазақ, үлкен жерден арнаулы тапсырмамен әдейі келген адам.

— Аты кім өзінің?

— Қасым Қайсенов деген кісің осы болады.

Вася деген бүркеншек атпен жүрген осы кісі ме еді, естуім бар, иә-иә, солай, жаңылмасам, Ломаконың аузынан есіттім ғой деймін. Немістің ешелонын қиратқан осылар ғой.

— Сол кісі осы болады! — деді Попов тағы да.

— Николай, неменеге сыбырлап



Кемел ТОҚАЕВ

тұрсындар, сөздерінді немістер естіп қояды деп қорқасындар ма? — деп Қайсенов қарқылдап күліп, біздің қасымызға келді.

— Вася, отырыңыз! — деп, аты-жөнін білген соң жаным қалмай жүр. Құмыраның аузын ашып, қияр мен помидорды турап та жібердім. Дастарқан үстіндегі әңгіме қысқа болды. Ел арасында есімі аңызға айналған адаммен сөйлесу үлкен қуаныш, ләззат қой. Қайсенов асығыс екен.

— Киевтен көп дәрі-дәрмек әкелді деп естіген едім. Жаңылыс айтып отырған жоқпын ба, Алексей Васильевич? — деді.

— Жоқ, Вася, алып келгенім рас.

— Қаншасын жараттыңыз?

— Азын-аулағы жұмсалды, қазір аурулар, жаралылар көп қой, емдемесе болмайды, — дедім мен жайды түсіндіріп.

— Біздің партизандарға оқ-дәрі қандай қажет болса, дәрі-дәрмек те сондай керек. Үнемдеп жұмсаңыз, зәру боп қалып жүрмейік.

— Жақсы, — дедім мен басымды изеп.

Қайсеновтер кеткеннен кейін үйде елегізіп отыра алмадым. Далаға қайта-қайта шығып, қала жаққа көз тігемін. Яковец бүгін оралмақшы болатын. Бірақ ол бұл күні де, ертеңінде де келмеді. Өзі ұсталып қалды ма, әлде Проценконның тобы бір бәлеге ұшырады ма? Кешікті ғой, деген ой мазалайды мені. Әрі-сәрі күйде отырғанымда, үшінші күн дегенде, қас қарая өзіміздің байланысшы қыз Лена жетіп келді. Тұмшалап байлаған орамалын лақтырып тастап, бір ожау суық суды сіміріп алды да, отырмастан:

— Алексей Васильевич, — деді маған сүзіле қарап, — Яковец әлі келген жоқ па?

Келсе, өзім-ақ хабарламаймын ба? — деп, өзімнің де күйзеліп отырғанымды сездіргендей болдым. Ленаның қабағы түсіп кетті, одан — ендеше, жағдай қиын болды. Біз Яковец құтылған екен деп ойлаған едік.

— Не боп қалды, айтсаңшы жұмбақтамай? — дедім мен бір жайсыз жайдың шетін байқап.

«Мені кім аңдып, ізіме түсіп жүр дейсің. Тығыла-тығыла жолдастардан да ұят болды. Сақтанғанмен жан қала ма? Мен секілді мұғалімдердің бірқатары бос жүр ғой, қайсыбірін ұстап жатыр. Мен де солардың бірі емеспін бе?» деп өзіне-өзі демеу берген Дмитрий Никитич Яковец тапсырманың асығыстығын ойлайды да, жолда маған соқпай Григорьевкаға

тіке тартады. Ол магазиннің алдын кесіп өтеді. Оның іші-сырты толған адам. Солармен бірге Лена да болады. Яковец магазиннің тұсынан өте бергенде, полицей қол бұлғап тоқтатады.

— Әй, ақымақ, бері кел!

Яковец енді не істеймін дегендей Ленаға бір қарайды. Қалтасында наған мен жұртқа тараған листовканың тексті болмаса, сескенбес те еді. Не істеу керек? Полицейдің сөзі басқа біреуге айтылғандай, Яковец елемей өз бетімен аяндап жүре береді.

— Әй, малғұн, мен саған айтып тұрмын. Саңыраумысың өзің? — деп полицей, сонынан жүгіріп, мылтықты үстінен асыра атады. Яковец енді бұлардан құтылмайтынын біледі. Нағанын суырып алып, жалт бұрылады да, далақтап жүгіріп келе жатқан полицейді басып қалады. Полицей қалпақтай ұшады. Енді мұның соңына екі неміс солдаты және бірнеше полицей түседі. Яковец селоны орағыта батпақты көлге қарай бұрылады. Лена олардың қарасы үзілгенше қарап тұрады. Оның айтуынша, атылған оқтың дауысы көпке дейін, ымырт жабылғанша басылмайды.

— Сөйтіп, жете алмапты ма? — дедім мен шыдамай.

— Ұстауын ұстай алмапты, — деді Лена, — бірақ қашқан кезде пальтосын батпаққа тастап кетіпті деп естідік. Қалтасында қағаздары болмаса жарар

дедім мен Ленаға.

...Соңғы апта астыртын ұйымдағы адамдар үшін аса ауыр күйде өтті. Үсті батпақ пен суға малынған Яковец: «Бөгде кісі тез көзге түсе қалатын село емес, қанша айтқанмен қала ғой», — деп Переяславқа қарай тартады. Бірақ қала ішіне еруге батылы бармай, бір үйдің есігін қағады. Орта жастағы әйел есік ашады. Яковецтің түрін көріп, шошынған әйел:

— Сізге кім керек? — деп, есікті қайта жаппақ болады.

— Бір сәт тоқтай тұрыңызшы, деп жалына отырып, Яковец ойдан шығарған оқиғасын баяндай жөнеледі.

— Жолдастармен бірге базар аралауға шығып едік. Самогон ішіп, мас болған кісі оңа ма? Жолда төбелесіппіз. Сонсоң тағы да отырып ішкенімізді білемін. Бір кезде көзімді ашсам, шалшықта жығылып жатырмын. Жолдастарымның бірі жоқ, сірә, оларға тіл тигізіп алсам керек... Ең болмаса үсті-басымды кептіріп,

ҚАР



еді. Иә, айтқандай, бүгін машина толы жандармдар Харьков селосына кетіпті деп есіттім.

— Ол селода кімдер бар еді?

— Астыртын ұйымнан ешкім жоқ. Дмитрий Никитичтің отбасы сонда ғой...

— Оның үй-ішіне күдік келтіру үшін бір себеп керек емес пе?

— Қайдан білейін, — Лена бір сәт үнсіз отырды. Пальтосынан бірден тапты ма деп күдіктеніп отырғаным да сол ғой...

Лена екеуміз бірталай уақыт үнсіз отырдық. Екеуміз де аяқ астынан дұшпанға кезігіп қалған жолдастың тағдырын ойлаймыз, оның басын торлаған бұлтты қалай сейілтсек екен дейміз.

— Мен өз тарапымнан жігіттерге айтып көрейін. Алдымен, Яковецтің қайда екенін анықтау керек. Ал өздерінде жаңалық болса, хабарлап тұрсындар, —

жылынып шығуға рұқсат етіңіз, мына күймен үйге бару да ыңғайсыз...

Әйел селкостау түрмен, үнсіз үйге кіргізеді. Түпкі жақтан еркектің өктем дауысы естіледі:

— Ей, қатын, кіммен сөйлесіп жатырсың? Қонақ па? Кіргіз-кіргіз. Сәлден соң қолын қалтасына салған үй иесінің өзі бөлмеден шығады. Әуелі Яковецке сұстана тұнжырай қараған ол, аздан соң жүзін жылытып, көзі күлімдей бастайды:

— Бауырым, қайдан жүрсің?

Яковец әйелге айтқан сөздерін бұған да қайталайды. Үй иесі Яковецтің қисынсыз сөзіне сенгендей пішінмен:

— Арақ шіркіннің кейде кісіні құтыртып жіберетін ашуы бар, байқап ішпесе болмайды, оқасы жоқ, өткен іске өкінбе. Клава, — деп әйеліне дауыстайды, — Тегенеге ыстық су құйып бер. Жуынып-шайынып алсын. Үйде

осындайда жылына қоятын горилка да болмайды, кой, мен көршілерге барып қайтайын, — деп үй иесі самогон іздеп кетеді. Оның тез шығып кеткенінен сезіктенгенмен, Яковец не де болса ақырын күтейін деген оймен сырт киімін ауыстырып, жуына бастайды. Көп кешікпей бір шөлмекті мойнынан қысып ұстап, үй иесі де оралады. Қажып келген Яковец самогон ішкеннен кейін қатып ұйықтап кетеді. Түн ортасында біреу жұлқылап оятады, көзін ашса, үйдің іші толған полицей. Дыбысын шығартпай, айдап әкетеді...

Мен бұл жайлардың бәрін қаладан келген Проценкодан есіттім. Лена кеткен соң оны Переяславтан әдейі шақыртқан едім.

— Яковецтің ол үйге келгенін полицейлер қайдан білген? Әлде біреу оларға жеткізген бе? — дедім мен Проценкоға.

— Қазір дәл айту қиын, Алексей Васильевич, сірә, итпен ізіне түскен бе деймін... — деді Проценко.

— Қайткенмен де анықтаған жөн. Егер үйдің иесі опасыздық жасаса,

сүйрелеп, жұмалап, екі жасар Раисаны шырылдатып, неміс офицерінің алдына алып келеді.

— Күйеуіңіз қайда? Соңғы жолы оны қашан көрдіңіз? — деп офицер сұрақты тіке қояды. Марияның көңілі енді орнына түседі: Яковец немістердің қолына түссе, бұлай сұрақ қоймас еді. Күйеуінің амандығына көңілі ептеп жадыраған секілденеді. Бірақ бұлардың тыққақтап сұрауына қарағанда, күйеуінің немен шұғылданып жүргенін немістер білгенге ұқсайды, не де болса үндемей құтылайын деп, Мария баласын бауырына басқан күйі сазарады да қалады.

— Неге үндемейсіз? Әлде мылқау немесе саңыраусыз ба? Мен сізді сөзуар адам деп естіген едім. Күйеуіңіздің қайда екенін айтсаңыз болды, сізге ештеңе істемейміз.

— Мен ешнәрсе білмеймін, офицер мырза! — деп Мария қалтырап жауап қатады.

— Өз күйеуіңіздің қайда екенін де білмейсіз? Ғажап-ғажап! Мейлі, солай-ақ болсын, онда сіз оның жақын жол-



жатыр, селоға бас сұғуға болмайды деп естігенбіз.

Біздің астыртын топқа партизан отрядына сенімді адамдар тартумен бірге, неміс әскерлерінің бет алысын, қимылын бақылап, комитетке хабарлап отыру міндеттелген. Маған бүгін Розовик

қамап, азаптайды. Таң ертеңгісін ғана оны алып шығады. Жалаң қабат көйлегі өрім-өрім, үсті басының тамтығы жоқ. Өзінде әл қалмаған, аяғын әрең басады. Сонда да байғұс ана жас нәрестені бауырына тығып, анталаған немістерден оны қорғаштайды, жандармдар жанына

ҮСТІНДЕГІ ҚАН

оны білейік, алдағы уақытта ол үйден жолдастарды сақтандырып жүрейік, — дедім де, — Яковецтен жауап алып па екен? — деп сұрадым.

— Жок, — деді Проценко, — тергеуді Григорьевкада жүргізеді деген дерек бар. Оның бұрын сонда істегенін білетін тәрізді.

— Сен аға полицейсің ғой, сол лауазымыңды осы жерде бір кәдеге жарат, Яковецті тергеуге дейін босатып алу керек. Оны қалай жасауын өзін ойластыр. Бізге оны қашан әкететінін хабарла.

— Байқап көрелік, — деді Проценко кең тыныс ала орнынан түрегеліп, — Негізгі жұмысқа кедергі келтіріп жүрмесе болғаны, маған бәрібір.

— Жолдастың тағдырына қалай болса солай қарауға болмайды, Гриша, — дедім ме, тергеу басталып кетсе, арты неге соғарын кім біледі. Оны селода білетін адамдар көп. Бірі болмаса бірі бұлдіріп жүрер. Онда жағдайымыз мүлде қиындап кетуі мүмкін.

— Түсінем, Алексей Васильевич, — деді Проценко мені мен қоштасып жатып.

Екінші күні түнде Григорьевкаға алып бара жатқан жолда Яковецті құтқарып алдық. Оны құтқарып алу онша қиынға түскен жоқ.

...Қару-жарақ асынған жандармдар мен полицейлер үйге сау етіп жетіп келгенде, Яковецтің әйелі Марияның түсі бұзылып, сұрланып кетеді. Ол өзін ұстауға осынша адам келеді деп ойламаған ғой. Қызын құшақтап, төргі үйдің бұрышына барып тығылады. Алдымен, күйеуіне бір нәрсе болды ма деп үрейленеді. Машинадан мылтықтарын кезеп жүгіре түскен жандармдар мен полицейлер жан-жаққа бытырап, сарайды, камбаны тінтіп, әп-сәтте қуыршақтай жинақы үйдің астан-кестенін шығарады. Ырық бермей бұлқынған Марияны

дастарын атаныз?

— Қандай жолдастарын сұрайсыз? — Айталық, өздеріңізбен жиі қатынасып тұратын адамдарды айтам.

— Қазір біздің үйге ешкім де келмейді, ал бұрынғылары есімде жоқ...

— Ұмытшағын қарай гөр мұнын! — Офицер орнынан атып тұрып, Марияны жағасынан ұстап өзіне тартып, бетіне салып-салып жібереді, — түсті ме есіңе! Күйеуің қайда, жолдастары кім? Тез айт, әйтпесе бұдан зорды да көресің, — деп тағы да беттен тартып жібереді.

Әлгінде тығыларға жер таппай үрейленіп тұрған Мария, денесіне таяқ тигенде бойын тез жинап, қатайып алады.

— Менен жауап күтпей-ақ қой, саған айтар дәнеңем де жоқ! — деп Мария қасарыса түседі. Осы тұста мен Алексей Васильевичтің әңгімесін бөлім:

— Мария шынымен, — Яковецтің жолдастарын білмейтін бе еді?

— Неге білмесін! — деп Алексей Васильевич сөзін жалғастырды. Яковецке келіп жүрген комитет мүшелерінің, сондай-ақ ниеттес адамдардың бәрін білетін... Сол күні Марияны қатты азаптапты. Бірақ ол сыр шашпапты...

Бұл кезде Дмитрий Никитич біздің селода еді. Ол немістердің Марияға көрсеткен қорлығын білген жоқ-ты. Бұл оқиғаны одан жасырдық, қамкөңілін жасытпайық дедік. Бірақ Яковец маған ертемен келіп:

— Алексей Васильевич, түні бойы, неге екені белгісіз кірпік қақпадым. Мария мен Раиса көз алдымнан кетпей қойды. Соларға кесірім тиіп жүре ме деп қорқам. Сен қалай ойлайсың! — деді. Мен не айтарымды білмедім. Бірге жүрген жолдасты алдап, өтірік айтудың қисынын таппадым. Мария тұрған селодан әлгінде ғана хабар алған едік: немістер селонь астан-кестенін шығарып, тінтіп, күдіктенген адамдарды Яковецтің үйінің маңына жинап

келуге тиіс еді. Ол бір неміс әйелмен танысып, сол арқылы Переяслав қаласының гебитскомиссарынан тиісті документтер алған болатын. Розовик еркін жүріп тұратын. Өйткені немістер фольксдойч атаулыны өздеріне тірек тұтатын.

— Дмитрий Никитич, қазір маған Кирилл Розовик келуіне тиіс, күтейік. Қаладағылар көп нәрседен хабардар ғой, — дедім мен.

Яковец менің тіке жауаптан жалтарғанымды сезіп:

— Алексей Васильевич, жасырмай шыныңызды айтыңызшы, Мария тірі ме? — деді.

— Селода жандармдар толып жүрген көрінеді. Анығын біле алмадық. Бірақ немістердің Марияда не жұмысы бар, ақырын тосалық, — Яковец үндемей киіне бастады.

— Дмитрий Никитич, қайда жиналдығыңыз?

— Алексей Васильевич, мен кеттім, — деді Яковец түнеріп. Оған жұбаныш сөз айтып, тоқтату қиын еді. Жолдасты жалғыз жіберудің есебін таппадым, мен де ердім.

Біз Харьковец селосына келесі күні жеттік. Немістер біздің алдымызда ғана кеткен екен. Село өртеніп жатыр. Яковец үйіне қарай жүгірді. Соңынан мен де далақтап жүгіріп келемін. Есік алдына жете кілт тоқтады. Үрпік қардың үсті қызыл ала қан.

— Мария, Ма-ария! — деп Яковец бар дауысымен айқай салды. Үй ішінің астан-кестені шыққан. Үй жанындағы өртенген сарай бықсып жатыр. Ешкім жауап қатпаған соң, Яковец сарайға қарай жүгірді. Одан шығып, қайта үйге кірді. Біздің қасымызға шырылдап жылаған жас баланы көтеріп кемпір келді. Яковецтің онымен жұмысы болған жоқ. Мариясын іздеп жүр... Бұл күнгі оқиға жайын әлгі кемпірден естідім. Немістер Марияны түні бойы сарайға

жақындап келсе, сәбиін бауырына басып, әлсіз саусақтарын ербендетіп қарсылық жасайды. Машинаның қасында талтайып, бүйірін таянып тұрған неміс офицері Марияның жотасынан түйгіштеп:

— Шнел, шнел! — деп итермелейді. Мария бар күшін жинап, офицерге жақын келеді де, бетіне былш еткізіп түкіріп жібереді. Сөйткенше болмай, офицер Марияның қолындағы қызын жұлып алып, лақтырып жібереді. Сондағы Марияның ашынғанын көрсеніз етті! Жаралы жолбарыс секілді немістің кеңірдегінен ала түсіп, алып ұрады. Мылтық дауысы естілгенде ғана сүйір саусақтары дірілдеп, босана бастайды, сонда да есінен танбайды: «Жаным, жылама!» — деп қызына күбірлеп жатады.

Марияны іздеп таппаған Яковец: — Шеше, Мария қайда, көрдіңіз бе? деп, еңтіге жетіп келді.


— Немістер алып кетті ғой.

— Тірі ме өзі?

— Қайдан білейін, шырағым, — деп, кемпір қан жапқан қарға қарады. Яковец қызыл қарды жентектеп ұстап, кемпірдің қолындағы қызын бауырына қысып, өкіріп жылап жіберді. Оның мұнысын ешкім ерсі көрмеді, қой деп жұбатқан да адам болмады.

— Бұл соғыс талайды жылатты ғой, — деді Алексей Васильевич сәл тыныс алып.

— Қазір, — деді Алексей Васильевич біраздан соң әңгімесін жалғастырып, Раиса бойжетті, азамат болды. Киевте медицина институтының төртінші курсында оқып жүр. Жазда каникулға келіп қайтты. Аман болса, келер жылы дәрігер болып шығады. Тірі адам тез жетіледі екен, көрдіңіз бе, кісі боп кетті!.. Небір қилы заман өтті ғой, қайсыбірін айта берерсің...



**Бақыткерей
ЫСҚАҚ**

Сақина

Ақ сақина еркем берген
жалтырайды саусақта,
Біздер үшін жалғыз жол бар екі
ауылда тұрсақ та:
Жат көздерден жасырынып,
айсыз түнді жамылып,
Кездесеміз, ашпа жанға, ақ сақинам,
сыр сақта.

О, жастық шақ, сен осындай тәтті
ме едің шырынды?
Күміс бүрін сипалаймын сипағандай
бұрымды.
Бал ерніңе батыл жетпей сүйе
алмаған күндері,
Оңашада сақинаға ақтарамын сырымды.
Сеніменен өткіземін өмірімнің шат шағын,

Қаншама ғасыр тер сіңген,
Бұзбайын берік өрімді.
Атадан қалған көзсің сен,
Сыйладым мәңгі төрімді.

Қыз ұйқысы

Тәтті ұйқыда жатыр сұлу маужырап,
Алма төсі көтеріліп, басылып.
Аймалайды айдың нұры жалғыз-ақ
Ыстық дене аунақшиды ашылып.

Сезім, шіркін, алып-ұшып әр саққа,
Тигізгің де келеді екен қол ұшын.
Бірақ... бірақ...
Бор кеміксің бұл шақта,
Жігіт ез боп кетпейді ғой сол үшін.

Атады алпынымды тереңдегі жүректегі жанартау жарылыстар

Туған жер төсінде

Сонда да сонау сар белден,
Созылып сағым көшетін.
Сүйрікті салқын көлдерден,
Сәскеде самал есетін.

Бозторғай әнге басатын,
Бозаңнан ұшып байқалмай.
Боздаған бота қашатын,
Бас жібін үзіп байпаңдай.

Жалбызды, жусан жотаға,
Жараған жүйрік жеткенде,
Жүлдегер жандай ортада,
Жайрандап жүргем көктемде.

Қас сұлу қаламқастардың,
Қолдарын қысып қимағам.
Қара көз қарлығаштардың,
Қадірін біліп сыйлағам.

Шыққанда күнді қарсы алғам,
Шапанды шешіп шағырға.
Шалғынды шаптым, шыңдаған,
Шалғының шымыр шағында.

Тамыздың торғын кешінде,
Толқыған тыңның төсінде.
Туған жер тұрмын өзіңде,
Талайлар түсіп есіме.
Талайлар түсіп есіме...

Арман үміт

Торғайдың тоғайының талын қарап,
Келемін кер құнанның жалын тарап.
Көк шыбық күнге қарап бой созады,
Етегін тастаса да салынды орап.

Көрінсе арман-үміт бір шық болып,
Жүрегім қуанады бұриік толып.
Торғайлар нота жазып әндемеді,
Бұтадан бір бұтаға ұшып-қонып.

Толассыз өзен суы төгіледі,
Шашындай тарқатылып өріледі.
Бұтиып жеткізбеген екі төбе,
Төсіңдей төңкеріліп көрінеді.

Көңілдің мөлдір асау ағындарын,
Арнадым, сен де мені сағын, жаным.
Серт еткен сайда тосып отырсың ба,
Күзетіп көкжиектің сағым жалын.

Шындық сыры

Туған жердің даласын қарлығаш
боп шарладым,
Көкжиектей мұнартып
жеткізбейді арманым.
Жол бойынан сендерге көргенімді жайып сап,
Жүрегімнің жас толқын
бұлақтарын арнадым.

Асыл затты өмірде іздейді екен тереңнен,
Қабат-қабат үйлер де басталады төменнен.
Күнге тосып маңдайды,
қағып қойып жол шаңын,
Өнер деген бәйгеде таймен шауып келем мен.



Суреттегілер: Мұхамедия Жұмағалиев, Сағи Жиенбаев,
Бақыткерей Ысқақ, Мәди Қайыңбаев, Иран-Ғайып Оразбаев

Алдап мені жеткізбейтін
бола көрме ақ сағым.
Антым болсын: махаббатты
айырбастап басқаға
Жат бұрымды сипап тұрсам,
сынып түссін саусағым.

Қамшы

Жылқының тері бұрқырап,
Бұзау тіс жұмыр өрімнен.
Сабыңда сары жез жылтырап,
Қарайсың бүгін төрімнен.

Аламын қолға ойланып,
Өзіңе тозаң қонбасын.
Таспамен тастай байланып,
Өзекте жатыр қорғасын.

Сенімен атын борбайлап,
Жауларын бабам қайтарған,
Қалса да кейде сор қайнап,
Безді деп, сенен айта алман.

Саптама етік қонышына,
Бүктеліп талай кірдің сен.
Бозбала қолмен ұмсына,
Үзікті түнде түрдің сен.

Өзіңсіз сонау заманда,
Ат мінген қазақ болмаған.
Барымта қуған даламда,
Сен тиген бастар қандалған.

Жауға да, дауға, тойға да,
Апарды батыр өзіңді.
Қорықты темір қайла да,
Қалдырдың күшпен ізіңді.

Ақиқат үшін күрестің,
Тұрса да таулар жолыңда.
Бұзық та болып күн кештің,
Ақыммақ пенде қолыңда.

Сөндірмей отын әр үйдің,
Ұлдары, сені ұстаған.
Бесікте жатқан сәбидің,
Басына әжем жастаған...

Гүл теріп күндіз аулақтан,
Оңаша қыздар кеткенде.
Бүлдірге сусып саусақтан,
Жаттың ба жасыл көктемде.

Сырық көп бойда қашаннан,
Бәрін де ойлап толғанам.
Айбар сап, сәндеп жасаған,
Өнерлі қолға таңғалам.

Қыз деміндей үйдің іші тым ыстық,
Көкейімнен,
Арман,
Қиял күй ақты.
Жаным – боран,
Жаным – боран,
Ал, ол жақта – тыныштық
Жақындасам бұзылатын сияқты...

Найзағай

Шайқалып көлдің көк төсі,
Шапшыды толқын жарға атып.
Алқынып аспан өкпесі,
Шаштарын жайды тарқатып...

Жауынның суы жағалай,
Жөнелді жөнсіз шапқылап.
Жар басындағы қарағай
Өртенді көктен от құлап.

Ызадан таудың тастары
Сұрланып көкке түйілді.
Жас төгіп, талдың бастары,
Төсіне жердің иілді...

Көктемде құстар келгенде,
Панасы болған қарағай,
Өмірді қимай өлерде,
Жыладың жетім баладай.

Орманда неге өспедің,
Талпынып шықтың жар-құзға?
Әлі де ажал өш пе едің,
Биікке қонған жалғызға?!


Тәжіңе

Тәжіңе табындырған тәңірім бе ең,
О, Муза!
Қорқам сенің әміріңнен?!
Қас пен көзде қайнар боп құйыласың,
Өлең өріп өрімдей өмірімнен.

Алқынып, арғымақ ой ала қашып,
Жүйріктей жүзде қуған жағаласып.
Төсектен түн ішінде жұлып алдың
Атойлап,
Арпалысқа араласып.

Қаймықпас қабыландай қыр астынан,
Шаппаған
Шабытыңның құны аз маған.
Төсімің түкпірінен төгіл тулап,
Көл қылып көңілді құлазыған.

Шұғылаң шапақ шашып шаттандырып,
Алысқа арманыммен аттандырып.



Бақыткерей Ысқақ және
Ғайфу Қайыңбаев

Күніңдей күмбез көкке көтермек боп
О, Муза!
Келе жатсын тақтан тұрып.

Кеудемді кернегенде сағыныштар,
Менің қолым
От көсеп,
Жалын ұстар.
Атады алпынымды тереңдегі
Жүректегі жанартау жарылыстар!

Аңсау

Қырық қыздың арасынан ұнаған
Сені ойласам,
Көкейімнен туады ән.
Есіміңді өзге жанға айта алмай,
Аңсап сені,
Жеңешеңнен сұрағам.

Аңсағанда мөлдірлікті,
Пәктікті,
Сені ойлаумен қайран көңіл аптықты.
Сағынамын сұлулықты сендегі,
Нәзіктікті,
Асқақтықты,
Шаттықты.

Сені сұрап,
Үміт артып келгем мен,
Әзілі көп, қара көзді жеңгеннен.
Мекеніңді жазып хатқа бермек боп,
Күнде: «Ертең», – деп,
Алдай берді сенгенмен.

Сен, деп жүрек лүпілдейді аңсайды,
Білмеймін мен өткіземін қанша айды.
Менің жаным үміт жүгін арқалап,
Саған деген сағыныштан шаршайды.

Сен бір Жібек,
Мен Төлеген іздеген,
Махаббаттың нәзік қылын үзбеген.
Қосабада Бекежандар тосса да,
Сағынғанда саған, жаным, жүз келем.

Жас дәурен

Жас дәурен,
Жайсаң жылдарым,
Қай жаққа бастап барасың?
Жазбаған жұмбақ жырларым,
Жүреkte қашан жанасың?

Шаттыққа тоймай бұл күнде,
Шақырам досты жолдасты.
Келсең де бәрің бір түнде
Базарлы төрім толмас-ты,

Келіңдер ойнап, еркелеп,
Тербетші әнмен, тербетші.
Жастықтың жырғын термелеп,
Қиялдың құсын өрлетші.

Дауысыңды көтер, жатсынба,
Жаңғырсын таудың жар-тасы.
Биіңнен сенің жатсын да,
Думан боп үйдің ортасы.

Жібіндей сусып жібектің,
Өтеді жылдар білінбей.
Есіктің емес, жүректің
Ілгеі тұрсын ілінбей.



Өбу СӘРСЕНБАЕВ СЕН, ҚҰРМЕТТЕ ОНЫ!

Сен, құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?

Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.
Еріккеннен де ұстап жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын.

Кеше елге қатер төнгенде,
Ол жсауға қарсы шапты.
Бізді жалмамақ болған ажалды
Ер кеудесімен қақты.

Ол арыстанша алысты,
Өлім соққысын өз үстіне алды.
Денесін оқ пәришелесе де,
Ел намысын қорғап қалды.

Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?
Сенің келешегің үшін берді ол,
Азаттық жолында аяғын!



Дихан ӘБІЛОВ ТӨМПЕШІК

Кішкене ғана төмпешік,
Еш картаға түспеген.
Сен үшін жаумен күресіп,
Сертімді кекпен үстегем!

«Ұландай-ақсың» десем де,
Ұраным сен боп, қызды ұрыс!
Кеудемді оққа төсерде,
Көріңді сен боп күншығыс!

Бетке біткен меңдей еді,
Бейбіт күнгі қарамың!
Асқар таумен теңдей боп,
Белдескен күні жарадың!

Қаным тамған жеріңе,
Гүл шығар, әлі-ақ танырмын!
Түн желі де, селі де,
Үзе алмас оның тамырын.



Қасым АМАНЖОЛОВ ДАРИҒА, СОЛ ҚЫЗ

I
Өңімде ме еді, түсімде ме еді,
Көріп ем ғой бір
армандай қызды...

Бір нәзік сәуле күлімдеп еді,
Сұрапыл соғыс соқты да бұзды.
Сапырды дауыл, тебіренді теңіз,
Тулады толқын, шайқалды шың-құз...
Қып-қызыл өрттің ішінде жүрміз,
Қайда екен, қайда, дариға, сол қыз?!

II

Оқ тиді келіп, қайратым кеміп,
Барамын сөніп, келмейді өлім!
Тұрғандай сол қыз жанымға келіп,
Талпына берді қайран жас көңілім!
Барамын сөніп, барамын сөніп,
Жұтар ма мені мына сұм соғыс?
Арманым бар ма өлсем бір көріп,
Қайда екен, қайда, дариға, сол қыз?!

III

«Келмейді өлім, келмейді өлім!
Қайратым қайда, келші осындайда»,
Дедім де тұрдым, жүгіре бердім,
Қолымда найза шағылып айға.
Жеңдік қой жауды, арман не, құрбым!
Күркіреп күндей өтті ғой соғыс.
Келемін қайтып, өлеңімді айтып...
Қайда екен, қайда, дариға, сол қыз?!


ҮСТІМДЕ СҰР ШИНЕЛІМ

Үстімде сұр шинелім,
Ақсаңдай басып келемін.
Канды қырғын, қызыл от,
Қаптап жүр ажал дегенің.

Үстімде сұр шинелім,
Ақсаңдай басып келемін.
Қағып-соғып жығар ма,
Оңайлықпен мені өлім!

Үстімде сұр шинелім,
Ақсаңдай басып келемін.
Баяғы Қасым, бір Қасым,
Баяғы күйім, өлеңім.

Үстімде сұр шинелім,
Ақсаңдай басып келемін.
Ұмытса да достарым,
Ұмытар ма мені елім!



Қалижан БЕКХОЖИН СОҒЫСТА

Аспанның ең шетінде
Қорғасын бұлт тұр қатып,
Кенет шарт айрылып,
Жөнелді лек-лек...
Бұрқатып, сел атып,

Орнынан ауысып,
Он сағат бойы
Атыс минутын күткен
Тосқауылда,
Нысананы
Мұрттай ұшырды
Қасқағымда.

Солдат,
Ерлік оты
Ойнаған
Жас қанында,
Душпанның өлім сепкен
Дзотын жабады
Кеудесімен,
Қасқағымда.

Ал өзі
Қасқайып тұрады

Сенен аспай, асса да одан
Бір өзіңді бағады.

Бір өзіңде, кең кеудеңде
Соққандай өз жүрегі.
Өрендерің сен дегенде
Өлімге де жүреді.

Сенің досың — менің досым,
Саған қастар — маған қас.
Үйде болсын, түзде болсын,
Мен өзіңмен тағдырлас.

Сен қуансаң, мен қуанам,
Бірге өткізем күзіңді.
Өз жүзіңнен, ұлы анам,
Көремін өз жүзімді.

Көрген сайын білемін мен,
Қадірің де артады.

«СЕНСІҢ, ОТАН, МАЙДАНДАРДА СЫЙЫНАРЫМ, ҰРАНЫМ!»

Найзағай күркіреп,
Қызыл қанжарын сермеді.
Демалып дүние теңселіп,
Қуды қапырықты жердегі.
Сыңсып жер зар қақты,
Өлмек бар, тірілмек жоқ!
Тебіреніп кетті жан-жақты.
Қап-қара тұман жерге көсілді,
Ашылды бар дозақтың есігі.
Майдан, ойран...
Зілзала болды жер неге?!



Хамит ЕРФАЛИЕВ ЕСКЕ ТҮССЕ...

Ауыр ойдың
ағытқанда тиегін,
Толқымастай өз
еркіне ие кім?..
Канды майдан еске түссе,

Қасқайды
Денемдегі жарақатты сүйегім.

Күйеді ол,
Біреу отқа жаққандай...
Тұра алмаймын өткен жайды жатқа алмай!
Күйеді ол, елдің орман, егіні,
Қалалары әлі өртеніп жатқандай...

Күйеді ол,
Біреу отқа жаққандай...
Тұра алмаймын өткен жайды жатқа алмай!
Күйеді ол, ақын досым Абдолла
Сонау үйде әлі өртеніп жатқандай.

Жас ана боп шыңғырады сүйегім,
Келеді оның барып басын сүйегім:
Ұл тапқан ол снарядтан өлерде,
Бұл дүниеге бір-ақ қағып иегін.

«Мен де саған соғыс берген «сый» едім,
Қарап жатпай қақсаған-ды сүйемін.
Бейбіт күннің ақынысың беймаза,
«Тебірен!» дейді жарақатты сүйегім.

Сергі, жаным, бейнетіңнен қорғанба,
Нені ұтар ең ұйықтап ұйқың қанғанда?..
...Қиялымды жүгіртетін қияға
Тағы да бір таң бозарып қалған ба?!



Сағынғали СЕЙІТОВ ҚАС-ҚАҒЫМДА

Сұрапыл соғыстың
Астан-кестен аспанында,
Самолет өртенеді
Қасқағымда.

Ұшықш тірі қалады,
Өлмейді,
Жасайды,
Мәңгілік дастанында.
Мерген,
Төзімін тауысып,



Әлем тегіс көретін
Қаһармандық
Асқарында.
Маршал,
Мігірсіз үңілген
Шайқастар картасына —
Күрестің қия-құз жартасына,
Шабуыл жесбесін
Тірейді бір нүктеге
Қасқағымда.

Ол басқарған әскерлер құрметіне
Андыздап, андағайлап
Атылады салют
Астана аспанында.
Қуаныш хабары
Жер шарын орайды
Қасқағымда.

Ол тұрады
Әрдайым пролог боп,
Жеңіс дейтін
Ұлы эпопеяның
Бас жағында.



Жұбан МОЛДАҒАЛИЕВ ОТАН

Сенсің, Отан, қан майданда,
Сыйынарым, ұраным.
Күні-түні, әр қайда да
Сені көріп тұрамын.

Түн түндігін түріп ашып,
Түнекті сен серпесің.
Алтын таңның нұрын шашып,
Көңіл күйін шертесің.

Қиял құсы асып шыңнан
Шырқап қанат қағады.

Махаббатты жүрегіміңнің
Таразысын тартады.

Тірілік жоқ сенсіз маған, —
Тынысымың, жанымсың.
Басқа кімге сенсін балаң,
Басқа кімге жалынсың?!

Шабарда да жаудың шебін,
Түспейсің сен ауыздан.
Кандырасың жанның шөлін,
Кек әперіп жауыздан.

Сенсің, Отан, майдандарда
Сыйынарым, ұраным.
Күні-түні әр қайда да
Сені көріп тұрамын.



Сырбай МӘУЛЕНОВ ҚҰЛЫН

Шаршаған жол батып,
Волховтың батпағында.
Жатыр бие толғатып
Зеңбіректің арт жағында.

Фугас бомбасы,
Жерді өртеген қиын күнде.

Тірілік жолдасы,
Бүлкілдейді биенің бүйірінде.

Адамдай жапа шегіп құса-мұңнан,
Сәби бір ұн сағынған.
Жалын тарап, көзіне үнсіз қарап,
Солдат оның сипайды құрсағынан.

Шашыраған көк жалынын бүркіп темір,
Орманның іші үрейлі.
Ал оттың ортасында
Шіркін өмір
Құлын боп кісінейді.

Өмірде, шын мәнінде, ел мүддесін жеке басынан биік қоятын тұлғалардың ғұмыры ұрпаққа үлгі болып, санадан еш уақытта өшпесі хақ. Осы орайда, мен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Кітапханалар қауымдастығының президенті, Еуразия Кітапханалық қауымдастығының тұңғыш президенті, Қазақстан кітапханалық қоғамдастығының әлемге танымал көшбасшысы Роза Бердіғалиеваны айрықша атап өткім келеді.

Ол – еліміздің рухани өмірінде қайталанбас із қалдырған, мәдениеттің дамуына орасан зор үлес қосқан бірегей тұлға. Оның жүріп өткен өмір жолы – жай ғана сырғып өткен уақыт емес, айналасына ұлағатты ұшқынын шашқан, тағылымға толы тарих. Күні кеше ғана арамызда жарқырап жүрген мейірімді, жарық дүниенің сәуле нұрына шомылып, еліміздің кітапхана саласын дамытуға ғұмырын арнаған басшым әрі кәсіби тәлімгерім болған Роза Аманғалиқызымен бірге Ұлттық кітапханада ұзақ жылдар бойы қызметтес болған, кітапхана ісінің қызығы мен қиындығын бірге көрген кезең санама сағынышпен оралады. Жаны жайсаң, кішіпейіл, парасатты жан әрбір адамның еңбегін әділ бағалап, барлық қызметкерлерге үлкен құрметпен қарайтын.

Өткен, биыл 5 мамырда Роза Аманғалиқызының туғанына 80 жыл толар еді. Оның кітапхана саласын дамыту жолында төккен маңдай тері мен табанды еңбегі ешқашан ұмытылмайды, артына қалдырған ұлағатты да тағылымды мұрасы халқы барда мәңгі жасай береді!

Роза Аманғалиқызы бірімізге ана, бірімізге туыстай жақын болды, бар білгенімен бөлісіп, қолынан келер жәрдемін еш аяған жоқ. Сонымен қатар ол шәкірттерінің кәсіби қабілеті мен талантын ашып, шығармашылық тұрғыда шыңдады, дарын қабілеттерін одан әрі дамытуда әдістемелік бағыт-бағдар берді. Басшылық қызметінде қиындығы мен қызығы қатар жүретін, білімнің сан саласын қамтыған кітапханашы мамандығының нағыз майталманы, рухы биік, өресі кең, еліміздегі кітапхана саласын әлемге танытуда үлкен қажырлық пен табандылық танытқан тұлға бола білді.

Еліміздегі бас кітапхана болған Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы Роза Аманғалиқызының тікелей басшылығымен 1991 жылы ұлттық мәртебесін алды және республиканың аса бағалы мәдени нысаны ретінде мемлекеттік және қоғамдық маңызға ие болды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, кітапхана саласының майталманы Роза Бердіғалиеваның өз сөзімен айтатын болсақ: «Міне, осыны мен өз өмірімде жасаған ерлігім әрі ұлтыма тигізген пайдам болды деп есептеймін. Қазір ұлттық мекемелер көп, шүкір, бірақ сол кезде мұндай мәртебеге сұрану өз басынды қатерге тіккенмен тең еді». Шынымен де, елімізде тұңғыш рет ұлттық статус алған мекеме біз болдық.

Еліміздегі кітапханаларда «Қазақстанның кітапханалық астанасы», «Шекарадағы кездесу» жобаларымен қатар, «Әлем жады», «Жазба ескерткіштерін сақтау», «Қазақстандық корпоративтік каталогтеу» сынды мағыналы халықаралық деңгейдегі бағдарламалар аясында арнайы конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер арқылы орасан зор жұмыстар атқарып, шығармашылық топтардың жұмысын ұтымды үйлестіре білді. Өзінің жана тың идеяларымен еліміздегі кітапханашы мамандарды, оқырмандарды, журналистерді, шығармашылық қайраткерлер мен зиялы қауым өкілдерін біріктіріп, тығыз қарым-қатынас орнат-

ты. Осы орайда Р. Бердіғалиеваның 2007 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында жүзеге асырған «Электрондық мемлекеттік кітапхана қоры – Қазақстандық ұлттық электрондық кітапхана» – ҚазҰЭК (КазНЭБ) арнайы жобасын айрықша атап өткім келеді. Бұл әлемдік ақпараттық кеңістіктегі қазақ контентін дамытуға үлес қосу үшін жасалған ауқымды жоба ретінде жүзеге асырылды. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы еліміздің және әлемнің ғылыми, әдеби және мәдени мұраларын сақтап қана қоймай, әлемнің

істейміз. Бұл үлкен миссия бізді шабыттандырады», – деп атап өткен болатын. Шын мәнінде, біз оқырманның кітап оқу арқылы сан салаға қатысты білім алуына тікелей дәнекерміз. Ол өзінің саналы ғұмырында 35 жылдан астам уақыт бойы Мемлекеттік жасөспірімдер кітапханасы, ҚР Ұлттық кітапханасы және Астанадағы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы сияқты жетекші республикалық кітапханаларды басқарды. Роза Аманғалиқызы Мемлекеттік республикалық жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастырушысы және тұңғыш директоры (1976–1984), Қазақстан Республикасы

ӘЛЕМГЕ ТАНЫЛҒАН КІТАПХАНАШЫ



кез келген нүктесінен пайдаланушыларға сан алуан электронды сервистерді ұсына отырып, қашықтықтан жұмыс жасау мүмкіндігін дамытып, оқырмандарға қолайлы мүмкіндіктер жасап келеді. Р. Аманғалиқызының мемлекеттік қызметтегі өмірлік ұстанымында қолға алған бастамалары елімізде бірінші болып жүзеге асырылатын. Ол – кітапханашылардың бірінші республикалық съезі, бірінші халықаралық оқу конгресі, жас кітапханашылардың алғашқы слеті. Сондай-ақ «Шекарадағы кездесулер», «Қазақстандық Ұлттық Электрондық кітапхана», «Кітапхана астанасы» атты жобалар, еліміздің кітапханалары аясында жыл сайын өткізілетін «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы және т.б. Оның ішінде, бүгінгі күнге дейін елімізде дәстүрлі түрде жүзеге асырылып жатқан «Бір ел – бір кітап» ауқымды жобасын айрықша айтуға болады. Бұл маңызды жобаның ұлттық тұтастығымызға бастайтын ұлы тұлғаларымыздың кітаптарын бір мезгілде бүкіл ел болып оқып, кітап оқу мәдениетін қалыптастыруда және ұлттық әдебиетіміздің ең үздік туындысын кеңінен оқып, танып-білуде беретін мүмкіндігі зор екені сөзсіз. Роза Аманғалиқызы бір сұхбатында: «Заманауи кітапханаларда белсенді, мобильді, өзгерістерден қорықпайтын, заманауи технологияларды меңгерген, бірнеше тілдерді білетін мамандар жұмыс істеуі керек. Жалпы, кітапханашы – болашақтың кәсібі. Бүгінгі кітапханалар өткеннің мұрасын сақтап қана қоймай, болашақтың ақпараттық базасын жасайды. Мен бұған сенемін. Біз уақыттың байланысы үзілмеуі және адамзаттың жадын өшірмеу үшін жұмыс

Ұлттық кітапханасының бас директоры (1987–2003), Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының ұйымдастырушысы және тұңғыш бас директоры (2003–2009) болды. Қызмет жылдарында Р.А. Бердіғалиева ғылыми-зерттеу қызметімен айналысып, 1997 жылы «Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының құрылуы және 1931–1945 жылдары тарихи зерттеулердің дамуы» тақырыбында диссертация қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты деген ғылыми атағын алды. Ал 1995–2008 жылдары БҰҰ жанындағы Халықаралық Ақпараттандыру академиясының «Кітапханатану» салалық бөлімшесінің корреспондент-мүшесі, 1998 жылдан Еуразия Халықаралық экономикалық академиясының корреспондент-мүшесі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің құрметті профессоры атанды.

Р. Бердіғалиева – сонымен қатар кітапхана саласы бойынша 300-ден астам мақаланың авторы. Оның «Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының қалыптасуы және тарихи зерттеулердің дамуы (1931–1945)» монографиясында алғаш рет мұрағаттық және жарияланған дереккөздердің кең ауқымы негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының дамуына кешенді зерттеу жүргізіліп, қызметкерлердің Қазақстан тарихының деректану және тарихи библиографиясын әзірлеуге қатысуы туралы мәліметтер көрсетілген.

Қазақстан Кітапханалар қауымдастығын әлемге таныту жолында Р. Бердіғалиева қажырлы еңбек сіңірді. Ол әлемдік аренада Халықаралық Азия және Океания елдері Кітапханалық қауымдастықтар мен мекемелерінің халықаралық федерациясы Тұрақты аймақтық комитетінің мүшесі (2007–2011 және 2011–2015 жылдарға сайланған), 2003 жылдан бастап ақпаратқа еркін қол жеткізу және сөз бостандығы комитетінің (IFLA) мүшесі, Түркітілдес елдер кітапханалары бірлігінің вице-президенті, Еуразия Кітапханалық Қауымдастығының президенті және вице-президенті (2001–2003; 2003–2005), «Қазіргі ғылым, мәдениет, білім және бизнес әлеміндегі кітапханалар және ақпараттық ресурстар» халықаралық конференциясын ұйымдастыру комитетінің мүшесі (Қырым 2007, 2008), «Қырым-2011» және «Қырым-2012» халықаралық конференциясы Байқау кеңесінің мүшесі қызметтерін үлкен жауапкершілікпен атқарды. Елімізде Роза Аманғалиқызының еңбегі жоғары бағаланып, 1995 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері» атағымен, 2000 жылы Құрмет орденімен, Президенттің Алғысхатымен қоса тағы да басқа бірнеше халықаралық медальмен марапатталған.

2020 жылы Роза Аманғалиқызының өнегелі өмірі мен атқарған қызметін үлгі ете отырып, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру, жастар арасында кеңінен насихаттау және есімін мәңгі есте сақтау мақсатында Ұлттық кітапханасының Кітапханатану залына есімі берілді. Ұлттық кітапханада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, 40 жылдан астам өмірін кітапхана ісін дамытуға жұмсаған маман Роза Бердіғалиеваны еске алу кеші және «Мен артымда із қалдырғым келеді» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі өткізілді.

Мен, осындай кітапхана ісінің көшбасшысымен және өзінің үзегілес небір жайсаң жандарымен бірге әріптес болғанымды есепсіз бақытқа балаймын. Өмірімдегі кітапханамен байланысты бүкіл кезең сол тұлғалардың есімімен тығыз байланысты. Кітапхана тарихындағы өткеннің еншісінде қалған бұл жылдар мен үшін ең жарқын, табысты, айрықша тарихи есте қалатын оқиғаларға толы болды.

Атап айтқанда, 2006 жылғы маусымда Қырымда өткен «Қазіргі ғылым, мәдениет, білім және бизнес әлеміндегі кітапханалар мен ақпараттық ресурстар» XIII халықаралық конференциясы. «Ақпараттан білімге: кітапханалардың, университеттердің және кітап нарығының рөлі» тақырыбындағы халықаралық конференцияда бірге болған сапар ерекше есімде қалды. Бұл конференцияның ерекшелігі – оған әлемнің 40 шақты елінен 4 мыңнан астамымен қатысты. Кітапханалардың, баспалардың, кітап сату және кітап тарату ұйымдарының; ғылым, мәдениет және білім беру мекемелерінің мамандары мен басшыларына арналған әлемдік кәсіби форумда Р. Аманғалиқызының бастамасымен алғаш рет қазақстандық кітапханалардың «Қазақстан кітапханалары күні» ауқымды, жана форматта әлемге таныстырылды.

Кітапхана саласына өлшеусіз үлес қосып кеткен Р. Бердіғалиеваның, әсіресе 1989 жылы кітапханалық жұмыс үдерісінде еліміздегі алғашқы автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйесін (АБИС) зор мақтанышпен атап өткім келеді. Бүгінгі таңда еліміздің барлық кітапханалары осы бағдарламаның жаңартылған жүйесімен (WEB-РАБИС) табысты жұмыс атқаруда.

Сондай-ақ Ұлттық кітапхана қорындағы көне күйлер мен ұлы тұлғалардың дауыстары жазылған құйтабақтар цифрлық форматқа көшіріліп, 1998 жылы «Қазақстанның музыкалық мұрасы» атауымен CD-диск болып жарыққа шықты. Бұл жұмыс мемлекеттік қаржысыз, ЮНЕСКО-дан жеңіп алған грант есебінен жүзеге асырылды. Өзім куә болған, осындай жоғары деңгейдегі ірі бағдарламалар мен жобаларды қолға алып, жүзеге асыруда теңдесі жоқ көшбасшының табанды еңбегі тасқа таңба басқандай тарихта қалары анық.

Ақылы мен ажарына пайым-парасаты одан әрі көрік беріп, сенімді сөз саптаулары әуенді үнімен үйлесе кететін аяулы жанның әрбір өнегелі ісі мен жүріп өткен дара жолы әлі талай буынға үлгі болары сөзсіз.

Есімі ел жадында мәңгілікке қалған халқымыздың түрлі саладағы небір қайсар қыздарының қатарына мақтанышпен қоса алатын Роза Аманғалиқызының рухты келбеті мен айрықша жаратылысы жадымыздан еш уақытта өшпейді. Қазақстандағы кітапхана саласының игі бастауында есімі алтын әріппен жазылған, көзі тірісінде-ақ тау тұлға екенін дәлелдеп кеткен Роза Аманғалиқызының абырой-беделі уақыт өткен сайын артпаса, еш аласармақ емес. Рухыңыз пейіштің төрінде шалқысын, ұлағатты ұстазым!

Қаншайым ИЗАМБЕКОВА,
ҚР Ұлттық кітапханасының
«Қорды толықтыру» қызметінің
жетекшісі



Жүсіпбек ҚОРФАСБЕК

*Қазақ айтқан, керуен көшеді деп,
Тегі жақсы ұрпақтар өседі деп.
Керуен өмір көшеді, қонады да
Шешені көп болған соң, көсемі көп,
— деп жырлаған еді Әдепхан
Төреханұлы.*

Мен осы кісілерді ойласам, жазу кәсіп болмаған заман еске түседі. Сонымен бірге жазу хобби да болмаған. Бір жылда бір-екі өлең тудырса жетеді.

Тарихтағы бүкіл ақындарды қараңыз. Бәрінен бір-бір кітап қана қалған. Күніне бір өлең жазу ақындықты кәсіп еткеннен кейін пайда болды. Проза жазу кәсіп екенін түсінемін. «Қашан шабытым келеді?» деп күтіп отырсаң, прозалық шығарма өмірі бітпейді. Ал поэзияны арнайы уақыт бөліп, күн сайын жазам деу ақылға сыймайды. Алладан аян түсе ме білмеймін, бірақ бірінші шумақ өзі келуі тиіс.

Біздің Әдепхан ағамыз да туған жерді аралап, талай тебіренген болу керек. Әбілхан Қастеев сурет салған қой тастарды аялап алақанымен сипаған да болар. Дәнеш Рақышевпен бірге сал-серілік құрып, соңынан еріп жүргені екібастан. Сондайда әлгіндей шумақтар ақынның жүрегін тербеген әуенге ілесіп, ғарыштан құлағына құйыла кеткеніне бек сенімдімін. Бұл кісі физик-математик болумен қатар, орта мектепте астронамиядан сабақ бергені қиялын шарықтата түссе керек.

Негізі, ауыл-елде тұратын ақындар өлең-сөзді кәсібім деп емес, өнерім деп білген. Өлең-сөздің нелер заманнан жалғасып келе жатқан дәстүрін сақтаған ғажайып адамдар. Бірақ бір ғана кінәсі, әдеби ортадан жырақтауы.

Токсаныншы жылдардың басында Оралхан Бөкей «Аққұс» деген ұйым құрды. Ол кісі бас редактор, мен бірінші орынбасары едім. Сөйтіп, Алматыда ауылда тұратын қаламгерлердің серіктестігі өмірге келді. Сол ұйымға Әдепхан Төреханұлы да мүше болды. Алайда нарықтың қиын кезінде дұрыс қолдау таппай, жабылып қалғаны өте өкінішті болды.

Әрине, олардың біразы түрлі сынақтан өтіп, Жазушылар одағына мүше болғанын білеміз. Солардың қатарында Әдепхан Төреханұлы да куәлігін алып, төсбелгісін тақты. Ал талай ақын пәленбай өлең кітабын шығарып, осы Одаққа мүше бола алмай-ақ кетті. Олар үшін қаламгерлердің қара шаңырағының босағасынан аттау өмірлік мақсат болғанын қаламдастары жақсы біледі.

Мен ауылда тұратын, өмір бойы қолынан қаламы түспеген, кітаптары да шығып, мойындалғандардың бәрін Жазушылар одағына қабылдау туралы ұсыныс айтар едім. Себебі олар жергілікті жерлердегі әдебиетіміздің насихатшылары, бір сөзбен айтқанда, бас оқырманмыз. Мысалы, Әдепхан Төреханұлы физика-математика және астронамиядан сабақ беріп қана қоймай, жас ұрпақты әдебиетті де сүйеге баулығанына еш күмәніміз жоқ.

Әдепхан Төреханұлының бала-шағаларының бәрі әртүрлі салада жетекшілік, басшылық қызметтерде істейді. Бірақ солардың бәрі өлең жазатын, әжептәуір ақындығы бар азаматтар екенін оқыған біз білеміз, сіздер де білесіздер. Қысқасы, өскен-өнген бұл әулет ата-бабаларынан, бүгінгі немере-шөберелеріне дейін — бәрі әдебиеттің адамдары. Өзіңіз қараңызшы,

«МЫҢ ӘНГЕ» ӨЛЕҢІ КІРГЕН АҚЫН

бір әулетте өздерінің мамандықтарынан басқа қаншама қалам ұстаған, кітапты қие тұтқан, әдебиетті сүйе білген ақ-адал, алғай жандар бар. Солардың алды, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Қазақ мал шаруашылығы және жем-шөп өндірісі ғылыми зерттеу институтының директоры Айбын Төреханұлы «Затия» деген танымдық кітабында: «Ұлықман ағам «Айдыңға құйған ақ бұлақ» кітабында әкемнің сері мі-



нез, қызуқанды екенін айтып, әнші-сазгерлік қырына тоқталады. Ән айту өнеріне тәнті болып, «талант тармақты болады екен-ау» деген ойын білдіреді. Әке қанымен берілген дарын, ана тәрбиесімен ұшталған осы өнер әкемнің тұлғасын даралап, шоқтығын биіктетіп тұрғандай», — деп жазады.

Дәнеш Рақышев Әдепхан Төреханұлының бірнеше өлеңіне ән жазған. Әдепхан ағамыздың сазын да, сөзін де өзі шығарған «Жайлау әні» деген әдемі әні бар. Дәнеш ағамыз сол әнді жоғары бағалапты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұржан Жанпейісов бұл әнді репертуарына кіргізіп, республикамыздың биік сахналарында орындап жүр.

«Мектеп» баспасының бас редакторы болған Ұлықман Асыллов Дәнеш Рақышевтің сексенінші жылдары «Суықтың сайын» өрлеп, қасат қар жатқан биік тауға ұлар көруге шыққанын естелігіне арқау етіпті. Ол: «Сол сапарында, саятшылық әсерімен «Сағынышым, ұларым» деген ән туады. Әннің сөзін әкем Әдепхан Төреханұлы жазған. Бұл ән «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» антологиясына енген», — дейді. Қазақ ән өнерінің энциклопедиясы сияқты мың әннің антологиясына ену оңай емес. Жалпы, Әдепхан Төреханұлының отыздан астам өлеңіне ән жазылыпты. Солардың ішінде «Анама», «Сағыныш сазы», «Жаз дидарлы Жаркент», «Саят», «Қызыл еспе», «Тау қызы» сияқты әндерді бәріміз тындап өстік. Бұл әндерді орындағандардың үлкені — Дәнеш Рақышев, кішісі — Нұржан Жанпейісов. Дәнеш Рақышев сонымен бірге Әдепхан Төреханұлының «Жайлау әні», «Сағынышым ұларым», «Сағыныш сазы», «Саят» әндерін де сахнаға шығарған.

Әдебиеттанушы Ақбота Абиыр қазір әдеби карта жасау жөнінде бастама көтеріп жүр. Оған атақты жазушылардың бәрінің туған жері енгізілуге тиіс. Сол картаның бір ұшығы Бексұлтан Нұржекеұлы арқылы Жаркент жеріне де келіп тіреледі. Міне, сол жердің өлең картасын Әдепхан Төреханұлы жасады.

«Бастау алған «Белбұлақ», «Баркөрнеудің» басынан,
«Суықсаймен» астасып, шашу шашты

жасыннан.

Түсер жолда «Сымтасың» ат байлаған
мама ағаш,
Келе жатыр қалыспай «Басатжұрт»
та қасыңнан.

Көрінеді «Басаттан» «Торайғырдың»
қорымы,
Пирамида секілді толықсыған толымы.
Сауын айтып, ас берген Салтық бидей
бабама,
Жатыр әне, сыр шертіп тай қазанның
орыны.

«Басатжұртта» қарағай ырғалады
желменен,
«Аришалы бет» ұштасып жатыр анау
«Белменен».
Нағашы жұрт жайлауы «Көкбастау»
мен «Желтимес»,
Жалғастырып жатады «Аққайыңы»,
«Көлменен».

Қарап отырсаңыз, бі шумақта он бір жер атауы кездеседі. Келесі бір өлеңі:

«Сабалысай» сырласып «Ырғайлымен»,
Туған жер сырын айтып, жырлай білген.
Бірін-бірі тербетіп маужырайды,
Жұлдызды аспан астында сырнайлы
үммен», — деп басталады. Мұндай өлеңдердің географиялық, топономикалық, этимологиялық, ұлттық колориттік ерекшеліктеріне тоқталып қойған артық болмайды. Осындағы:

«Кепеліден» басталып, «Қайшы бұлақ»,
Жұп-жұмыр, алты таспа қамшы бұлақ.
Таң атқанда шық біткен беткейдегі,
Еңкейеді еңіске тамшы құрап»,
— деген жолдар қандай әсерлі?!
«Бабамның жері, атамның жері —
«Өртеңсай»,

Көкжиектей керілген, шөбі шүйгін,
көркем сай,
Сақталыпты жерімнің ырызғысы
мәңгілік,
Ел кеткенде жер ауып, атаныпты
зертең сай», —
деген жолдар да тұнып тұрған тарих.

«Екпіндетіп жетелік «Баркөрнеуге»,
Сыймай кетіп барады тар кеудеме», —
деген жолдар шеңдестіру арқылы берілген халықтық метафора.

Халықтық метафораның үлгісін:
«Тауды аңсаймын қамықсам,
асқақтаған,

Қасат қар мен мұзарттан қаспақтаған.
Миллион ғасыр өтсе де бас бұйдасын
Ешкімге өмір көшін бастатпаған», —
деген шумақта да көреміз.

Осы мысалдардың ішіне:
«Шығысында «Салтық өстең» сарқырап,
Ағып жатыр «Жылбастауға» қарқын ап.
«Долаңқара» еңкейгендей болады,
Жотасына көлеңкесін артып ап», — деген сәтті де суретті шумақты қоса алмай тұра алмаймыз.

Сөзімнің соңында Бексұлтан Нұржекеұлы мен Әдепхан Төреханұлының аға-бауыр, қаламдас дос болғанын баршаға үлгі еткім келеді. «Кездесу орнын өзгертуге болмайды» дегендей, екеуін жылда табыстыратын жер — Белжайлау. Арқас таудың аясы, Орбұлақтың саясы деуге де болады. Осы жұрт «Туған жерге туынды тік» деген бастамаға кейіпкер таппай шала шабылып жүреді. Біздің арамызда қазір сол ұранға кейіпкер де емес, қаһарман болуға лайық екі қаламгер отыр.

Дос болу үшін олардың екеуі де жақсы адамдар болуы керек. Алақын-жазушыларға жай ғана жақсы адам болу аз, олар талант болуы қажет. Міне, осы қасиеттің екеуі де Әдепхан ағамыздың бойында бар деп білеміз.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ-80 ЖЫЛ

ЯЗОВ пен МҰҚАНОВ

Дмитрий Тимофейұлы Язов — КСРО Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының маршалы. СОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесінің кандидаты болған. Ұлы Отан соғысының ардагері.

Шаймұхан Мұқанов 1921 жылы Қайнардың жанындағы Мәремік тауының етегінде туған. Ұлы Отан соғысына Абыралы өңірінен аттанған 1600-ден астам жауынгердің бірі әрі бірегейі. Майданда басынан аяғына дейін болған. Ленинград облысы Любань қаласының Құрметті азаматы. Ондаған орден-медальдардың иегері. Майор шенімен соғыстан оралғаннан кейін, Алматы, Талдықорған, Жамбыл облыстық мемлекетік қауіпсіздік комитеттерінің бастығы, Қаратал, Кеген, Алакөл аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы болып жауапты қызметтер атқарған.

Язовпен соғыстың отты жылдарында



танасыады. Шаймұқан аға взвод командирі болып жүргенде Язов ол кісінің орынбасары болыпты. Сол жылдарда басталған достық Шаймұқан аға өмірден өткенше жалғасады. 1996 жылдың қыркүйек айында Шаймұқан аға мен Камал төте екеуінің шаңырақ көтергендеріне 50 жыл толуына байланысты алтын тойларымен құттықтап, сонау Мәскеуден Язов бәйбішесін ертіп, Талдықорғанға келеді. Жетпістегі қазақтың бір шалының тойына Маршал келеді деп ешкім ойламаған көрінеді. Оның алдында Шаймұқан аға оның үйінде, Язов Шәкеннің Мәскеуде тұратын баласының үйінде болып, ұзақ әнге құрып, өз ақшасына Министрліктің қорынан «Волга» машинасын алып қайтқан кезі болған. Соғыста болған жерлерін бала-шағасымен аралаған кездерінде де Язовтың көп көмегін, ыстық ілтипатын көреді. Кейіннен сексен, тоқсан жасына тағы келеді сый-сияпатын аркалап майдангер досы. Сөйтіп, соғыс кезінде бір-біріне қорған болып, туыс-тай болып кеткен командирі Шаймұқан ағаның мерейін асырады. Атақ-дәрежесі үлкен, дүниежүзіне әйгілі қолбасшының майдандас досының қуанышына ортақтасуға жер түбінен іздеп келген адамгершілік қасиетіне, достыққа беріктігіне облыс басшылары, дүйім Жетісу елі дән риза болады.

Майдагер Шаймұқан Мұқанов 2016 жылы, 95-тен асып Астанада дүниеден өтті. Ұрпақтары бар. «Ерлік — елге ұран, ұрпаққа мұра». Женістің 80 жылдығы күні оның рухына тағзым ету — жерлестерінің парызы болуы керек.

Бекен ӘБДІКӨРІМОВ,
журналист
Астана қаласы



Бақытжан ҚАНАПИЯНОВ

«Біз бала кезімізден өз армандарымыз бен ой-қиялдарымызды Аймен бөлісіп, Айдың арғы бетіндегі жол-соқпағымен алға ұмтылдық және де біздің бұл өмірде жүзеге аспай қалған бар арманымыз құлпытасымыздың бетіндегі ай бейнесіне көшеді».

Мұрат Әуезовпен әңгімеден

Пролог

Қазақстанның қалалары мен далаларында, таудағы қоныстар мен ең жазықтағы ауылдарда түн сайын толысқан Ай кезінде ауыл адамдары мен дүниеауи бақыт пен сәттілік іздеп, Ұлы Жібек жолының көне соқпағымен аяндап келе жатқан жолаушылардың назарын өзіне тартып тұратын түнгі шамшырақ – Ай мен оның тылсым сәулесіне арналған аңыздар көп.

Түнгі жарық көзінің сиқырлы сәулесі бұлт шоғыры арасынан сыналап сығалап, сарқырай ағып жатқан өзен толқынымен мың құбылып, бір кездері жойқын селмен бірге таулардан көшкен кесек тастардың бетіне шағылыса, тау бөктеріндегі өзендердің арасында көсіліп жатқан аңғардың бойын нұрына малындырады. Бұлдырап көзге шалынатын шатқалдар ғажайып ай сәулесінің жарығымен барған сайын тылсым күйге еніп, ғасырлар бойы толасыз ағып жатқан тау өзенінің үнімен еліктіреді. Бұл тосын құбылыс, өзеннің түсініксіз шуы сияқты, таң алдында жаңғырықтың пайда болуымен ғайып болады. Алатау шырдарындағы жарқырап жатқан мұздық беттері ай сәулесінен одан сайын ажарлана түседі, ал аңғар төсін жастанған, барша жалған дүниенің сусынын қандыратын мұздықтар бетіндегі айдың сәулесін таңның атуы, күннің аптап ыстығы мен қызара бату құбылысы алмастырады. Алайда бұл жоталар мен тау шырдарындағы мұздықтар мәңгілік, олардың арасында осы аспан әлеміндегі Хантәңірінің үстемдігі жоғары. Жердегі және көктегі тірлік түстерінің құбылып тұруымен де мәңгілік. Бұл осы ұлы аймақтың ғасырлар бойғы тіршілік ырғағы, сондықтан, бәлкім, мына қазақ даласы, мына аспан, мына күн және жарық шашып тұрған ай барда осылай жалғаса берері сөзсіз. Ал адам жаны жер бетіндегі тіршілік пен ай сәулесі астындағы өмірді қабылдау сезімдеріне толы, ол осылай ғұмыр кешеді. Аңыздардың бірінде «түнгі сәуле адам жанының жарық және қараңғы күштерін өзіне тартады» дейді. Адам жаны жердегі өмір құрсауынан босанып шыққаннан кейін, қырық күн мен қырық түн бойы тіршілік атаулының үстінде қалықтап жүреді. Тірлікпен қоштасқан адамның жабырқау жанының алғашқы тұрағы – түнгі жарық Ай, ол соның құшағын паналап, тыныс табады. Оған бұрынғы арманыңыздың қанаттары арқылы жете аласыз немесе көрінбейтін данышпан-ақсақал кейпінде ай жол-соқпағымен, тау өзенінің бойымен жүре отырып, ай шатқалдағы мұздықтары жарқыраған шынның құзар бетінен көтерілген кезде бір шетіне жаныңызбен ілініп үлгері аласыз.

Ал онда Аспан өміршісі адам жанын қай деңгейге, түнекке әлде жарыққа ма – орналастыратынын өзі шешеді. Және

де түнгі жарықтың арғы бетінен мәңгілік мекен таппас бұрын тірліктегі күнәларын мен таза сезімдеріне толы бастан кешкен бүкіл ғұмырын көз алдыңнан тізбектеліп өтеді.

Жалпы, тұтас әлем мен әрбір адамды «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?» (Абай) деген сауал мазалайды.

Жаңа ғасыр романы жайлы өсиет

Тағдыр маған мәдениеттанушы Мұрат Мұхтарұлы Әуезовпен рухани жақын болу бақытын сыйлады. Біздің таныстығымызға, оны жаныма жақын белестеріндегі біздің достығымызға елу жылдан асты. Менің алғашқы поэтикалық шығармаларым жарық көргеннен де көп бұрын ол менің қадамдарымды жіті назарында ұстады. Оның алғашқы кітабы «Времен связующая нить», содан кейін «Эстетика кочевья» жинағының әсері сонау жетпісінші жылдары менің бойыма ұялады. Ол менің «Ұмытылған тіл туралы» өлеңімнің алғашқы тыңдаушысы болғанын айтпағанның өзінде, тиісінше бірінші болып бағалады. Мұрат Әуезов жиһанкездікке, туған өлке мен бейтаныс жерлерді шығармашылықпен игеруге деген сүйіспеншілікті бойыма дарытты.

Мұрат Әуезов қазақ әдебиетінің данышпаны Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің елу томдық еңбектерінің толық академиялық жинағын шығаруда талғампаз кеңесші болды. Бұл он жылдан астам бірлескен іс-әрекет, тарихи баспа жобасын жасампаздықпен аяқтау үшін бюрократиялық кедергілерге назар аудармай, артқа көз салмай, өзіміздің түнгі жарық көзімізді бетке ала отырып, үнемі алға жүру болды. Бұл ғалым мен жазушы ұлының «Жібек жолы» баспасының қызметкерлерімен он-жиырма жыл бойғы тығыз қарым-қатынасы еді. Бұл туралы ол бір кездері былай деген-ді: «Мұнда, «Жібек жолы» баспа үйінде ерекше атмосфера бар. Қызметкерлердің әрдайым жылы жымиып қарсы алуы және авторға деген ізгі қарым-қатынасы бірден баурап алады, бұл – өте сирек кездесетін қасиет, бұл – адамға деген шынайы көзқарас пен бағалаушылық. Роман-эпопеяның жаңа аудармасын шығаруды әлемдік және ұлттық классиканы дәріптеуде Қазақстанның оқырмандары алдында баға жетпес еңбегі бар «Жібек жолы» баспа үйінің жоғары кәсіби қызметкерлері жүзеге асырғанын ерекше атап өткім келеді».

Мұхтар Әуезовтің елу томдығын, Мұрат Әуезовтің барлық кітабын жарыққа шығару мен үшін таным мен қарым-қатынастың баға жетпес мектебі болды.

Мұрат Әуезов өмірінің басты кітабы – «Времен связующая нить» жинағын басып шығаруға дайындаған уақыт мәңгі есте. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының басында осы атаумен жарық көрген кандидаттық диссертацияға негізделген алғашқы кітаптың көлемі бар болғаны екі жүз беттей болатын. Ал 2016 жылы жарық көрген кітап көлемі 750 бетке өсіп, оған мәдениеттанушы Мұрат Әуезовтің өмірі мен тағдырына арналған бөлімдер қосылды. Менің ойымша, бұл кітаптағы автордың сүйікті бөлімдерінің бірі «Монисто» еді. Сондықтан болар, ол әдеттегідей өзіне тән ізеттілікпен кітап редакторы Светлана Ананьевадан осы бөлімді мұқият дайындауды өтінген еді.

Үш жыл бұрын маған белгілі кәсіпкер Тимур Тұрловтың атынан бір адам өтінішпен жүгінді. Бұл өтініштің мәні мынада еді: мемлекеттік қолдау мен қаржыландырудан тыс қазақ романын жазған жазушылар үшін жыл сайын берілетін «Месенат» әдеби сыйлығын жариялау жоспарлануда екен. Олар осы ерекше байқаудың қысқаша шарттарын белгілепті. Байқаудың басты жаңалығы мен ерекшелігі жеңімпаздар өмір бойы ай сайын бес жүз АҚШ доллары көлемінде сыйақы алып тұратын көрінеді.

Конкурстың негізгі шарттары үшін қазақ прозасы саласындағы өткен ғасырлардың хрестоматиялық бастауларын қамтитын алдын ала дәл сараптама қажет екен, осылайша жиырма бірінші ғасырдағы қазақ романының алғышарттарын белгілеу қажет еді. Өзімді күрделі сыншы және осы мәселенің маман-зерттеушісі деп санамағандықтан, бас тартуға тырыстым, бірақ байқаудың модераторы Ерлан Асқарбеков мені, айталық, үшінші кездесуден бастап, бұл әдеби процесс, әрине, ерекше және өзінің жаңалығына байланысты қызықты екеніне сендірді. Бұл ретте менің баспамда Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің елу томдық еңбектерінің толық жинағы және оның «Абай жолы» эпопеясының жаңа аудармасы екі рет шыққанын алға тартты. Осы

көмек көрсету – игі іс. Мен саған сараптамалық жазбаңнан кейін, екі-үш жыл өткен соң, алғашқы жеңімпаздар пайда болған кезде, тағы да тиісті талдау жүргізуге кенес берер едім – біздің үмітіміз ақталды ма... оның негізгі тезисі осы болуы мүмкін, оны сен маған жазып көрсетерсің...» Міне, осыдан үш жыл бұрын болған әңгіменің ұзын-ыргасы, мазмұны осы. Мен көп ұзамай осы ғасырдағы жаңа романның алғышарттары туралы сараптама жаздым. Өзімнің тағдыры мен өмірімдегі үлкен ағайым және ұстазымның осы байқаудың алғашқы жеңімпаздары анықталғаннан кейін эссенің соңғы бөлігін жазу туралы нұсқауын әрдайым есімде ұстадым.

Өткен жылы, тамыз айында, Талас облысында, Қырғызстанда болғанда осы

АЙДЫН

Көрнекті ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Бақытжан Қанапьянов «Балалық бәйтерегі» атты прозалық кітабы үшін Фазыл Искандер атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты атанып, Мәскеудің Арбатының лауреаттарға арналған жарнамасына суреті қойылды.



баспа жобасының жетекшісі ретінде «XXI ғасырдағы роман» тақырыбына пәндік талдауды мен жасамағанда кім жасамақ. Мен болашақ әдеби байқаудың нақты бағдарларын анық білмесем де, ұзақ уақыт қолқа салғаннан кейін түбегейлі келісім бердім. Осының бәрін ескере отырып, қоштасарда, ең алдымен, Мұрат Әуезовпен кенесетінімді айттым.

Мұрат ағаға хабарласып, онымен Ұлттық кітапхана кабинетінде кездесуге келістік. Ол мені мұқият тыңдады, содан кейін әдеттегідей үнсіз отырды да, сыпайылықпен сөз бастады: «Менің ойымша, бұл конкурсты ұйымдастырушылар сені осы сараптама үшін таңдауда қателескен жоқ. Сен он жылға жуық «Литературная газетаның» меншікті тілшісісің. Бір кездері Әнуар Әлімжанов та, мен де осы газеттің меншікті тілшісі болдық. Сен бұл игі істі жалғастырып келесің, Герольд Карлович екеуіміз бір кездері осы тақырыпта сөйлестік, ол сен, Бақытжан, өлең жазумен қатар, уақыт пен кеністікті сезінетін әдеби эссеист ретінде өзінді тапқаныңды атап өтті. Бұл, біріншіден. Содан кейін неліктен эпопеяның аудармасына және жиырма бесінші ғасырдың тарихи романдарына жаңа көзқараспен қарамасқа?.. Байқап көр, жинақтал және іске кіріс! Мені осы ерекше істен хабардар етіп отыр. Жаңа ғасыр романын жазуда жаңа есімдер пайда болатынына сенімдімін. Бірақ өмір бойы ай сайын қаламақы алып тұратын болса, кейінгі жылдардағы байқаудың жеңімпаз авторлары бұдан былай ештеңе жазбайды деген күмән мен алаңдаушылық та бар... Өмір өзі көрсетер, қалай болғанда да, байқауды ұйымдастырушылар өздерінің қабылдаған міндеттемелеріне адал болып қалса болды, мен қаламақы мәселесін айтып отырмын. Жазушыларға шығармашылық өмірлерінде мемлекеттен тыс

сараптаманың алдын ала қорытындысын шығара бастадым. Бақытымызға орай, ландшафт сәйкес келді және бес-алты сағаттық жол менің ойларыма қоллайы болды. Мен Алматыда асықпалы жалғастырамын, содан кейін бірінші кезекте Мұрат Әуезовке көрсетемін деп ойлады. Алайда біз солай ойлағанмен, Құдай мен көк құдайы Тәңірдің жазғаны болады емес пе. Бұл эссе мен әдеби зерттеулер «Мұрат Мұхтарұлы Әуезовті еске алу» белгісімен жарық көрді. Мен оның соңғы өсиеті үшін осы жадқа адал болуға тырысамын.


Бұл эссенің көптеген бөлімдерінде Мұрат Әуезов мәдениеттанушы, эссеист, осыткі уақыттың жиһанкезі, энциклопедиялық білім иесі, қолжазбалардың сандаған құпияларын ашудан бастап, Ұлы Қытай қорғанының сыртындағы саяхаттарға дейін, адамзат қауымдастығының атынан біздің тарихи болмысымыздың үзіктерін қалпына келтіруші бейнесінде айқын көрінеді. Біздің қарым-қатынасымыздың елу бес жылында, дәл Мұрат Әуезовше, тікелей және онлайн режимінде, көшпенді өркениет мифтеріне шындап еніп, болмыстың интонациялық кілтін тапқан көптеген қайталанбас сәттердің қатысушысы және куәгері болдым.

Осыткі кезеңнің жиһанкезі

«Егер күймеде білік болмаса, Ол қалай жүреді?»

Конфуций

Мұрат Әуезовпен 1970 жылы мені Политехникалық институттың студенті Марат Балтабаев таныстырды. Ол сол жыл-



АРҒЫ БЕТІ

басында жай ғана әңгіме-дүкен құрды.

Тосордан кейін алыста биіктігі 6995-тен 7010 метрге дейін жететін Хантәңірінің кезбе шыңдарының керемет панорамасы ашылады. Таудың биіктігі құпия болып қала береді. Бұл Аспан иесі көбіне бұлттардың тасасына жасырынады. Тау қырғыз-қазақ шекарасында орналасқан, сондай-ақ Қытаймен шектеседі. Семенов-Тянь-Шаньский Жеңіс шыңын Хантәңірі деп қате болжам жасады, бірақ оған дейінгі мыңжылдық шежірелерінде де жақын жердегі бұл шыңдар шатастырылып келді, оларды Энильчек мұздығы біріктіреді.

Жергілікті тұрғындар Хантәңіріні «Қан-Тоо» – «Қанды тау» деп атайды, бәлкім, күн батқан кезде шың-тау оттай қызыл түске бөленетіндіктен, болмаса Хантәңіріні бағындыруға тырысқан құзға өрлеушілердің көптеген әрекеттері сәтсіздікке ұшырап, қаза тапқандықтан болар... «Тау шыңындағы молалар жоғары көтеріле алған алдыңғы альпинистерден қалған белгі іспетті. Шыңға әрбір жаңа

дәптерін көрсетті. Осыдан Мұрат Әуезов кітаптарының «Жібек жолы» баспасынан шығуына дайындық эпопеясы басталды.

Мұрат Әуезовтің «Времен связующая нить» кітабы жарық көргеннен кейін «Литературная газета» «Жианкез» атты шағын мақала жариялады, оған осы кітапқа жазған кіріспе сөзім негіз болды. Ал кітапты жарыққа шығару «Жібек жолы» баспа үйінде дайындалды.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының ортасынан бастап Қазақстанның мәдени, әдеби және саяси өміріндегі көптеген оқиғалар Мұрат Әуезовтің дүниетанымымен және өмірлік ұстанымымен тығыз байланысты. Бұл – «Жас тұлпар», ақын Махамбеттің «Тыйым салынған кешін», Азия және Африка елдері жазушыларының V конференциясын өткізу (*Алматы, 1973 Оыркүйек*), номадизм феноменін зерделеу және түсіну, Қазақстанда аударма ісін жүйелі ұйымдастыру, «Невада — Семей» халықаралық антиядролық қозғалысын құруға және оның қызметіне қатысу, ЮНЕСКО-ның «Жібек жолы — диалог жолы» экспедициясы, демократия идеяларына қызмет ету және егемен Қазақстанның алғашқы жылдарынан бастап парламентаризм, дипломатиялық жұмыс, кино саласы мен телевизиядағы жұмыс және тағы басқа-

арқилы тоқсаныншы жылдардың соңындағы Қазақстан өмірінің панорамасын берді, бұл уақыт құдығынан адам рухының білімі мен батылдығының жаңғырығы пайда болған кезде құмдағы жалғызбасты адамның ішкі әлемін, жекебасын және жеке көзқарасын ашуға қызмет етеді. Бұл – фильмнің монологтары, диалогтары және дикторлық мәтіні арқилы мүмкін болатын бейне тізбегі. Ықтимал нұсқалар төмендегідей көрініс береді.

Осы арада бірнеше метафораның сырына үңілу қажет. Қараойға апаратын жол – Ұлы Жібек жолының (*Әлемнің иеті*) солтүстік тармағы. Осыған сүйене отырып, фильм арқилы бұл жол өзіміз танып-білген швед Андерсен сияқты адамға апаратынын дәлелдеу керек. Оның жұмысының метафорасын да ашқан жөн. Ол қашарларды жабатын жабындылар жасайды, яғни табиғат сыйлары мен өнімі табиғат жаратылыстарын (*қамыс пен қойлар*) қорғау үшін қолданылады.

Осының бәрінен келе-келе біздің фильмнің сұлбасы айқындалады. Бұл – басты кейіпкердің белсенді пацифизмі, швед Андерсен және оны қоршаған аймақ өзінің өткенімен (*археология*) және бүгінгімен (*атомдық сынақтар, космонавтика, жергілікті халықтың қиын өмірі, экология*), Боранды Едіге мен Андерсен арасындағы моральдық принциптердегі параллель, А.Г.Медоев пен Андерсен арасындағы параллель (*мұны байланыстырушы өжек – олардың осы аймақтың өткеніне қарым-қатынасы*), фильм авторлары мен кейіпкерлерінің басты кейіпкерге деген жеке көзқарасы. Мұндағы біріктіруші бастама – Мұрат Әуезовтің қатысуы.

Фильмде швед және қазақ ақындарының өлеңдері, осы халықтардың фольклоры, Дж. Фрейзердің «Алтын бұтақ», П.Т. де Шарденнің «Адам феномені» және басқа авторлардың кітаптарынан дәйексөздер берілді. Тіпті швед Андерсеннің қара бидай нанының бір үзімін еске түсірген кездегі мұны сияқты деталь да фильмнің финалына өз үлесін қосады.

«Балқаш дастаны» тек бір адам туралы фильм емес. Бұл – Оңтүстік Балқаштың өткені мен бүгінгі туралы, осы қатал аймақта өмір сүрген және өмір сүріп жатқан адамдар туралы, сіз бен біз туралы, біздің күрделі және өте қайшылықты дәуіріміз туралы фильм.

* * *

«Мұрат Әуез: осьтік уақыт жианкезі» деректі сұхбат фильмі мәдениеттанушы және осьтік уақыт жианкезі Мұрат Әуезовтің диалогтарына құрылған. Халықтың тарихи үнсіздікті жеңуі, сөзді пайғамбарлыққа, ал көшпенділер тарихының үнсіздігін тарихи жадыны азат ету симфониясына айналдыру әрекеттері бар.

«Осьтік уақыт жианкезі» фильмі Мұрат Әуезовтің соңғы алпыс-жетпіс жылдағы шежіресі мен өмірбаянына арналған. Игорь Крупко (*фильмнің бірлескен авторы*) екеуіміз ұзақ уақыт бойы неден бастарымызды білмедік. Көптеген көріністер, әңгімелер, сұхбаттар түсірілді, ал интонациялық кілт біздің шығармашылық арсеналымызда әлі болған жоқ. Міне, біз кездейсоқ Конфуцийдің дәйексөздерінің бірін таптық деп айта аламыз «Егер арбада білік болмаса, ол қалай жүреді?»

Мұрат Әуезов өзінің біліміне байланысты (*ММУ жанындағы Шығыс тілдері институтының Қытай бөлімшесі*) әлемді ұғынып-түсінуін Конфуциймен бірнеше рет салыстырды. «Осьтік уақыт жианкезі» фильмі осылай түсірілді, ол ҚР Ұлттық кітапханасы мен Мәдениеттерді жақындастыру орталығының сайттарында қойылған. Бұл фильмді АҚШ-тың шетелдік мәдениеттанушылары да сұратып алды.

Аударған Балжан ХАБДИНА

(Жалғасы бар)

дары «Айгүл» ансамблінің жетекшісі, ал Мәскеу мен Ленинградта оқыған кезінде «Жас тұлпар» студенттік қоғамының белсенді мүшесі болған, Қазақстанның қалалары мен ауылдарына көптеген сапарлар кезінде осы ұйымның музыкалық жағын басқарған. Ол Мұрат Әуезовтің ең жақын достары мен серіктерінің бірі еді. Марат Хамитұлы Балтабаев өз өмірін толығымен музыка саласына арнады, музыкалық бірқатар оқулықтардың авторы болды, кейіннен ғылым докторы, профессор, академик атағын иеленді. Алайда оның өмірі мен тағдырының басты туындысы Қазақстаннан тыс жерлерге де танымал болған «Айгүл» қыздар музыкалық ансамблі еді. Ал ол уақытта, студенттік жылдары, Марат Балтабаевтың өзі жас болған кезде, ол менен бірнеше рет спорт саласындағы және жатақханалық достарымен бірге көптеген студенттік қойылымдар мен дайындықтар кезінде гитара, саксофон және барабан арқалаған өзіміз құралпылас студент қыздардың жанында бірге жүруді өтінді. Бір сөзбен айтқанда, кеш аяқталатын сол кездесулерде әлсіз жынысты музалардың оққағарлары болды.

Кейде сенбі және жексенбі күндері Марат Балтабаев мені қаланың шетіне, алма бағына шақыратын, онда көптеген «жастұлпарлықтар» футбол ойнаушы еді. Сол жерде мен Мұрат Әуезовті алғаш рет көрдім. Мұрат Әуезовпен көптеген жылдар бойы бауырластық достыққа ұласқан сол бір шақтарға және сол таныстыққа мұрындық болған менің жақын туысым Марат Балтабаевқа шын жүректен ризамын.

* * *

Бірде Мұрат Әуезов, Болатхан Тайжан және Диар Қонаев төртеуіміз Шолпан-атаға демалуға бардық. Мұрат аға ерте тұрып, философиялық ойға онаша берілу үшін көл жағасына барып, қармақпен кірпі балық пен шабақтар аулады. Содан кейін түс ауа Мұхтар Әуезов мұражай-үйінде жергілікті тұрғындармен кездесті немесе толқындардың шуылы астында алау

аяқ басу осы бейіттер тізімін көбейтумен аяқталады. Сиямен жазу мүмкін емес, тек қарындашпен оның аты-жөні, келген күні түсіріледі... тағы бір жаңа кабір».

(«Қырғызстан» жолнұсқаулығы)

* * *

Бірде, Олег Ділмұхамедовтің туған күнінде, 30 тамызда, біз Мұрат Мұхтарұлы бастаған топ туған күн иесінің үйінде, жерге салбырай төгіліп піскен жүзім шоғырының астындағы жаппаға жиналды. Олег Елтоқұлы Ділмұхамедов Мұрат Әуезовтің өтініші бойынша «Жібек жолы» эстетикалық орталығының бас директоры болып тағайындалды, мен оның әдеби-баспа қызметі жөніндегі орынбасары болып жұмыс істедім, сонымен бірге Қазақстан Жоғарғы Кеңесі депутаты Мұрат Мұхтарұлының көмекшісі болдым. Олег – нағыз дала адамы, археолог, Ташкенттегі тарих факультетін бітірген. Ол Лев Николаевич Гумилевпен жақсы таныс болды, Санкт-Петербургтегі пәтеріне барып тұрды... Ол Мұрат Әуезовті пацифист кезбе Иммант Андерсенмен таныстырды. Мұрат Мұхтарұлының тағы бір өтініші бойынша осы швед Андерсен туралы «Балқаш дастаны» (*режиссері Рымбек Әлпиев*) фильмінің сценарийін жаздым, бұл фильм Мұрат Әуезовтің монологтары арқилы Имманттың бейнесін де, Оңтүстік Балқаштың тарихын да ашып береді. Фильм Швециядағы халықаралық кинофестивальде танымал болды. Бірақ бұл бұдан бірнеше жылдан кейін болды және бұл кезең, былайша айтқанда, Кеңестер елінің «келмеске етіп бара жатқан дәуірі» еді.

* * *

Бірде, осы ғасырдың басында Мұрат аға өзінің күнделіктерін де, «Времен связующая нить» (*«Жазушы», 1971*) кітабының бірінші басылымын да пайдаланып, «Қабуснама» сияқты кітап жазғысы келетін ойымен бөлісті. Бұған дейін оның «Иппокрена» кітабы жарық көрген, ол керемет шығармашылық формада еді. Күнделіктерінің бірнеше

лар... Мұның бәрі кітапта үйлесімді көрініс тапты, ол қасиетті беттері бойынша да, әлемнің кіші және үлкен істеріне қатысу векторлары бойынша да автордың өмірі мен шығармашылығының тандауы болып есептеледі. Демек, бұл кітаптың альфасы мен омегасы – оның жердегі дүние есігін ашқан топырағынан, жианкездік кезінде қиындықты бастан өткеру, өзінің әлемдегі және өзіндегі әлемді танып-білу, ата-бабаларының, алыс және жақын адамдарының Отанына күш жинап, бекіп келу үшін. Біз бәріміз қайтып оралу үшін сапарға шығамыз. Бұл жағдайда кітаппен!

Ол құрлықтар мен елдер, кітаптар, қолжазбалар мен манскриптурдар арқилы, сонау жасөспірім кез бен жастық шақтан бастап өмірдің қуанышын бойыңа сіңіріп, көп өлшемді әлемнің бірлігін түсіне білді. Дала адамының құндылығын өзін-өзі бағалау сезімі арқилы қорғады. Ұлттық болмыстың тамыр жүйесі туралы сұрақ туындаған кезде либералды төзімділік шетке шығып қалады. Бұл – шығармашының беттерінен айқын және ерекше көрінетін автордың өмірлік ұстанымы. Мұрат Әуезов кітаптарының баспагері және оқырманы ретінде бұл кітап та дәл осылай әдеби, ұлттық, қоғамдық-саяси дәйексөздерге айналып, жомарттықпен таралып кететініне сенімдімін.

Көпшілік Мұрат Әуезовті өз идеяларының тек бастапқы сұлба-жобасын ғана жасайды деп айыптауы мүмкін. Алайда шырақты біреу тұтатуы керек, ал идеяның қызуын қолдап, одан әрі лаулата түсетіндер әрқашан жетіп артылады.

* * *

Мұрат Әуезовпен ұзақ уақыт қарым-қатынас жасаған жылдары мен оның бейнесін «Балқаш дастаны» (1990) және «Осьтік уақыт жианкезі» (2022) деректі фильмдерімде екі рет толық көрсете алдым. «Балқаш дастанында» (*режиссері Р.Әлпиев, сценарийі менікі*) Мұраттың монологы, содан кейін тақуа Иммант (*Ивонн*) Андерсенмен диалог-әңгімелер Оңтүстік Балқаштың алыс өткеніне ретро-шолу

Әлем халықтарының тарихына көз жүгіртсек, қолдан жасалған тауқыметтерді қазақтан көп көрген халық жоқ шығар. Ел басына қандай нәубет түссе де, алғашқы қиыншылық осы халықты айналып өтпеді. Бір байқағанымыз, сол қиыншылықтардың бәрі қолдан жасалды.

Отыз жетінің сұрапыл күндері әрбір қазақ отбасына үрей мен қасірет әкелді. 1937–1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін иісі қазақты баудай түсірді, мәйегін алып кетті. Жүз мыңнан аса адам қуғын-сүргінге ұшырады. Солардың 25 мыңы атылып кете барды. Енді бір айтпаса болмайтын жайт, осы саяси қуғын-сүргін кезінде өзбектерден атылған қайраткерлері 50-дің үстінде, әзербайжаннан атылғандардың саны 70-тің үстінде, қырғыздың атылғаны 12-ге жетпейді, тәжіктерден атылғандар 4-5-еу шамасы, ал Қазақстанда атылғандар 25 мың екен. Осы атылғандардың дені – иісі қазақтың бетке ұстар көш бастаушы, прогрессивті интеллигент, Алаштың орда ұлдары еді.

Қазақстандағы қуғын-сүргінге жасалған жан-жақты талдау еліміздің азаттығы, тәуелсіздігі мен аумақтың тұтастығы үшін күрескен халқымыздың үздік ұл-қыздарының ұзақ уақыт бойы барынша жүйелі түрде аса аяусыз және қатыгез қуғын-сүргінге ұшырағанын көрсетті. Сталиндік жазалаушылар жұртшылықты алдау үшін қылмыстық істерді қолдан жасау, іс-қимылдарына өтірік баға беру арқылы сол кездегі «сот» деп аталатындардың үкімі бойынша «шетелдердің шпионы», «халық жауы» және тағы да басқа жалған айыптаулармен атылды, сотталды, жер аударылды. Қолдан жасалған апатқа кім кінәлі? Әрине, қызыл империя екені айдан анық. Дегенмен оған өзіміздің «шаш ал десе бас алатын» жандайшаптар да кінәлі.

Көптеген қазақ отбасының басынан өткен нәубет менің атам Ахмедия Сармолдаевты да айналып өтпеді. Өз қиыншылықтары мен зобалаңын ала келді. Ахмедия атам өз заманының озық ойлы азаматы болған. Ахмедия Сармолдаев қазіргі Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданында 1900 жылы дүниеге келді. Жастайынан өзінің пысықтығынан арабша, латынша, кейін орысша оқып хат таниды. Атамның ұйымдастырушылық қарым-қабілеті әсіресе сонау 1930–1933 жылдары қолдан жасалған алапат ашаршылықта қынадай қырылып, ауа көшкен ел жұртты Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, қазіргі Саудақент ауылына орналастырып, азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз етуде айрықша көрінді. Өлкелік өкіл Ораз Жандосовпен иық тіресе тізе қосып, аштықтан әлсіреген мыңдаған жандарды ажал аузынан арашалап қалғанын көптеген көнекөз қариялар да, тарихи деректер де айтады.

Сарысу Аудандық тұтынушылар одағы басқармасының бастығы, Аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін мінсіз атқарған Ахмедия Сармолдаевты Ораз Жандосов 1935 жылы ел астанасына шақырып, Алматы Облыстық атқару комитеті жер бөлімінің басшысына тағайындайды.

Сәкен Сейфуллин, Ұзақбай Құлымбетов, Ораз Исаев секілді Алаш қайраткерлерімен үзегілес, пікірлес болып, сыйластық құрып, етене жақын қызмет жасайды. Алайда саяси қуғын-сүргін репрессияның қанды құрығы отызды енді орталаған Ахмедия атамның құтқармайды. Алматы облыстық НКВД-сі ол кісіні 1937 жылы қыркүйек

уге хат жазбақшы болады. Осы тұста Вяткин заңнан хабары болғандықтан әкемізге ақыл-кеңес беріп, жөн сілтейді. СССР Бас Прокуроры Рекунковқа, тағы басқа жоғары органдарға хат жолдайды. Осы орайда Вяткин де өзінің жазықсыз жаламен ұсталып, жер аударылғанын айтып, хатты бірге жолдайды. Көп ұзамай Мәскеуден атамның Ахмедия мен

бүгінгі күн тұрғысынан пайымдап, әділ бағалауға тырысу ғана қалды. Алайда 37-жылғы репрессия кезінде халықтың азаттығы мен тәуелсіздігі жолындағы қиян-кескі күресінде халыққа қорған, қамқоршы, тірек, жетекші бола білген тұлғаларды қуғын-сүргінге ұшыратуға белсене қатысқан шолақ белсенділерді жұртшылық ұмыта қойған жоқ. Осы

ЖАҚСЫ АТЫ ТҰРАР ЖАҢҒЫРЫП

айында тұтқындап, қараша айында ату жазасына кесіпті. Архив құжаттарынан сай, атамның мәйіті Алматы облысы, Талғар ауданының Жаңалық деген жерінде жерленгенін білдік. Ахмедия атамның 2 ұл, 2 қыз қалды. Үлкен ұлы менің әкем – Өтебай, одан кейін қарындасы – Рысалды, Дариға (Дәкен), кенжесі Өтелбай аға. Рысалды апамыздан атамның өткен өмірі жөнінде сұраушы едім. Ол кісі сол кезде 14 жаста екен. Рысалды апамыз есінде қалған үзік-үзік естелігін күрсініп қойып, әңгімелеуші еді. «1937 жылы таң атпай әкемді НКВД-нің адамдары алып кетті. Бәлкім, әкем қайтып келмесін сезді ме екен «Ал қош болыңдар. Жазығым жоқ. Енді қайтпаспын. Елге қайтыңдар!» – деп кете барыпты. Ораз Жандосов бізбен көрші тұратын. Қарама-қарсы есіктен ол кісіні де НКВД-ның адамдары алып бара жатқанын көзім көрді», – деп еске алушы еді аяулы апамыз.

Әйгілі қазақтың маңдайалды мақтанышы дерлік бір ұлы Ораз Жандосов пен бірге атамның Ахмедия да атылып кете барды. Осы оқиғадан соң отбасы қайта Саудақент ауылына қоныс аударуға мәжбүр болады. Атамның Ахмедия осындай жазықсыз жаланың құрбаны болса, артында қалған әйелі, балалары одан бетер жапа шекті. Атамның тұтқынға алынуы және оның беймәлім тағдыры ұзақ жылдар бойы оның балаларының адамгершілік келбетіне басылған дақтай еңсесін басып келді. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын жаппай ақтау жұмыстары адамзат тарихындағы қанқұйлы қанішердің бірі Сталин өлген тұста басталды. «Жылымық» деген атау бұл үрдіс Хрущев Үкімет басына келген кезден белең алды. Ахмедия атамның 50-жылдары жазықсыз екені анықталып, толық ақталды.

Осы орайда ерекше бір оқиғаны еске алмасак болмас. Анамыз айтып отырушы еді. «Сол 50-жылдары бізбен көрші болып ерлі-зайыпты Вяткин деген кісі тұрды. Саяси қуғын-сүргін кезінде Балтық жағалуы елінен Қазақстанға жер аударылған екен. Жағдайы төмен, жер кепеде тұрды. Бірақ өте білімді, мәдениетті кісі болатын. Араласып тұрдық. Жақсы қарым-қатынаста болдық. Ол өзінің Прибалтика Республикасындағы Бас Прокурордың орынбасары қызметінде болғанын айтушы еді. Әкесі Ахмедия туралы қандайда бір мәлімет алу үшін әкеміз жоғарғы жаққа Мәске-



Вяткиннің жазықсыз екені және толық ақталғаны жөнінде жауап хат келеді. Әкеміз Вяткинге ақталған жөнінде жауап қағазды апарып береді. Шамалы уақыт өткен соң Вяткиннің әйелі жылап келеді. Не болды екен деп әкең екеуіміз барсақ, жер кепеде темір керуетте шалқасынан жатқан күйі Вяткин жан тапсырыпты. Кеудесінде ақталғаны жөнінде қағазы жатыр дейді. Қуғын-сүргіннің, жазықсыз жаланың құрбаны болған жанның жүрегі шыдамаған ғой. «Халық жауының» баласы ретінде әкең көп құқай көрді. Балалық шағы өте ауыр жағдайда, қиыншылықта өтті.

«Бір қиыншылықтың екі жақсылығы бар» дейді Құран Кәрімде. Ахмедия атаң ақталғаннан кейін әкең партия қатарына қабылданып, түрлі басшы қызметте болды. Алматыдағы Ахмедия атаң тиесілі 4 бөлмелі пәтерді Үкімет қайтып берді», – деп еске алушы еді аяулы анамыз.

Иә, «жақсы әкеден туған ұл тартпай қоймас негізге» демекші, текті әкенің балалары Өтебай да, інісі Өтелбай да басшылық қызметтерде болып, Сарысу ауданының қалыптасуына, өсіп-өркендеуіне зор үлес қосты. Жылдар өтті. Арманда кеткен арыстар ақталды. Бірақ қанша зұлмат болса да тағдырдың қыл көпірінен өткен қазақ түп-түқиянымен қырылып кетпейді. Уақыт өте келе, етек-жеңін жыйды, іргеліде егемен ел атанды. Бірақ қилы кезеңдер, «тар жол тайғақ кешулер» қазақтың жадында ақтандақ болып мәңгі қалды. Бүгінде біз ерен ерлердің нәубет жылдары қара басын емес, халық қамын ойлағанын мақтанышпен сезініп, әрдайым жадымызда түюге тиіспіз. Бізге енді тарихи белестерді

орайда Алаштың ардақтысы Ахмет Байтұрсынұвтың:

«Қинамайды абақтағы жапқаны, Қиын емес, дарға асқаны, атқаны. Маған ауыр осылардың бәрінен,

Өз ауылымның иттері үріп-қапқаны», –

дегені еріксіз еске түседі.

Таза, адал адамдардың жолы қашан да қулармен сұмдарға қарағанда ауырлау болып келетіні рас. Қадалған жерінен қан алмай қоймайтын қорқаулар неден болса да тайынбайтыны тарихтан белгілі. Жарайды, бұл кешегі кеңестік кезеңнің кесапаты дейік. Ал бүгінше? «Әйтеуір, кінә тауып бір жерімнен, Сынауға тіптен құмар кім көрінген» деп ақиық ақын Мұқағали Мақатаев айтқандай еш себеп болмаса да, тырнақ астынан кір іздейтін жаны лас жандар жоқ деймісіз бүгінде.

Ахмедия Сармолдаевтың өз дәрежесінде бағаланбай жүргеніне, тіпті соңғы уақытта оның есімін елемеге, тарихи еңбегін тасада қалдыруға тырысатын әрекеттер байқалмай қалып жүрген жоқ. «Кімде-кім өз ұлтын сүйсе, қияметте де Алла тағала оны сол ұлттың сапында тірілтеді» дейді қасиетті хадис. Ұлтқа, өз ұлтына қызмет еткеннің әманда жүзі жарқын, жұлдызы жоғары.

Ахмедия атамның дүниеден озса да, артында тағылымды жолы, ізгілікті ісі, өзін қадірлейтін халқы қалды.

Бір сөзбен айтқанда, Ахмедия атамның сара жолы – ерліктің үлгісі, елдіктің өнегесі.

Халқының қамын жеп, ел үшін аянбай еңбек еткен, елі үшін жанын қиған Ахмедия Сармолдаевты ұрпақтары еш уақытта ұмытпайды.

Оның көзін көрген замандастары, оның шапағатына бөленген ұрпақ барда, оны ешкім өшіре алмайды. Қоғам ерекше ойлы, пайдалы ісі бар биік тұлғалардың парасат пайымымен алға басады, өркендейді. Мұндай ұлағат иелері барша жұртшылыққа үлгі. Қайраткер тұлғалардың тағылымы, өнегелі істері бүгінгі жас ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеуге ерекше маңызға ие. Тарихты біліп, қадірлеп өскен жас өркен ертен елін, жерін сүйетін мемлекетшіл, патриот болып өседі. Өткеннің отын өшірмесек қана келешекті кемелдендіре аламыз. Сондықтан жүйелі және жаппай қудаулауға ұшыраған жазықсыз жандарға көбірек көңіл бөліп, оны кеңес насихатының жапқан жаласы мен жаққан күйесінен арылту, оның атын, ерлігін мәңгілік жадымызда сақтау және ұлықтау – біздің адами, ұрпақтық қасиетті борышымыз.

Мұрат САРМОЛДАЕВ,
Жамбыл облысы, Сарысу ауданы,
Саудақент ауылы



Светқали НҰРЖАН,

Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері

Менің студенттік достарымның ішінде күлсе, жүрегінің барлық қалтарыс-бұлтарыстарын көрсетіп, ішек-қарындарымен ақтарыла мәз болып күлетін екі досым болды. Бірі – Қайрат Әлімбаев, бірі – Мұратбек Оспанов. Біреуі – Талдықорғаннан, бірі – Абай елі Шыңғыстаудан. Екеуі түйдей құрдас. Біреуі – алпамса денелі, салқам, біреуі – тас-тұянадай тарпаң. Маған олардың күлкілері өшпейтін өмірдің сарқылмас сәулесіндей әсер ететін.

МҰРАТБЕКТИҢ МҰРАСЫ

Осы достарым қасымда мәңгі жүретіндей сезінетінмін... Олай емес екен. Қазір екеуі де өмірде жоқ. Қайрат сонау 2006-ның жазында анасының басына көктас орнатам деп кетіп бара жатып, Шенгелдінің тұсында опат тапты. Ал өткен жылдың майсан мамырында Мұратбектің жыр-жүрегі оқыс шым-м-м ете қалған да, дүниеден көшіп кете барған. Кім көшпеген жалған, кімнен қалмаған арман дерсіз. Бірақ дүниеден ақынның өтуі – мүлде басқа құбылыс. Ол күні, әрине, ай тұтылып, күн күреңітпес, әйтсе де ел-ананың жүрек тұсы удай ашып қалатыны ақиқат. Ол құбылысқа осынау азды-көпті ғұмырда талай мәрте кәу болдық...

Жә, басынан бастайыншы. Сонау бір заманда, бояуы өшпеген, жұпары көшпеген Алматы атты қалада бір-бірімізбен шұркырасып қауыштық. Бір-бірімізді туғалы білетіндей, атамзаманнан етене жандардай татаусыз табысып, алғаусыз араласып кете бардық. Мен 1981 жылы ҚазМУ-дың филология факультетіне оқуға түскенде, Мұратбектер журфактың екінші курсында екен.

Әлі күнге дейін көз алдымда, көшеде Мұратбек әңгіме айтып келе жатқанда, қаланда түгіл қаламда не болып жатқанында шаруасы жоқ, елігіп-беріліп кететін. Қолын кейде желкесіне қойып, балалық шақтағы қызықтары мен бұзықтарын айтып риясыз ақтарыла күлгенде сен де Шыңғыстаудың еңсесінен, Қарауылдың көшесінен бір шығатынсың. Сол сәтте орысы көп Алматының өзі қазақтанып-ғажаптанып кеткендей көрінетін. Абай елінің ғажайып адамдарымен де алғаш ағеден Мұратбектің арқасында таныстым. Өзінің өлендегі ұстазы Төлеген Жанғалиев, сұлу сазгер, аруақты әнші Тұрсынғазы Рахимов секілді ағалардың алдарын көре қалдық. Тыныштықбек атты сұрапыл ақын бар екенін де Мұратбек пен Бауыржаннан естіп білгем...

Алдымызда Ертай Ашықбаев ағамыз, айналамызда: Нүсіп Әдірахимов, Нұрлан Берғазиев (Мәукенұлы), Бауыржан Үсенін, Жаңабек Шағатаев, Базарбек Түкібаев (Балапан Базар), Бауыржан Омаров, Қайрат Әлімбаев, Бауыржан Жақыпов, Табылды Досымов, Әбубәкір Смайылов, Амантай Шәріпов сықылды шерілер, ҚазПИ-ден: Қазыбек Исаев, Нұрлан Әбдібеков, Кәдірбек Құныпияев сынды серілер бар, әй, бір, керуен-жалғанның серуен-дәурені басталды-ай! Оқуға кейінірек түскен Жұмабай Құлиев, Темірғали Көпбаевтар келіп тобымыз одан сайын түледі. Бұл шоғыр ұзамай «Жұматай қағанатының» нояндарына айналды.

Мұратбек бірде Шаламай атты қаһарлы комендант әйелдің көріне ұшырап, жатақ-

ханадан шығып қалды. Оның сол кезде төсек-орыннан әп сәтте жұрдай болып қалған керуенінің жоғарғы жағында ілулі тұрған Есениннің суретіне қарап:

*«Бос қалды менің төсегім,
Бозадан болды кеселім.
Не дейін саған, Есенин,
Не дейін саған, Есенин?»* – деген экспромт

өлеңі студенттердің аузында жүрді. Содан ол пәтерге көшті. Жай көшпеді, қасына достары Бейбіт Исабаев (қазіргі Жетісу облысының әкімі) пен Қайрат Әлімбаевті ала кетті. Пәтерлері ҚазГУ-градтан аса қашық емес, Каблуков көшесінде болатын. Сол көшеде көпке белгілі жындыхана бар-тын. Бұлардың жындыхананың жанында тұратындарының

аман-есен табыстандар», – деді... Міне, осы бір сырт көзге елеусіз болса да бізге қатты әсер еткен оқиға туралы Бауыржан Жақып та, Мұратбек те, мен де баллада жаздық. Құдды, әлгі Қуандық, Сырбай, Тоқаш, Сағилардың бір тақырыпқа, яғни құлын туралы өлең жазатыны сияқты. Әрине, үшеуіміз де болған жайға әр қырынан келіппіз. Мұратбектің жыры былай басталады:

*«Қаламгер» деген кафеге мынау
жайғасқан едік енді кеп,
Өтежан ағам өкіріп отыр
көзінен жасы мөлдiреп.*

*Дәл қарсымызда қамықса ақын
қалайша бұған жан шыдар,
Шарадай көзден шашылып түсті
тарыдай таза тамшылар.*



Солдан оңға қарай: Б.Түкібаев, М.Оспанов, С.Нұржан, Б.Жақып, Қ.Әлімбаев

Өлеңге құмар өрімдей жастар жырларын жаттап өскен ек,

Соғыстың салған жарасын жанға сол ақын берген кестелеп...

Бұл жырда өмірдегі де, өлендегі де жолы тым ауыр болған ақынды жылатқан қоғамды айыптайды ақын. Жырдың соңы:

*«...Еркін ел болып, келемін күліп,
үлгілдек үміт гүл атқан,
Келмеске кетті Кеңес те қазір талай
талантты жылатқан.*

*Тракторменен таптап тастаған көк
шықты қайта қыратқа,
Өтежан ақын көрінбей кетті, көрінбей
кетті бірақ та...*

Талады кеудем сұраққа? – деп аяқталады, яғни қанша азаттық алдық дегенмен, өзгеше ойлайтын, өзгеше жазатын шын ақындардың қандай қоғамда да қарқаллауы ғұмыр кешпейтінін уытты тілмен, бөлекше үзін-өрнекпен әшкертеді...

Студенттік шақтың өзінде:
«Ақын дейміз, өлең дейміз, жыр дейміз,
Жырымызды жыртып тастап
жүр кей қыз.

Татып алсақ, талантпыз деп шығамыз,
Артты қысып, неге тыныш
жүрмейміз?» –

деп, өзін осылайша әшкерелеген ақын бәрібір тыныш жүре алмады. Жайраң қалпына сеніп барып қалсаң, кейде аяқ астынан кілт ете қалып, айлап тұнжырап сөйлеспей қоятын қызық мінезді Мұратбектің ішкі буырқанысы ырық бермеген кездер оның жастық кешулерінде жиі кездесті. Қыран жапқандай қырғын төбелестердің ортасында жүрмесе де, деканға ұнамай, оқудан аластатылып, екі жыл солдаттың сұр шинеліне оранып қайтқанына да куә болғанбыз. 1984 жылы ҚазМУ-дың 50 жылдық тойына қатысты өткен айтыста, мен Бейбіт Құсанбеков марқұммен айтысып отырып, қазылардың төрағасы Қожакеевке қарап:

*«Аңсары аһ ұрғанда айға жеткен,
Соғатын жыр самалы майда леппен,
Абайдың сарқытынан татқан ақын
Мұратбек Оспановтар қайда кеткен?»* – деп ашулы сауал тастағаным бар...

Иә, «әр күлкің бір қаралық» болып жүретін жастық шақ та басымыздан сәуірдің бұлтындай жөнкі көшіп өте шықты. Одан кейінгі қазақтың «ала дорбасы алдына түскен» жылдар кім-кімді де аяған жоқ. Біріміз шығыста, біріміз батыста жүріп арамсыз алыстап, хат-хабарымыз үзіліп қалды. Кейін ес жиған соң барып хабарласып тұрдық. Ол сонау 1918 жылы Алаш (Семей) қаласында

Жүсіпбек Аймауытов тұңғыш редакторы болып, 12 саны шығып жабылып қалған, тәуелсіздіктен кейін қайта ашылған «Абай» журналының бұйдасын Рысхан Мусин ақсақалдан алып қалып, ғұмырының соңына дейін басқарды. Қазақ руханиятына зор еңбек етті. Өмірінің қандай кезеңінде де ару поэзияға адалдығын сақтады.

*«Ат басындай алтын да бар, маржан бар,
Жайым жоқ қой жайдақ тартып арзандар.
Сара жол бар соқпағында санамның
Салып кеткен ұлы Абай мен
Мағжандар...»*

*...Сағым болып тұнып жатқан бір белде,
Сапарлаймын студенттік күндерге.
Қалғып кетсем қанжар сұғыя оятар
Қайрат пенен Светқали іргемде», –*

деп ұлылармен өзін камшылады, бізбен тебінгісін терге көміп жарысты.

Ол да Абай атасы ұстаған ақиқаттың қандауырын қолынан тастамай өтті. Ұлт бойындағы жолдан жабысқан, қайта «табысқан» мерездерге қарсы «ұлы сия – ащы тілінің» уытын аямады.

*«Қолым әрең жетіп еді күнге азат,
Ата-баба түгендедік уралап.
Әр рудың батырларын ұлықтап,
Әр төбеге мәз боламыз ту қадап.*

*Ұлы жүз бар, Орта жүз бен Кіші жүз,
Үш бөлініп мандымады ісіміз.
Бір қазақтың жайлауына таласып,
Ағайынға қайралуда тісіміз.*

*Бүйте берсе оңбайды ғой бұл қазақ,
Бірін-бірі шапқа түртіп жүр қажап.
Түнімен тыным бермей шығады,
Күшік ойым көкіректі тырналап.*

Өткір айтсам, ұлт қамы деп ұғындар,
Жасырмаймын, міне, осындай күнім дәл.
Күшік ойым ұлы-ұлы ұлғайып,
Өзім итке айналатын түрім бар!» – деген ашудасқа малғандай ащы шумақтар бүгінгі күннің усойқы ақиқаты емес пе?! Азаттық алғаннан кейін ұлттық санаға жетіп, адамзаттық сапаға көтеріліп кетудің орнына рушылдықтың батпағына қайта батқанымыз, шынында, орны толмас сорақы өкініш қой. Ақын жүрегі мерзімінен бұрын жарып жіберген де осындай кесапаты ұрпаққа тиер кеселдер еді...

Мұратбектің артында халқының қамына қылған қалам қайраты мен отбасы, жары, ұрпағы қалды. Өзі айтқандай:

*«Білемін, алдаспандай өткір емен,
Алдымда көкем де жоқ көк тіреген.
Қияли ұлдарыңның бірімін ғой,
Кеудесін тентек өлең тепкілеген.*

*Жатқаны шамалы оның пайдаға асып,
Отырам өзіме-өзім майдан ашып.
Жұлдызға аспандағы сәлем жолдап,
Боламын түн баласы Айға ғашық.*

Сызылып о шіркін де жолатпады,
Жасырып сұлу жүзін таң атты, әні.
Сол Айдың сәулесінен сүзіп алған,
Әйтеуір жолдар қалды парақтағы», – деп, «ай сәулесінен сүзіп алған» жырлары қалды. Біздің көкірегімізде – ақжелен жастық, бозжейде ғашықтық және... сартап сағыныш қалды...

Бейіште нұрың шалқысын, мұратына адал, мұрасы кемел Мұратбек!

**Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК**жазушы-сатирик,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

КҮЛГЕНГЕ НЕ ЖЕТСІН, ОЙЛАНҒАН ДА ДҰРЫС

Негізін профессор Темірбек Қожакеев қалаған Қазақ сатирасы мен юмор кеңесі Қазақстан Жазушылар одағындағы бірауызды, ұйымшыл топтың бірі еді. Белгілі сықақшы Көпен Әмірбек кеткелі оның жұмысы божырап кеткені рас. Бес жылдай алға бастайтын серкеміз болмай, жан-жаққа шашырап, жайылып кеттік. Тізгінді белгілі сықақшы Еркін Жаппасұлы алғалы бері есімізді жия бастағандаймыз.

Биыл республика сықақшылары үшін қуанышты жыл болды. 2011 жылы біртөмдік «Қазақ сатирасының антологиясы» жарық көрді. Енді, үштомдық, 2400 беттік көлемді туынды дүниеге келді. Республикаға жар салып, сықақшы біткенді Қазақстан Жазушылар одағына топтастыруда бұл кітаптың алатын орны зор. Осы үш томды толық оқысаңыз, сықақшылардың көтерген жүгін бөліскендей боласыз. Үлкен дүниемен таныса отырып, кімнің қандай сықақшы екеніне көзіңіз жетеді. Өмірден озған Жүсіпбек Айтбайбаев, Садықбек Адамбеков, Оспанхан Әубәкіров, Сақтапберген Әлжік, Темірбек Қожакеев, Сейіт Кенжеахметов, Үмбетбай Уайдин, Мыңбай Рәш, Таңдай Кенеев, Көпен Әмірбек, Табыл Құлыс сынды жазушыларды бір жерден табасыз. Қазақ сатирасының майталмандары Ғаббас Қабышев, Қазыхан Әше, Доқтырхан Тұрлыбек, Еркін Жаппасұлы, Мұхтар Шерім, Нұртан Төлепбергенов, Толымбек Әлімбаев, Ермахан Шайқыұлы, Нұрмахан Ертай, тағы басқалардың туындылары антологиядан орын алды. Сатирик-жазушылардың жаужүрек тобына республиканың түкпір-түкпірінде тұратын жас әзілкештердің қосылып, шығармалары жарық көруі — құптарлық жай.

Үш томнан тұратын сатира-юмор антологиясына 63 сатирик-қаламгердің туындылары еніп отыр. Әрине, айтуға оңай, қазақ әдебиетінде өзіндік үлкен орны бар антологияның жарық көруіне үлкен еңбек жұмсалды, мандай тер төгілді. 2000 беттен асатын туындыны құрастыруға сатирик-жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қазыхан Әше үлкен еңбек сіңірді. Қазақстан Жазушылар одағы, Мәдениет және ақпарат министрлігі болып, қаржы мәселелерін шешсе, жаңа туынды жақында қолымызға тиіп қалады.

Биыл қазақ әдебиетінің сатира-юмор жанрында тағы бір үлкен жаңалық орын алды. Ертерек уақыттағы сықақшылар Садықбек Адамбеков, Есенжол Домбаевтар-

дың сатиралық романдарын әлі ұмыта қойған жоқпыз. Сол дәстүрді сатирик-жазушы, талай-талай әдеби сыйлықтарды қанжығасына байлаған шымкенттік қаламгер Мұхтар Шерім жалғастырды.

Жалпы, Мұхтардың кез келген сықак туындысын оқып отырып, оның ізденгіштігіне, шеберлігіне іштей риза болып отырсың. Ол туындысын әшейін жаза салмайды, шағын ғана әзілінің өзінде салмағы жан сырқыратардай сарказм, ашы шындық бой көрсетіп, езуіне еріксіз күлкі үйіреді. Күлдіріп отырып, оқырманын ойландырады.

Төрттомдық жинағы мен «Құдағи құшақтай береді», «Бюрократпен коштасу», «Біз ұялмаймыз» кітаптарының авторы биыл оқырмандарын елең еткізетіндей



жаңалық әкеліп, «Тоғанай Т» баспасынан «Супер бетсіздер» сатиралық романы жарық көрді.

Сараптап қарасақ, соңғы жылдары дүниеге келген тұңғыш сатиралық роман екені көңілге қуаныш әкеледі. Сегіз жүз беттен аса тұратын қалың романның көтерер жүгі қандай? Романның бірінші бетін оқи бастағанда-ақ сол баяғы Шерімнің стилі өзіне баурап алады. Сатиралық сөз саптаулары, диалогтер, кейіпкерлер қақтығысы, кейіпкерлер бет-бейнесі ерекше екені байқалады. Басты кейіпкер Майра пысықайлығының арқасында аудан әкімімен әмпей-жәмпей болып, әуелі ауыл әкімдігіне тағайындалады, одан аудан әкімі, облыстық мәслихаттың депутаты, тіпті денсаулық сақтау министрі болып шыға келгенде де қазынадан жымқыруын қоймайды. Романда алуан тақырып тоқайласқан: нашақорлық, жемқорлық, паракорлық, сатқындық, екіжүзділік, жағымпаздық жан-жақты әшкереленеді. Кейіпкерлері сайдың тасындай. Учаскелік инспектор, маскүнем Нартай, Қалқабай, Крутой, Кислота, Шаман — нағыз сатира кейіпкерлері. Мұхтар Шерімнің сатиралық романының әр беті тұнған күлкі, ашы сарказм, шымыр диалогтермен өрнектелген.

Сатиралық романда еліміздің спорт, сот, прокуратура органдарында орын алған былықтар ашы кекесінмен, уытты тілмен келемежделеді. Мұхтар өз сатирасында штрихтарды, сатиралық детальдарды ұтымды шеберлікпен пайдаланып, шығармашылық құнын арттыра түседі. Бәрін айт та, бірін айт, қазақ сатирасы тарихына қосылған Мұхтар Шерімнің «Супер бетсіздер» сатиралық романы — биылғы жылдың басты жаңалығы.

Жыл қорытындысы бойынша менің қолыма түскен осы екі туынды. Қос шығармаға өз бағасын беруге тырыстым. Бөлінген уақыт өте тығыз. Енді «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған әзіл-сықак дүниелеріне қысқаша тоқтала кетейін.

Жаңылмасам, үш-төрт жылдай бұл жанр басылым бетінде тиіп-қашып, тұрақты беріл-

мей жүрді. Бауыржан Жақып «Қазақ әдебиеті» газетінің тізгінін ұстағалы бері бұл мәселе дұрыс шешімін тауып, газеттің соңғы бетіне сатира және юмор жанрындағы туындылар тұрақты беріліп келеді.

Бір қуанарлығы, қазіргі қоғамда орын алып отырған келенсіз жайларды әшкерелеп, сынайтын дүниелер көптеп кездеседі. Бірақ сатира мен юморға жеті қайнаса сорпасы қосылмайтын шығармалар да кездесіп қалады. Өлеби басылымға шыққан кейбір дүниелердің авторларының атын атап, түсін түстеуге уақыт тапшы. Газет бетінде сатира мен юмор талабына сай болмайтын туындылар бой көрсетіп қалады. «Тисе — терекке, тимесе — бұтаққа», деп күшеніп жазғанның керегі шамалы болса керек.

Жазушылар мінбесіне күнде көтеріліп сөз айта бермейміз. Орайы келгенде екі-үш ұсыныс айтсам деп едім. Жастар — біздің болашағымыз деп жатамыз. Жыл сайын ертенінен үміт күтетін екі-үш жас қаламгерді Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне қабылдау дұрыс шешім болар еді. Арамызда сен тұр, мен атайын деген талантты сатириктер аз емес, оларды неге халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығына ұсынбасқа?! Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын алып жүрген сықақшылар өте аз. Осы мәселе де ойлантамын жайт. Қазақстан Республикасының жоғарғы марапаттауларына, әртүрлі мемлекеттік сыйлықтарға ұсынылып жатқан сықақшылар жоқтың қасы. Күрделі жанрға қалам тартып жүрген екі-үш жазушының шығармасын Сатира және юмор кеңесінде талқылап, шығармаларын кітап етіп басуға қолдау көрсетілсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Тағы бір айта кететін өзекті мәселе — бірінші сәуірдегі Күлкі күні ұмытылып барады. Сонау 1992 жылы Күлкі күнін дүниеге әкелген Қазақстан Жазушылар одағы екенін ұмытпайық. Бұл игі іске, әсіресе белгілі сатириктер Темірбек Қожакеев пен Қазыхан Әше үлкен үлес қосты.

Атақты актер Чарли Чаплин жаңбыр төпеп жауып тұрғанда қолшатырсыз саябақ ішінде ұзақ серуендейді екен. Бір журналист: «Сэр, жаңбыр шелектеп жауып тұрғанда сізді паркпен жиі көреміз. Оның себебі неде?» — деп сұрақ қойыпты. Сонда Чаплин: «Мына іріп-шіріген қоғамда аяқ басқан сайын әділетсіздік, адам құқын таптау, байлық пен ақшаны ұлттық мүдденен жоғары қою, шын талантты бағаламау жиі-жиі кездеседі. Мен осыларды ойлап, жүрегім сыздайды, жаным ауырады. Кейде нөсер жаңбырдың астында жүріп, өзімнен-өзім жылап аламын. Көз жасымды жаңбыр жуып, жылағанымды ешкім көрмейді», — деп жауап берген екен.

Осы залда отырған бәріміздің тағдырымыз ұлы актер Чарли Чаплиннің тағдырына ұқсас. Үлкен талант иесі сияқты жаңбырдың астында жүріп жыламасақ та, іштей өкситін кезіміз аз емес. Өйткені бәріміз қазақтың ертеңгі болашағын, елдің амандығын, ана тіліміздің жойылып кетпеуін, ұлттық әдебиетіміздің шаңырағының өшпеуін, әділетті қоғам орнауын ойлап, түнгі ұйқымыз төрт бөлінеді.

Аман болайық, ағайындар! Ұлт мүддесі үшін қолымыздағы қаламды тастамай, қазақтың болашағы үшін қызмет етейік.

Редакторлар кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП

Бас редактордың орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға,
ӘБДІКҰЛЫ Төлен,
БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап,
ЕЛУБАЙ Смағұл,
ИРАН-ҒАЙЫП,
КӨПІШ Әшірбек,
ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас,
ҚАНАЗ Молдахмет,
ҚОШЫМ-НОҒАЙ БАЙБОТА
МЕДЕТБЕК Темірхан,
НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ Бексұлтан,
НҰРМАҒАМБЕТОВ Тынымбай,
ОРАЗАЛИН Нұрлан,
САПАРБАЙ Исраил,
СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек,
СЕЙСЕНБАЕВ Роллан,
СМАТАЕВ Софы,
ШАХАНОВ Мұхтар,
ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Еркін ЖАППАСҰЛЫ,
Еділбек ДҮЙСЕН

Мәдениет және руханият бөлімі:
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙЫЗЫ
Жүніс ОМАР

Art-редактор
Марат СӘБДІКЕН

Компьютер орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректорлар:
Айнаш ӘЛДИБЕК,
Гүлбану ЕРКІН
Меншікті тілшілер:
Астана қаласы,
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,
Қарағанды, Ұлытау облыстары
Айтбай СӘУЛЕБЕК,
Алматы облысы
Ержан ТОҚТАРҰЛЫ
Абай облысы
Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ
Ақтөбе облысы
Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ
Атырау облысы
Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА
Батыс Қазақстан облысы
Мәріле ФИЛЫМХАН
Жамбыл облысы
Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ
Жетісу облысы
Жангелді НЕМЕРЕБАЙ
Қостанай облысы
Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ
Қызылорда облысы
Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА
Маңғыстау облысы
Сағындық РЗАХМЕТ
Павлодар облысы
Серік ЕЛІКБАЙ
Түркістан облысы
Айдар СЕЙДӘЗІМ
Шығыс Қазақстан облысы
Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ
Шымкент қаласы
Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ

Кезекші
Еркін ЖАППАСҰЛЫ

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:
8 (727) 272-88-17
e-mail:
Kazakh_adebiety@mail.ru
Мекенжайымыз:
050009. Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы,
105-үй. 3-қабат.

Индекс 65353

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г күнелігі берілген.

Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223-В. • Фотсеттік басылым.

Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Тарауымыз 15 000. Тапсырыс 895